- **Техническое мастерство.** В ансамбле ударных инструментов у каждого инструмента есть свои специфические технические навыки. Развитие этих навыков с помощью стильных рекомендаций помогает улучшить мастерство исполнителей.

В заключение следует отметить, что ансамблевая игра на ударных инструментах является сложной и привлекательной областью музыкального искусства, включающей несколько направлений. Стильовые рекомендации в исполнении играют ключевую роль в улучшении мастерства исполнителей и повышении художественного выражения музыки. Правильное применение стильных рекомендаций обеспечивает эффективную работу ансамбля и дает исполнителям возможность достичь высокого уровня технической и художественной выразительности.

Список литературы

1. Холов Т. Узбекская национальная музыка. Ташкент: Шарк, 2015.
2. Шамсиёев С. Музыкальное исполнение и его виды. Ташкент: Союз писателей Узбекистана. 2019.
3. Қўчқоров Н. Музыкальные инструменты и их исполнение. Ташкент: Академнашр, 2018.

4. Смит М. Percussion Ensemble: A Guide to Performance. Нью-Йорк: Hal Leonard, 2017.
5. Джексон У. Rhythm and Percussion: The Art of Playing in an Ensemble – Лос-Анджелес: Oxford University Press. 2017.
6. Расмуссен К. African Drumming: A Beginner's Guide. Чикаго: World Music Press. 2002.

Алжанова Айжан Умыржановна
преподаватель по классу скрипки
КГКП «Карагандинский колледж искусств им.Таттимбета

Карманова Жанат Алпысовна
доктор педагогических наук, доцент кафедры «Педагогика и психология»
Карагандинского университета имени академика Букетова.
Республика Казахстан, г. Караганда
Alaikosha86@mail.ru

Модель формирования мотивационной сферы обучающихся в области музыкального искусства в условиях колледжа

Изучение мотивации обучения является центральной проблемой дидактики и педагогической психологии. Проблема низкой мотивации к обучению не обошла стороной и сферу музыкального образования. На сегодняшний день музыкальное искусство в Республике Казахстан находится не на пике своего развития и требует поддержки государства и общества. Система образования в сфере музыкального искусства строится на трех ступенях: детская музыкальная школа - колледж искусств - консерватория (академия, университет). Рассматривая образовательные взаимосвязи в первых двух ступенях образования - детская музыкальная школа и колледж-искусств- можно отметить следующее:

1.Программа детских музыкальных школ рассчитана на семь лет обучения, тогда как требования к абитуриенту, поступающему в учебное заведение организаций Технического и Профессионального образования, к которым относятся все колледжи-искусств, предполагают наличие аттестата о среднем образовании, то есть, девятилетнее образование. Тем самым образуется "вакуум" в два года между окончанием детской музыкальной школы и поступлением в колледж-искусств. За эти два года обучающийся либо теряет полностью интерес к музыкальной профессиональной деятельности, либо теряет соответствующую квалификацию для вступительных экзаменов.

2.Образовательный процесс в детской музыкальной школе не имеет стимулов для получения последующего профессионального музыкального

образования обучающимися. Система оценивания портфолио педагогов детских музыкальных школ для получения или подтверждения квалификационной категории не предусматривает в своих правилах условия или поощрения за доведение обучающегося до поступления в колледж-искусств, хотя, именно этот критерий и является самым верным при оценке педагогической деятельности и оценке уровня мотивационной сферы как обучающегося ДМШ, так и самого педагога.

Эти обстоятельства способствуют тому, что обучающиеся колледжа-искусств имеют слабо сформированную мотивационную сферу, которая выражается в низкой успеваемости, среднего качества получения знаний и умений в обучении музыкальному искусству. Особенность организаций ТиПО состоит в том, что образовательная программа рассчитана на срок 3 года и 10 месяцев, и ее цель – сформировать готовых специалистов в области музыкального искусства, способных быть исполнителями, артистами оркестров (ансамблей), а также педагогами ДМШ. Задача не из простых, в виду перечисленных выше факторов. Вопрос получения образования в организациях Технического и Профессионального образования (ТиПО) активно поднимается на уровне Правительства Республики Казахстан и Президента Республики Казахстан Токаева Касым-Жомарта Кемелевича. В соответствии с Концепцией развития высшего образования и науки Республики Казахстан на 2023-2029 года от 28 марта 2023 года «… система ТиПО будет направлена на решение задач по гарантированному получению навыков первой профессии, будет обеспечен полный охват всех желающих получить бесплатное профессиональное образование на основе государственного образовательного заказа. Организациям ТиПО будет предоставлена академическая свобода в содержании для гибкого реагирования на запросы рынка труда и работодателей»[1]. Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в своем Послании народу Казахстана от 1 сентября 2023 года озвучил следующие ключевые моменты в отношении образовательных учреждений ТиПО: «Мы продолжим реализацию проекта «Бесплатное техническое и профессиональное образование». Ежегодно 50 тысяч абитуриентов поступают на платной основе, 85% из них относятся к категории малообеспеченных. Такое положение нужно исправить. Следует обеспечить стопроцентный охват бесплатным ТиПО по востребованным специальностям» [2].

Действуя в соответствии с актуальной государственной политикой в области организаций ТиПО, наша задача состояла в том, чтобы сформировать мотивационную сферу обучающихся в области музыкального искусства в условиях колледжа. Для той цели нами была разработана модель в виде целого комплекса мер:

1) внедрение новых факультативов в учебный процесс [3];

2) внедрение цифровых технологий в процесс обучения в виде электронного учебного пособия [4];

3) регулярное проведение семинаров и тренингов для обучающихся и преподавательского состава по проблеме формирования мотивационной сферы

обучающихся (рисунок 1. Модель формирования мотивационной сферы обучающихся в области музыкального искусства в условиях колледжа).

Исследование по апробации модели формирования мотивационной сферы обучающихся в области музыкального искусства в условиях колледжа проводилось в организации Технического и Профессионального образования КГКП «Карагандинский колледж искусств им. Таттимбета». В исследовании принимали участие обучающиеся специальности 4S02150100 «Инструментальное исполнительство» в количестве 30 человек, из которых: 15 – студентов контрольной группы, 15 – экспериментальной. Исследование проводилось в период с октября 2023 года по январь 2024 года. Исследование состояло из трех этапов: констатирующий этап (октябрь 2023 года), формирующий этап эксперимента (ноябрь 2023 года – декабрь 2023 года), контрольный этап исследования (январь 2024 года).



Рисунок 1. Модель формирования мотивационной сферы обучающихся в области музыкального искусства в условиях колледжа

В рамках *констатирующего и контрольного этапов* исследования был проведен диагностический комплекс на основе Сводной таблицы А.К.Марковой [5, 69]. А.К.Маркова классифицирует мотивационную сферу обучающихся на шесть уровней, выделяет компоненты, по которым можно оценить уровень мотивации. В своем исследовании мы применили такую же методику для диагностики уровня мотивационной сферы испытуемых контрольной и экспериментальной группы. Диагностика была проведена преподавателями и обучающимися. Необходимо отметить, что данное исследование стало не только основой для констатирующего этапа диссертационного исследования, но и являлось началом формирующего этапа педагогического эксперимента: «… процесс диагностирования у учащихся их мотивов и целей на самом деле уже способствуют их внутреннему осмыслению и саморазвитию. Анкеты или интервью вскрывают на поверхность внутренние мотивы учения не только для учителей, но и для самих учащихся» [5, 67]. На рисунке 2 представлено графическое изображение (в виде диаграммы) средних показателей диагностики каждого компонента преподавателями и обучающимися обеих исследуемых групп на констатирующем этапе.



Рисунок 2. Средний показатель сформированности мотивационной сферы обучающихся (констатирующий этап)



Рисунок 3. Средний показатель сформированности мотивационной сферы обучающихся (контрольный этап)

Результаты исследования:

1.Компоненты «мотив», «цель», «обучаемость» имеют прирост от 3% до 10% в экспериментальной группе, как по мнению экспертной комиссии, так и по мнению самих испытуемых.

2.Обучающиеся проявили большой интерес к обучению с использованием цифровых технологий. Было решено составить электронный учебник по дисциплине «История исполнительского искусства».

3.Примененная диагностическая методика А.К.Марковой была полезна и практично применена самими обучающимися экспериментальной группы для оценивания собственных внутренних мотивов и целей в обучении. По данной таблице можно оценивать процесс обучения в длительном времени и ставить конкретные задачи по повышению каждого компонента мотивационной сферы.

4.Данная модель была также предложена для внедрения в КГКП «Павлодарский колледж искусств» и находится на стадии рассмотрения.

Список литературы

1. Концепция развития высшего образования и науки Республики Казахстан на 2023-2029 года от 28 марта 2023 года https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000248.
2. Послание Президента Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2023 года https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskiy-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588.
3. Типовая учебная программа: Специальность 4S02150100 - «Инструментальное исполнительство» КГКП Карагандинский колледж искусств им. Таттимбета» за 2023-2024 учебный год.
4. Алжанова А., Карманова Ж. Искусство Барокко. Эл.уч.пос. – Свидетельство о внесении сведений в государственный реестр прав на объекты, охраняемые авторским правом №40201 от 06.11.2023г
5. Маркова А., Матис Т., Орлов А. Формирование мотивации учения. М.: просвещение, 1990. 192с.

Ченемисова Лаула Табысбековна
П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі
Алматы қаласы
laulakausar@mail.ru

Музыканың ұлттық құндылықтарды жеткізудегі және оқушыны тәрбиелеудегі рөлі

Музыка – халықтың рухани әлемінің айнасы, ұлттық құндылықтардың жарқын көрінісі. Ол ұлттың мәдениетін, болмысын, тарихын, салт-дәстүрін

жеткізетін маңызды құрал. Әсіресе, қазақ музыкасы халқымыздың рухани мұрасы ретінде ерекше орын алады. Музыка арқылы біз өткенді түсініп, бүгінгі күнді бағалап, болашаққа бағдар жасай аламыз.

Ұлттық құндылықтар арқылы балаға патриоттық тәрбие беруде қазақ тарихын оқыту сондай ақ оның музыкамен байланысы маңызды рөл атқарады. Тарих – оқушыларға өз ұлтының өткені мен бүгінгісін, ерлігін таныстырып, оларды елін сүюге баулитын пән. Батырлар тарихы, тәуелсіздікке жету жолындағы күрестер оқушыларды отансүйгіштікке, ұлттық рухты құрметтеуге үйретеді. Тарих сабақтарында ұлттық батырлар туралы аңыз-әңгімелер, тәуелсіздік жолында ерлік көрсеткен азаматтар жайлы оқытса, балалардың патриоттық сезімі артып, өз елін құрметтеуге бейімделеді. Ал мәдениет әрқашан тарихпен тығыз байланысты. Мәдениет – халықтың өмір салты, дәстүрі, өнері, әдет-ғұрыптары мен дүниетанымының көрінісі. Ол уақыт өткен сайын тарихи оқиғалардың, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың нәтижесінде қалыптасады. Музыка осы аталғандардың барлығын қамтиды. Себебі музыка өнері тұрмыс-салтымызбен, дәстүрімізбен, тарихымызбен, әдет-ғұрыптарымызбен, діни наным-сенімдерімізбен тығыз астасып жатады. Музыка қазақ халқының салт-дәстүрлерін, тұрмыс-тіршілігін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал болып табылады. Шілдехана, бесік жыры, жар-жар, беташар сияқты дәстүрлі әндер ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлігі. Олар тек әуен ғана емес, тәрбие мен дүниетанымның көрінісі.

Қазақ халқының көшпелі өмір салты оның өнері мен тұрмысына, ұлттық киімдері мен тағамдарына әсер етті. Домбыраның әуені мен күйлері дала өмірінің ерекшелігін, еркіндікке деген құштарлықты бейнелейді. Белгілі бір кезеңдегі тарихи оқиғалар мәдениетте көрініс табады. Халықтың басынан өткерген жеңістері, күйзелістері, даму кезеңдері әндерде, эпостарда, бейнелеу өнерінде және сәулет ескерткіштерінде сақталады. Мысалы, қазақтың батырлық жырлары ел қорғаған ерлердің ерлігін дәріптесе, күйлері тарихи оқиғалардың эмоциялық көрінісін жеткізеді (мысалы, "Ақтабан шұбырынды" кезеңіне арналған күйлер). Музыка мәдениеті әрқашан тарихпен ұштасып жатады, өйткені музыка – белгілі бір кезеңнің тарихи оқиғалары мен қоғамның рухани бейнесін жеткізетін ең ықпалды өнер түрлерінің бірі. Ол халықтың дүниетанымын, әлеуметтік жағдайын, тұрмысын және тарихи даму жолын бейнелейді. Музыка арқылы халықтың басынан кешкен тарихи кезеңдері бейнеленеді. Мысалы, қазақ халқының күйлері мен әндері елдің азаттығы, шапқыншылықтар, ұлт-азаттық күрестер сияқты тарихи оқиғаларды суреттейді. Құрманғазының «Сарыарқа» күйі – қазақтың еркіндікке деген құштарлығының жарқын үлгісі, ал Дәулеткерейдің шығармалары өз дәуіріндегі өмір мен табиғатты бейнелейді. Музыка мәдениеті халықтың тарихи болмысын, салт-дәстүрін және өмір салтын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді. Қазақтың домбыра, қобыз, сырнай сияқты ұлттық аспаптары тарихтың тереңінен сыр шертіп, халықтың мәдениетінің ерекше белгілері болып табылады. Белгілі бір тарихи кезеңдегі әлеуметтік-мәдени ахуал музыка арқылы көрініс табады. Мысалы, XIX ғасырдағы сал-серілер дәуіріндегі Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайдың шығармашылығы қазақ қоғамының рухани байлығын, табиғатпен

үйлесімді өмірін паш етеді. Ал ХХ ғасырдың басындағы әндерде отаршылдыққа қарсылық, тәуелсіздікке ұмтылыс сарыны байқалады. Музыкалық шығармаларда белгілі бір тарихи оқиғалар мен тұлғаларға арналған туындылар көп кездеседі. Мысалы, «Елім-ай» әні – жоңғар шапқыншылығы кезеңіндегі халық қайғысының музыкалық символы. Әрбір тарихи кезең музыка мәдениетіне жаңа бағыттар мен стильдер әкелді. Бұл өзгерістер сол кезеңнің саяси, экономикалық және рухани жағдайымен тығыз байланысты. Мысалы, Кеңес дәуірінде қазақтың дәстүрлі музыкасына классикалық жанрлар мен еуропалық стильдер ықпал етті.

Музыка – адамзат мәдениетінің ажырамас бөлігі, халықтың рухани әлемін, дәстүрі мен құндылықтарын жеткізуші ерекше құрал. Әсіресе, ұлттық музыка елдің өткенін, бүгінін және болашағын жалғайтын алтын көпір ретінде маңызды рөл атқарады. Білім беру саласында музыканың тәрбиелік мәнін пайдалану – өскелең ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, оларды елжандылыққа, адамгершілікке баулудың тиімді тәсілі.

Ұлттық музыка халықтың тарихы мен мәдениетінің бейнесі. Оның әуендері, ырғақтары, мазмұны ұлттық болмысты сипаттайды. Ән мен күй халықтың басынан өткен оқиғаларын, дәстүрлері мен дүниетанымын бейнелеп қана қоймай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Мысалы, қазақтың халық күйлері мен әндері елдің көшпелі өмір салтын, тұрмысын, табиғатпен байланысын, ерлігін және махаббатын бейнелейді. Құрманғазы, Дина, Тәттімбет сынды күйшілердің шығармалары арқылы қазақ халқының батырлық рухы мен еркіндікке ұмтылысы көрініс тапқан. Ал Ақан сері, Біржан сал, Жаяу Мұса сияқты әншілердің шығармалары халықтың нәзік сезімдері мен өмірлік құндылықтарын терең түсінуге мүмкіндік береді. Музыка – адамның сезімдерін оятып, жүрегіне әсер ететін қуатты құрал. Әсіресе, бала тәрбиесінде оның маңызы зор. Музыка арқылы балаға жақсылықты, әдемілікті, әділдік пен адамгершілікті сезіндіруге болады.

Оқу процесінде музыка сабағын ұлттық тәрбие беру мақсатында қолдану ерекше нәтижелер береді. Музыка адамдардың сезімдеріне әсер етіп, рухани байытатын ерекше өнер. Әсем әуендер мен мағыналы әндер адамның жан дүниесіне жақсылық пен мейірім ұялатып, адамгершілікке тәрбиелейді. Мысалы:

1. *Елжандылықты қалыптастыру:* Халық әндерін, күйлерін орындау арқылы оқушылардың бойында өз еліне деген мақтаныш сезімі оянады.
2. *Тарихты тану:* Музыка тарихты сезінуге мүмкіндік береді. Белгілі бір ән немесе күйді үйрену барысында оқушылар сол туындының тарихымен және оның шығарушысының өмірімен танысады.
3. *Рухани даму:* Ұлттық музыка адамның ішкі жан дүниесін байытып, рухани өсуіне ықпал етеді.
4. *Әдеп пен тәрбие:* Халық музыкасы балаларды үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету сияқты құндылықтарға баулиды.

Музыка – халықтың рухани әлемінің айнасы, ұлттық құндылықтардың жарқын көрінісі. Ол ұлттың мәдениетін, болмысын, тарихын, салт-дәстүрін жеткізетін маңызды құрал. Әсіресе, қазақ музыкасы халқымыздың рухани

мұрасы ретінде ерекше орын алады. Музыка арқылы біз өткенді түсініп, бүгінгі күнді бағалап, болашаққа бағдар жасай аламыз.

Музыканың ұлттық құндылық ретіндегі мәні

Тарихтың тірі куәгері Қазақ музыкасы – ұлт тарихының ең терең беттерін ашатын өнер. Құрманғазы, Тәттімбет, Дина сияқты күйшілердің шығармалары арқылы халықтың еркіндікке деген ұмтылысы, қуанышы мен қайғысы бейнеленген. Мысалы, Құрманғазының «Сарыарқа» күйі қазақ халқының еркіндік пен тәуелсіздікке деген арманының музыкалық символы.

Ұлттық рух пен болмыстың көрінісі Музыка ұлттың мінез-құлқы мен дүниетанымын көрсетеді. Қазақтың әндері мен күйлері туған жерге, табиғатқа, отбасыға деген махаббатты, ел мен жерді қорғауға деген рухты бейнелейді. «Елім-ай» сияқты халық әндері арқылы ұлттың жан дүниесін түсінуге болады.

Салт-дәстүрді сақтаушы Музыка қазақ халқының салт-дәстүрлерін, тұрмыс-тіршілігін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал болып табылады. Шілдехана, бесік жыры, жар-жар, беташар сияқты дәстүрлі әндер ұлттық құндылықтардың ажырамас бөлігі. Олар тек әуен ғана емес, тәрбие мен дүниетанымның көрінісі.

Рухани тәрбие құралы Музыка адамдардың сезімдеріне әсер етіп, рухани байытатын ерекше өнер. Әсем әуендер мен мағыналы әндер адамның жан дүниесіне жақсылық пен мейірім ұялатып, адамгершілікке тәрбиелейді.

Музыканың тәрбиелік мүмкіндіктері

*Патриотизмді қалыптастыру*Ұлттық музыка арқылы жас ұрпақтың бойында өз еліне, жеріне деген мақтаныш пен сүйіспеншілік сезімін қалыптастыруға болады. Қазақ күйлерінің шежіресі мен халық әндері оқушыларды елжандылыққа баулиды.

Эмоциялық және эстетикалық даму Музыка адамның эмоциясын тәрбиелеп, сұлулықты бағалауға үйретеді. Күйлер мен әндердің әуезділігі оқушылардың көркемдік-эстетикалық талғамын дамытады.

Ұлттық сана-сезімді қалыптастыру Музыка оқушылардың ұлттық болмысы мен дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Оларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және сақтауға үйретеді.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту Музыканы орындау, тыңдау және түсіну арқылы балалардың шығармашылық қабілеттері дамиды. Домбыра тарту, ән айту сияқты өнер түрлері оқушыларды шығармашылыққа жетелейді.

Музыка сабақтарын ұйымдастырудың тиімді тәсілдері

Ән айту мен аспапта ойнау: Оқушыларға домбыра, қобыз сынды ұлттық аспаптарды үйрету арқылы олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға болады.

Музыкалық шығармаларды талдау: Сабақта белгілі бір күй немесе әннің мазмұнын талдау арқылы оқушылардың тарихи танымын кеңейту.

Шығармашылық жұмыстар: Оқушыларға өздеріне ұнайтын ұлттық музыкадан шабыт алып, өлең немесе шағын әуен шығаруға мүмкіндік беру.

Музыка мен өнер интеграциясы: Музыканы қазақ әдебиеті, тарих және бейнелеу өнері пәндерімен байланыстыра оқыту оқушылардың кешенді білім алуына ықпал етеді.

Музыка – ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтардың ажырамас бөлігі, оны әр ұлттың тілі, тарихы мен салт-дәстүрін сақтап жеткізетін ерекше құрал ретінде қарастыруға болады. Қазақ халқының бай музыкалық мұрасы жас ұрпақты тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Музыкалық тәрбие беру арқылы оқушыларға ұлттық құндылықтарды жеткізу, олардың рухани әлемін байытып, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі.

Қорыта келе музыканың – халықтың тарихи жадын сақтаушы әрі ол өткеннің іздерін өшірмей, заманауи ұрпаққа рухани құндылықтарды жеткізетіні белгілі болды. Әрбір күй мен әннің артында тарих жатыр, олар халықтың ішкі жан дүниесін, арман-мақсаттарын, қайғысы мен қуанышын баяндайды. Музыка мәдениеті мен тарих бір-бірімен тығыз байланысты, өйткені музыка – тарихты сезінудің, түсінудің және жеткізудің ең әсерлі тәсілдерінің бірі. Халықтың музыкалық мұрасын зерттеп, дамыту арқылы біз тарихымызды құрметтеп, оны болашақ ұрпаққа жеткізе аламыз. Сондықтан музыка мәдениеті – халықтың рухани қазынасының ажырамас бөлігі және оның мәңгілігінің кепілі.

Музыка арқылы ұлттық құндылықтарға оқушыларды тәрбиелеу – олардың рухани дамуын, ұлттық болмысты сүю мен құрметтеуді қалыптастыратын маңызды қадам. Музыка сабағы мен өнер үйірмелері арқылы ұлттық мәдениетті ұрпаққа жеткізіп, жастардың бойына халқымыздың салт-дәстүрін, адамгершілік пен отансүйгіштік қасиеттерді сіңіру – мектептің басты міндеттерінің бірі. Музыка арқылы берілетін ұлттық құндылықтар балалардың бойында өз ұлтына деген мақтаныш сезімін оятып, еліміздің ертеңіне деген сенімді нығайтады. Музыка – ұлттық құндылықтардың ең жарқын және әсерлі жеткізушісі. Оның көмегімен жас ұрпақты тәрбиелеу – олардың рухани және мәдени дамуына, ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға ықпал етеді. Білім беру саласында ұлттық музыкаға ерекше көңіл бөлу – ел болашағының жарқын болуына негіз болары сөзсіз. Сондықтан әрбір ұстаз музыка сабағы арқылы балалардың жүрегіне ұлттық рух пен адамгершілік дәнін сеуіп, болашақ азаматтарды тәрбиелеуге ұмтылуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ орта мектебі 3-сынып ән-күй сабағының бағдарламасы және әдістемелік нұсқау. Сорос Қазақстан қоры / Ш.Б.Құлманова, Б.Р.Сулейменовамен авторлық бірлестікте. Алматы; Өнер, 2001. 54 б.
2. Райымбергенов Э., Райымбергенова С., Жалпы білім беретін қазақ орта мектебінің ән-күй сабағына арналған “Мұрагер” бағдарламасы 1-4 кластар. Алматы: РБК, 1994. 79 б.
3. Есенұлы А. Күй тәңірдің күбірі. Алматы: Дайк- Пресс, 2001 208 б.
4. Бекенов У. Күй көтерді көңілдің көкжиегін. Алматы, 1975.
5. Жәрдемәлиева Р. Хрестоматия музыкального образования в Казахстане. Алматы, 2004.
6. Жұбанов Қ. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы жөнінен. Алматы, 1980.

7. Жұбанов А. Қазақ композиторының өмірі мен творчествосы. Алматы, 1962. 215 б.

Есеналиева Дана Асылбековна
Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі
«Қазақ халық аспаптары» ПЦК оқытушысы
Алматы қаласы, Қазақстан
dana.jaks.2012@mail.ru

Оқушының қобызда ойнау шеберлігін дамыту

Аннотация: Мақалада көнеден бүгінге дейін келе жатқан қасиетті қобыз аспабының құрылысы, түрлері, аспапта отыру және қол қойылымы, сонымен қатар сол қол саусақтарының ішек бойына орналастыру, әр түрлі штрихтармен дыбыс шығару тәсілдері, ысқышты дұрыс жүргізу техникалық шеберлігі, техникалық шеберлікті дамыту үшін жаттығулар, этюдтар мен гаммалар. Қыл қобыз аспабын үйрену әдістерін бірте- бірте сатылап үйрену үшін аспаптың диапазоны мен тембіріне сай жаттығулар мен шығармаларды тауып пайдалану. Сонымен қатар қылқобыз шығармаларын, күйлерін үнемі тыңдату турасында айтылады.

Кілттік сөздер: қобыз аспабы, ысқыш, жаттығулар, штрихтар, этюдтар, гаммалар, күй, қобыз құрылысы, қобыз түрлер, аспап диапазоны.

Қобыз – таңқаларлық пішінді және ғажайып сазды,
бай тембрлі аспап.
Біреулер оны құс даусына ұқсатады:
«Оның даусы аспаптың шегін
аттың жалынан керілген қылдан тартылған
еспе ысқышпен үйкелегенде аққудың
үніне ұқсас дауыс шығады».
(П. Паллас)

Қобыз – көнеден қазақ халқының музыкалық аспабы, Ұлттық мәдениетіміздің алтын діңгегі. Скрипка аспабының атасы. Қобыздың арғы тегі садақ-тан шыққаны ғылыми түрде дәлелденген. Аспап ысқышы бар ішекті аспаптардың қатарына жатады. Өнер киесін арқалаған бабаның өнегесін қадірлеп, өткенді ұмытпай, бабалар жолын жалғастыру үшін қажет. Осы мұраны танып меңгеру бүгінгі, келешек ұрпақтар үшін парыз десек, оны жас ұрпаққа үйретіп, олардың бойына сіңіру, білікті ұстаз мамандардың міндеті. Сондықтан, халық арасынан шыққан қобыз өнеріне үлес қосқан әр кезеңдегі дарын иелері және олардың шығармаларымен танысып, бүгінгі мәдениетіміздің алтын қорына айналған қобыз аспабының құдіретін, оның сарынын баяндауды мақсат етіп келемін.

Қоңыр үнді қобыз ғасырлар сырын жетелейтін киелі аспап. Қобыз десе біздің санамызға Қорқыт ата түседі. Қорқыт бабамыздан қалған қасиетті қара қобыз ғасырдан - ғасырды жалғап, сазды сарынын үзбей қазақ халқының қуанышы мен қайғысын жеткізіп келеді. «Қобыз өнерінің толық сипаттамасын анықтау үшін музыкалық тілінде тән заңдылықтары мен ерекшеліктерін айқындау қажет.

Сөз орайында қобыз құрылысының атауларын келтіре кетудің де артықтығы жоқ. Қобыздың «құлағы», «мойыны», «шанағы», «ішегі», «қапталған терісі» немесе «көні», «тиегі» деген атаулары бар. Ал, шалып тартатын бөлігі ел ішінде «ысқыш» деп аталады. Қазақтың дәстүрлі ұғымында «нарқобыз», «қылқобыз», «прима қобыз», «бас қобыз», «альт қобыз», «контрабас қобыз» деген сияқты атаулары қобыздың құрылысына байланысты болады. Бұл атаулардың қай-қайсысы да әрдайым қобыздың дыбыстық ерекшелігін білдіреді [3, 6].



1-сурет. Қобыздың түрлері



2-сурет. Қылқобыздың құрылысы

Қылқобыздың ішегін әрбір орындаушы өзі немесе шеберге апарып салдыруға, ауыстыруға болады. Бір ішекке 60-70, екіншісіне 50-60 талы жылқының ұзын құйрық қылынан тағылады. Екі ұшы өріліп төменгі ұшын түймеге, жоғарғы жағы құлағына керіледі.

Қылқобызды меңгерудің алғашқы сатысы дұрыс ұстап отыру, саусақтарды ыңғайлы қою, ысқышты ұстап үйренуден басталады. Орындықтың шетіне шалқаймай тіке, сәл алға еңкейіп отырып, басын сол иыққа ыңғайлы етіп сүйеп немесе еркін бос жіберсе де болады, төменгі шанағын екі тізенің арасына қысып ұстайды. Сол аяқты сәл алға таман ұстаған дұрыс. Аспапты ұстап отыру кезінде қисаймай денені бос ұстау керек [3, 5].

Ысқышты ұстаудың тәсілі. Сұқ саусақпен ортаңғы саусақ яғни шыбықтың үстіне, үшінші саусақ шыбық пен қылдың арасына кіріп, бармақ сұқ саусаққа қарама қарсы болады. Қаламсапты көлденен ұстағанға ұқсайды.

3-сурет. Ысқышты ұстау әдісі

Ысқышты төмен жүргізу П, жоғары жүргізу V белгілермен белгіленеді. Ысқышқа канифоль жағу керек. Канифольсыз дыбыс шықпайды. Ысқышты дұрыс жүргізіп дағдылану –дыбыстың әдемі шығуының бірден бір жолы. Ол үшін оң қол мен сол қолдың қимылының бір-бірімен байланыстығы керек. Алғашқы кезде оқушылар ысқышты үнемдеуді білмей сілке тартып, тездете жүргізіп ұзақ ноталардың соңына дейін жеткізе алмай қалады. Ысқышты үнемдеп жүргізу шығарма ырғағының бірқалыпты болуы. Сондықтан қобыз үйренудің алғашқы әдісінен бастап қай тұсында дыбысы жақсы шығатынын байқап, ысқышты үнемдеп әр бөлігін дұрыс қолданып жүргізген жөн.

1-кесте. Ысқышты ашық ішекте жүргізу.



Оң қол ысқышты жүргізіп үйрене бастағаннан кейін сол қолды басып I позицияға сай гамма арпеджиолар шағын көлемдегі шығармаларды ойнап жаттығуға болады [3, 8].

2-кесте. Алғашқы сол қолды қосып ысқышты жүргізу.



Қобыз ойнаудағы ең басты мәселе дыбыс тазалығын оқушы сезіне білген жөн. Дыбысты дәл тауып жоғары төмен деп құлақ күйін дұрыс келтіріп фортепиано аспабында қосылып ойнау. Үнемі шығармаларын тыңдату және дауыспен айтқызу.

Қылқобыз аспабы әрқилы тәсілдер мен штрихтарға бай. Штрих дегеніміздің өзі ысқышты әртүрлі жүргізіп, әсем дыбыс шығару. Негізгі штрихтардың түрлері: деташе, легато, портаменто, маркатог, стаккато. Тәсілдер: флажолет, трель, вибрация, форшлагтар, глиссандо. Осы тәсілдерді пайдалана отырып шығарманы түрлендіріп ойнауға болады.

Деташе шығарманың ырғағы мен сипатына қарай толық немесе ысқыштың әр бөліктерінде: ортасында, төменгі, жоғарғы жартысында орындалады.

Мысалы:

3-кесте. Деташе штрихын ойнау.



Легато (біріктіріп) – ысқыштың бір бөлігінде екі немесе бірнеше дыбыс байланыстырыла ойналады. Лига бойында неше нота болса, соған ысқышты үнемдеп жұмсай білу [3, 13].

4-кесте. Легато штрихын нотада белгілеу



Маркато – қобыз күйлерінде көп кездесетін штрихтардың бірі. Яғни акцентті деташе. Дыбыстың басында акцент беріп нұқи жылжыту.

Пиццикато – ол шертіп ойнау тәсілі. Аспапта дыбысты ысқышпен емес, саусақпен шертіп ойнау. Қобыз күйлерінде садақтың атылғанын суреттегенде, сол қолдың бірінші саусағымен ішекті тартып қалып ойналады. Мыс: «Аққу» күйінде кездеседі.

Қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан аңыз–ертегілерін, әндері мен күйлерін халық таланттары ақындар мен жыраулар, әншілер мен күйшілер асыл мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, көзінің қарашығындай сақтап келген. Халқымыздың рухани жан серігіне айналған музыкалық төл аспаптардың бірі - қобыз.

Қобыз сазында жан жүйені шымырлатып, жүректі толқытатын ерекше үн бар. Оның адам даусына ұқсас қоңыр қою дыбысы, қыл ішектен төгілген мұңды үні тыңдаушы көңіліне ұялап, халқымызға сан ғасыр рухани азық болып келеді.

Қобыз күйлерінде ғасырлар бойы шыңдалып, қалыптасқан өзіндік орындаушылық ерекшелік бар. Ойнау әдісінің қиындығына қарамастан қылқобыз аспабы ертеде халық арасында өте кеңінен тараған және қобызшылардың ойнау мәдениеті жоғары дәрежеде болған. Қобыз күйлері кварта және квинта бұрауында орындалады. Квинта бұрауында құлақ күйі кіші октаваның ре, ля нотасына бұралады да, нотасы бірінші октаваға жазылып, орындалғанда октава төмен естіледі. Күйлерде трель, форшлаг, глиссандо портаменто, акцент, флажолет т.б тәсілдері кездеседі.

Портаменто тәсілі - оң қолмен ысқышты басыңқырап, ноталардың дыбыс күшін бірдей етіп, оны аздап созыңқырап ойнау деген сөз. Дыбыс аралығында үзіліс болмайды.

Келесі кездесетін дыбыс шығару тәсілі трель деп аталады. Негізгі дыбыс пен көрші дыбыстың алма кезек алынуы арқылы жасалады.

1. Негізгі дыбысты саусақпен ала отырып, дыбыс күшін ұлғайтып, сол қол буынын ерсілі қарсылы тербеп, ішекке саусақты қаттырақ басып ойнау. Трель шығарудың бұл тәсіліне tr__б деген белгі қойылады. Мұндағы «б» әрпі күйді ойнаған кезде сол қол буыные ерсілі қарсылы тербеу деген мағынаны білдіреді.

2. Сол қол саусақтарының қобыз шанағының төменгі жағын керіліп тартылған тері қақпағын үстінен жиі басып, тербеп ойнау. tr__т белгісі қобыз шанағының төменгі жағындағы керілген теріні сол қол алақанымен жиі–жиі тербеу арқылы орындалады деген сөз.

Қобыз күйлерінде көп кездесетін орындаушылық тәсіл глиссандо дыбыстан-дыбысқа көшкенде саусақты ішектің бойымен сырғыта жылжыту арқылы алынады. Глиссандо әдісі қобызда ұшқан құсты, жүгірген аңды, қасқырдың ұлығанын бейнелеген кезде, күйді әсерлеген жерлерде қолданылады. Бұл тәсіл сонымен қатар, күйдің соңында немесе бір дыбыстан екінші дыбысқа бір не жарты тон көшкенде кездеседі. Қылқобызда глиссандо тәсілін қолданғанда, мәселен дыбысты бір тонға жылжыту керек болса, саусақты жарты тондық мөлшерде, тон қажет кезде төрттен бір тонға ғана жылжытып, ішекті сол нотаны алатын саусақпен оңға қарай басыңқырап, созып орындайды. Бұл жағдайда орындаушы дыбысты өзінің есту, қабылдау қабілетімен әсерлейді. Форшлаг –шығарманы көркемдеп, әрлеу үшін қобыз күйлерінде өте көп

кездесетін тәсілдер. Форшлаг майда ноталар мен негізгі дыбыстың алдынан белі бір сызылып және сызылмай да жазылады. [3,17]

Қобыз аспабы құпия дыбыстарға өте бай. Соның бірі - флажолетпен алынатын обертонды дыбыстар. Флажолеталар ішектің барлық жерінен алына береді. Оны орындағанда ішекті әдеттегіден гөрі әлсіздеу басып, ысқышты тиекке жақынырақ алып, бұрыңғыдан жеңілірек жүргізу керек. Екінші бір түрі бір нотаның өзінен ысқышты неғұрлым тиекке жақындатып, саусақты ішекке әлсіз тигізіп, тағы да бір екі дыбыс және екі октава жоғары дыбыстарды шығаруға болады. Яғни, 1-саусақпен бірінші октаваның си нотасын басып тұрып, ысқышты тиекке жақындата жеңіл жүргізудің арқасында екінші октаваның си мен соль және үшінші октаваның си нотасын алуға болады. Күйлерде кездесетін флажолеталарды жақсы шығару үшін қобызшы жеке дыбыстарды орындау арқылы жаттығуы қажет. Оң қол ысқышты жүргізгенде, сол қол оның жүргізілу жылдамдығына сәйкес ішекті керегінше басып, флажолеталарды әсемдеп шығару керек.

Сол қол саусақтарының ішек бойына орналастыру, әр түрлі штрихтармен дыбыс шығару тәсілдерін үйрендік. Әр тәсіл әр шығармада түрліше кездеседі. Ысқыны дұрыс жүргізу техникалық шеберлікке әкеліп соқтырады. Техникалық шеберлікті дамыту үшін жаттығулар, этюдтар гамма арпеджиоларды үнемі ойнап отыру керек. Содан соң шығарма ойнамас бұрын оған талдау жасап штрихтарын ойнау әдістеріне көп көңіл бөлу керек. Әр дыбысқа көңіл бөліп динамикалық белгілерін сақтай отыру есте сақталудың негізі. Қылқобыз үйрену әдістерін бірте- бірте сатылап үйрену үшін аспаптың диапазоны мен тембіріне сай жаттығулар мен керекті шығармаларды тауып пайдалану қажет. Сонымен қатар қылқобыз шығармаларын, күйлерін үнемі тыңдату. Фортепианоның сүйемелдеуімен қосылып ойнау дыбыстың таза алынуына көп әсерін береді.

Қорытындылай келе білім алушыларды жоғарыда аталған қасиетті қобыз аспабының тарихы, аспаппен жеткен мұраларды таныстыру арқылы азаматтық рухта, олардың дүниетанымын, ой - өрісін кеңейтуге тәрбиелейміз. Сонымен қатар білім алушыларға осы мақсатта бағыт беру, іздендіру көрнекті құралдарды тиімді пайдалану, олардың ынтасын, қызығушылығын арттырады. Заман талабына сай тиімді әдістерді көп қолдану оқушылардың санамен жұмыс істеу дағдысын дамытады. Сонда олар зерек, ойшыл, өте аңғарымпаз болады деген ойдамын.

Әдебиеттер тізімі

1. Жұмабекұлы Ә. Қылқобызға арналған хрестоматия 1-4 сыныптар үшін. Алматы: Білім, 2012. 234 б.
2. Қосбасаров Б. Қобыз өнері. Алматы: Айғаным, 2018. 170 б.
3. Жарқынбеков М. Ғасырлар үні // Қылқобыз үйренушілерге арналған методикалық оқу құралы. Шымкент, 1986. 43 б.

Әбдіхалықова Назгүл Аманғосқызы
Ақтөбе қаласындағы № 1 музыка мектебі
abdykhalykovan@mail.ru

Саз мектебінің білім алушыларына дәстүрлі ән сабағын оқытудың кейбір әдістемелік ерекшеліктері

Аңдатпа: Мақалада балалар музыка мектебінің оқушыларын дәстүрлі ән класында оқытудың әдістемелік ерекшеліктері туралы әдістемелік мәселелердің кейбір ерекшеліктері қарастырылады. Бұл тұрғыдан автор өзінің жеке тәжірибесінің негізінде тиімді сабақ берудің негізгі қағидаттарымен бөліседі. Олардың ішінде: балалардың жас ерекшеліктерін ескеру; дәстүрлі әндердің мәні мен мағынасын түсіндіру; ән орындау техникасын үйрету; аспаптық сүймелдеуді меңгерту; динамикалық және ырғаты сезінуді қалыптастыру; әннің эмоционалды мазмұнын ашу; ұжымдық орындауға үйрету; шығармашылығын дамыту; орындалатын техникалық жатттығулар секілді басымдықтарға назар аударылған.

Кілт сөздер: жас ерекшеліктері, дәстүрлі әннің мәні мен мағынасы, орындау техникасы, аспаптық сүйемелдеу, динамика мен ырғақты сезіну, шығармашылықты дамыту.

Адамзат қай кезде де өзінің ұрпағына білім мен тәрбие беру ісін басты міндеттерінің бірі деп санап келді. Бұл ретте, аталмыш үрдіс ол жай ғана хат танытып, сауат ашудан бастап, түрлі ғылым салаларын меңгертуге дейін үлкен жүйеге айналды. Дегенмен, ол жай ғана білім берумен шектелмей, әсемдікке, руханилыққа тәрбиелеуді де тұраұты жүзеге асырып келді. Соның бірі – балаларға музыкалық білім беру. Ән мен күйдің, әсем әуеннің сырын ұғыну мен меңгеру бастапқыда жекеленген ұстаздардан тәлім алудан басталса, кейін ол үшін арнаулы музыка мектептері ашылды. Мұндай мектептерде ән салудан бастап, түрлі музыкалық аспаптарда ойнаудың тұтас бағдарламалық кешені арнаулы мекеменің, педагогикалық құрамның, әдістемелік жүйенің көмегімен оқытылады.

Бүгінгі таңда балалар саз мектебінің оқыту бағдарламасында классикалық бағыттарда сабақ берудің тұтас мектебі қалыптасты, ол бірнеше жылдардың тәжірибесін қамтиды. Оның ішінде, фортепиано, скрипка, үрмелі аспаптар және т.б. үйретудің оқыту тәжірибелері көптеген ғасырлардан бері келе жатыр. Бұл ретте ерекше көңіл аударулды талап ететіні – ұлттық музыканы, оның ішінде дәстүрлі ән өнерін үйрету. Дәстүрлі ән – қазақ халқының мәдени мұрасы, ұлттық өнеріміздің маңызды бір бөлігі болып табылады. Балалар музыка мектебінде дәстүрлі ән сабағын оқыту – болашақ ұрпаққа ұлттық өнерімізді насихаттап, олардың рухани дамуына ықпал ететін маңызды процесс. Бұл бағытта білім мен тәлім-тәрбие беру «Дәстүрлі әндердің барлығы – халықтың тарихы мен мәдениетінің айнасы, олар тек музыкалық шығармалар ғана емес, әрбір әннің өзінде халықтың көңіл-күйі, тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі жатқан құндылық»

[1] – дегендей балаларға тек музыкалық білім ғана емес, сонымен қатар халықтық мәдениет пен ұлттық құндылықтарды түсінуге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада балалар музыка мектебінің білім алушыларына дәстүрлі ән сабағын оқытудың кейбір әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Осы бір ерекшеліктерді қарастырмас бұрын өзімнің бұл саладағы кездескен кейбір мәселелеріме тоқтала кетпекпін. Жалпы дәстүрлі ұлттық аспаптарды ойнауға немесе ұлттық ән және күйге үйретудің бай халықтық тәжірибесі болғанымен, оны стандартты біріздiлікке түсіру, жүйелеу қиынға түседі. Оның үстіне, әр өңірдің өзіндік мектептері (Батыс мектебі, Арқа мектебі, Сыр өңірі мектебі және т.б.), әрі әр мектептің өзіндік орындау дәстүрі бар. Сол себепті стандартты үйрету әдістемесі бұл жерде аса бір тиімді бола бермейді. Осыған байланысты білікті педагогтің өзінің шеберлігі мен біліктілігі басты орынға шығады. Көп ретте ол қалыптасқан ахуалды өзі ұғынып, педагогикалық импровизацияға баса көңіл аударғаны жөн.

Балалар музыка мектебінің оқушыларының жас ерекшеліктері мен психологиясын ескеру дәстүрлі ән сабағын оқытуда басты назарда болуы тиіс. Балалар тек өздеріне лайықты музыкалық репертуарды ғана қабылдай алады. Педагог оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты әндердің қиындық деңгейін анықтап, оларды музыкалық, техникалық тұрғыдан дұрыс таңдау қажет. Мысалы, кішкентай балаларға қарапайым, әнді тез үйренуге болатын, сөздері жеңіл әндер беріледі. Ал жоғары сынып оқушылары үшін шығармашылық деңгейі жоғары, мәтіні күрделі әндерді орындау ұсынылады.Көп ретте ән-жыр класына келетін баланың дауыстық, тыныс алушылық, темпераменттік, мінез-құлықтық және т.б. ерекшеліктері де әр алуан, сол себепті мұнда бірден топтық жұмыстар жасау, барлық оқушыларға ортақ әдістемені қолдану дұрыс болмас еді. Сондықтан, дәстүрлі ән сабағында оқушыларға орындаушылық дағдыларды жеке тұлғалық сипатта дамыту маңызды. Бұл – дауысты дұрыс қолдану, тыныс алу техникасы, дауыс жаттығулары сияқты аспектілерді қамтиды. Дәстүрлі әнді орындауда қазақ музыкасына тән ерекше техника – «қоңыр үн», «терме» жанры, «төкпелеу» Батыс мектебіндегі «шұбыртпалы ұйқастан» шатыспау, оның сәйкес келетін ұлттық аспаптардың сүйемелдеуі сияқты ерекшеліктерді балалардың жеке психологиялық, ал кейде тіпті физиологиялық, жас айырмаылық ерекшеліктерін ескере отырып үйрету қажет. Бұл үшін әннің эмоционалдық мазмұнын жеткізу үшін ұл және қыз балалардағы дауыс ырғағы мен интонациясына, олардың әр жастағы өзгеруінің ерекшеліктеріне ерекше мән беру керек. Нәтижесінде, әннің әуеніне қарай баланың дауысын қою, тыныс алуын реттеу, оған сәйкес келетін қағыс түрін анықтау жүзеге асады. Осылайша, «...дәстүрлі әннің шынайы мәнін түсіну және орындау арқылы тек техникалық емес, рухани тереңдікке де қол жеткізуге болады....» [2].

1. Балаларға дәстүрлі әндерді орындау барысында ұлттық музыкалық аспаптарымен сүйемелдеп үйрену өте маңызды. Домбыра, қобыз, сыбызғы, шертпе домбыра сияқты аспаптар әннің негізгі құрылымын толықтырып, ұлттық болмысты ашуға көмектеседі. Әсіресе, оқушыларды аспаптармен бірге ән айтуға үйрету дәстүрлі әннің орындаушылық мәнін тереңірек түсінуге мүмкіндік

береді. Домбырамен ән айтудың негізгі техникасын меңгеру, аспаппен бірге ән орындау дағдыларын дамыту оқушының шығармашылық қабілетін арттырады. Қазіргі ән орындау өнерінде, оның ішінде эстрада жанрында да, кей кезде дәстүрлі ән жанрында да кездесіп жүрген кемшіліктердің бірі – ән сөздерін қате айту, буындар мен бунақтардың санына, кезектестілігіне мән бермеу. Сондықтан, әннің сөздерін жатттату, ондағы буындар мен бунақтарды, кейбір сөздердің орамын (оборот) айтылу ерекшеліктері бойынша қадағалау ұстаздың назарынан тыс қалмауы тиіс. Сондай-ақ, әр аймақтың диалектілерін, олардағы сөздердің, кейбір тарихи архаизмдердің, кей кезде неологизмдердің мәнін ұғындыру да ерекше маңызға ие болмақ. «Ән орындаушының басты міндеті – әуен мен сөздің үйлесімділігін сақтай отырып, халықтың жан дүниесін аша білу, әнді орындау барысында оның терең мазмұнын сезіне отырып, тыңдаушыларға жеткізу» [3].

Менің педагогикалық тәжірибемде жиі ұшырасатын қиындықтардың бірі - ән-жыр класына келетін балалардың кейбіреуі, домбыра, сырнай аспаптарын бұрын игермеген, тіпті ұстап та көрмегенде қатарынан болды. Сондықтан, оларды іріктеу кезінде мен аспаптарды ұстауға деген қабілетін, ести білуін, тактіге түсе білуіне ерекше көңіл бөлдім. Сол себепті, оларға ән үйретуден бұрын алдымен аспапты меңгертіп, сонан соң барып, онымен қосылып ән айтуды үйретуге кірістім. Дәстүрлі ән сабағында оқушылардың дауыстық техникасын дамыту үшін арнайы дауыс жаттығуларын енгізу қажет. Әсіресе, балаларға дауысты дұрыс пайдалануды үйрету, тыныс алу техникасын қалыптастыру, дауыс диапазонын кеңейту сияқты жаттығулар оларды ән айтуға қажетті негізгі дағдыларға үйретеді. Мұндай жаттығулар баланың дауысының табиғи және таза шығуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ән орындау кезінде дауыс естілігін басқару, интонация мен әннің өзіне тән ырғақтық құрылымдарын сақтауға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан, Ә. Қашаубаев пен Т.Жұматаев: «Ән өнерінің негізі – халықтың жүрегінен шыққан шын мәніндегі музыкалық шығармалардан тұрады, сондықтан дәстүрлі әндерді орындау тек музыкалық техника емес, халықтың рухани әлеміне терең бойлауды қажет етеді» [4], – дейді.

Тағы бір проблема - көбінесе, біздің ұстаздарымыз, ән мен дауысты қоюға көңіл бөліп, домбыра қағысының ерекшеліктерін, пернені дұрыс ұстауды және басқа да аспаптық технологияларды кейінге қалдырып жатады. Аспапты меңгерту – домбыраны ұстауды, оны ойнаудағы пернені дәл басу, онымен саусақты жүгірту, қағыс түрлерін үйрету – білікті педагогтың есінен шықпауы керек. Ал жас ерекшелігі артқан сайын жас әншінің қағыс түрлерін меңгермеуі, бір ғана стильге бейімделуі, шанаққа тиіп, кейде оны тырнап артық дыбыстар тудыруы, пернені қате басып, дыбыстарды дұрыс шығармауы жәнге басқа да кемшіліктерге әкеледі. Бұл үшін мұғалім кей кезде күй жанрынан сабақ беретін әріптесінің көмегін алып, онымен өз сабақтарын кіріктіре өткізгені де дұрыс болады.

Кей кезде әндерді жатттатып, олардың орындауын қадағалаумен шектелетін ұстаздар да бар. Ал ноталық саут, сольфеджио, өнер тарихы сияқты сабақтар тіпті ұмытылып немесе қағыс қалуы да мүмкін. Сондықтан, дәстүрлі ән-жыр мектебінің мұғалімі үшін – әмбебап маман болу – басты міндет. Әннің

нотасымен таныстыру, оның әуенін қағазға түсіруге, оқи алуға үйрету өз кезегінде музыкалық сауаты бар, нотаны жақсы меңгерген әншіні қалыптап, оның жаңа шығармаларды өз бетімен үйренуге деген талпыныстарын арттырады.

Сонымен қатар, дәстүрлі ән сабағын оқытуда мұғалім тек техникалық дағдыларды ғана үйретіп қоймай, оқушылардың бойында ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік пен құрметті тәрбиелеуі керек. Ұстаз балаларды тыңдауға, жан-жақты дамуға ынталандырып, олардың әрқайсысының жеке ерекшеліктеріне қарай жұмыс істегені жөн. Сабақ барысында оқушыларға өздерін жақсы көрсету мүмкіндігін беру, олардың шығармашылық қабілеттерін бағалау әрі дамыту мотивацияның жоғары болуына көмектеседі. Оқушыларға білім беруде олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту өте маңызды. Сабақта балалардың өздігінен ән шығару, мәтінге импровизация жасау немесе әнге жаңа вариация қосу сияқты шығармашылық жұмыс түрлері ұйымдастырылуы мүмкін. Оқушылардың өз қалауымен әнді жаңаша орындауы, оған өзіндік мән қосуы, шығармашылық тұрғыдан жақындауы олардың музыкалық өрісін кеңейтеді. Дегенмен, «ән орындаушысының басты міндеті – әннің музыкалық құрылымын сақтай отырып, мәтіннің мазмұнын айқын жеткізу. Бұл әдістеме арқылы әнші өзінің эмоциялық әлемін тыңдаушыларға ұсынуы керек» [5]. Мұндай тәсілдер балалардың жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді және олардың музыкалық біліктілігін арттырады.

Дәстүрлі әндер тек музыкалық шығармалар ғана емес, сонымен қатар халқымыздың тарихы, мәдениеті мен дүниетанымының айнасы болып табылады. Балаларға әннің тек әуезін ғана емес, оның сөзін де түсіндіру маңызды. Сабақ барысында әннің мазмұнын талқылап, оның тарихи контекстін, ұлттық құндылықтарды қалай жеткізетінін түсіндіру арқылы оқушылардың музыкалық білімін тереңдетуге болады. Әннің мәтіні мен эмоциялық мәнін терең сезіну оқушының орындаушылық шеберлігін арттырады. Сол себепті, әннің шығу тарихымен таныстыру, оның орындалу ортасын анықтау (той әні ме, тұрмыс-салт па, батырлық дастан ба, махаббат дастаны ма, т.б.) туындыны түйсінуге мүмкіндік береді. Дәстүрлі әндер көбінесе адам өмірінің түрлі сәттерін, табиғаттың сұлулығын, ұлттық тарихты немесе рухани құндылықтарды жырлайды. Балаларға әнді тек орындау ғана емес, оның ішкі мазмұнын түсіну маңызды. Сабақ барысында әннің эмоциялық жағынан қалай берілуі тиіс екендігін түсіндіре отырып, оқушыларға сол әннің қуанышы мен қайғысын, оның терең мәнін сезіндіре білу қажет. «Қазақтың ән өнері өзінің ұлттық нақышымен ерекшеленеді, әрбір әннің орындау ерекшелігі мен техникасы, оның мәнін толық жеткізу үшін әнші тек музыкалық шеберлікті ғана емес, сондай-ақ оның терең философиясын түсінуі керек» [6] - дейді Бұл шығармашылық тәсілдер арқылы балалар әннің ішкі рухын ашуға үйренеді. Еліміздің түрлі өңірлерінің орындаушылық дәстүрлері әр алуан. Бір өңір әндері лирикалық, баяу ырғақты, терең мағыналы, ал енді бір өңірдің әндері жауынгерлік рухқа толы, екпінді, қарқынды болып келеді. Балаларға әнді орындау кезінде ырғақтық сезімді және динамикалық өзгерістерді дұрыс пайдалану да маңызды. Мұндай әндерде, әсіресе, кейде нәзіктік, кейде төкпелік тыныс алу, дауысқа

ұқыптылықпен қарау, ырғақтың дәлдігі маңызды. Сабақ барысында балаларды әннің ырғақтық құрылымын дұрыс сезінуге үйретіп, динамикалық өзгерістерді дұрыс пайдалануға бағыттау керек.

Педагогика саласындағы ерекше маңыз алатын аспектілердің бірі – ұжымшылдық, топтаса білудің маңызын ұғыну. Сол себепті, дәстүрлі ән сабағында балаларды топпен немесе ансамбльде орындауға үйрету өте тиімді. Топтық орындау кезінде оқушылар тек жеке дауыстарына ғана емес, жалпы ансамбльдің үйлесімділігіне де назар аударуы тиіс. Бұл біріншіден, музыкалық сауатты болуды, екіншіден, бірлесіп жұмыс істеу дағдысын дамытуға ықпал етеді. Ансамбльдік орындауда әр баланың дауысын дұрыс сәйкестендіре отырып, топпен үйлесімді ән айтуға үйрету керек. Сондықтан, дәстүрлі әннің мұғалімі, топтық орындау үшін вокалдық қабілеттерді дамыта білуі де маңызды болмақ. Бұл үшін хорда ән айту, вокал ксыныбының мұалімімен кіріктіре сабақ жүргізу тәжірибесін қолдану қажет.

Осы айтылғандарды қорыта келе, балалар музыка мектебінде дәстүрлі ән сабағын оқытудың әдістемелік ерекшеліктері – бұл ұлттық мәдениетті сақтау мен оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу үшін маңызды қадам екенін ескеру қажет. Сабақ барысында балалардың жас ерекшеліктеріне, музыкалық қабілеттеріне сәйкес ән репертуарын дұрыс таңдап, дәстүрлі әндердің мән-мағынасын түсіндіріп, шығармашылық дамуға жағдай жасау керек. Техникалық дағдыларды, ансамбльдік орындауды, эмоциялық мазмұнды жеткізуді үйрету арқылы оқушылар тек музыкалық білім алып қана қоймай, қазақ халқының дәстүрлі ән өнерін терең түсініп, болашақта оны сақтап, дамытуға ат салыса алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жүсіп Қ., Мырза Қ., Сәрсенбаев Ә. Қазақтың дәстүрлі ән өнері. Алматы: Өнер, 2005.
2. Бұл да сонда.
3. Момынова Б., Ерғалиева А. Қазақ халық әндерінің орындаушылық әдістемесі. Алматы: Дәуір, 2008.
4. Қашаубаев Ә., Жұматаев Т. Қазақ музыкасының тарихы. Алматы: Ғылым, 2011.
5. Момынова Б., Ерғалиева А. Қазақ халық әндерінің орындаушылық әдістемесі. Алматы: Дәуір, 2008.
6. Қашаубаев Ә., Жұматаев Т. Қазақ музыкасының тарихы. Алматы: Ғылым, 2011.

Алданазарова Даметкен Нургалиевна
Ақтөбе қаласындағы №1 Балалар музыка мектебі
Қазақстан, Ақтөбе

Музыка мектебінің өзекті мәселелері

Аңдатпа: Қазақстандағы музыка мектептерінің дамуы мен жұмысын жетілдіру маңызды мәселелердің қатарында тұр. Білім беру жүйесінде музыкалық білімнің сапасы мен әдістемелік базасы, оқытушылардың кәсіби біліктілігі, материалдық-техникалық қамтамасыздандыру және қаржыландырудың жеткіліксіздігі сияқты кедергілер музыка мектебінің тиімділігін шектейді. Сонымен қатар, қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру теңсіздігі, шығармашылық әлеуетті дамытуда кездесетін қиындықтар мен заманауи музыкалық бағыттарға деген қызығушылықтың артуы мектептің оқу бағдарламаларын жаңартуды талап етеді. Осы мәселелерді шешу үшін музыкалық білім беру жүйесін жаңғырту, оқытушылардың біліктілігін арттыру, шығармашылық дамуға қолайлы жағдай жасау және ресурстарды тиімді пайдалану қажет.

Кілт сөздер: оқытушылардың біліктілігі, әдістемелік жаңалықтар, қаржылық қиындықтар, материалдық-техникалық қамтамасыздандыру, шығармашылық әлеуетті дамыту, кадр тапшылығы, қала мен ауыл арасындағы теңсіздік, оқу бағдарламаларының ескіргендігі, шығармашылық тәуелсіздік, заманауи музыкалық бағыттар, техникалық жабдықтар мен аспаптар, қаржыландырудың жеткіліксіздігі, оқушылардың қызығушылығы, жаңашыл әдістер мен технологиялар, қазіргі музыка мәдениетіне бейімделу.

Бұл кілт сөздер музыка мектептеріндегі негізгі мәселелерді нақты айқындайды және білім беру жүйесіндегі кемшіліктер мен қажеттіліктерді сипаттайды.

Музыка мектебінің өзекті мәселелері Қазақстандағы және әлемдегі музыкалық білім беру жүйесінің дамуына әсер ететін маңызды факторларды қамтиды. Музыка мектебінің негізгі мақсаттары – балалар мен жастарға музыкалық білім беру, оларды шығармашылыққа ынталандыру және кәсіби орындаушы болуға дайындау. Алайда, бұл процесте бірқатар қиындықтар мен мәселелер туындайды. Қазақстандағы музыка мектептерінің өзекті мәселелерін қарастыра отырып, келесі басты тақырыптарға назар аударуға болады.

1. Музыка білімінің сапасы мен әдістемесі

Музыка мектебінің сапалы білім беру мәселесі әлі күнге дейін маңызды болып тұр. Білім беру жүйесінде оқушылардың музыкалық дағдылары мен теориялық білімдерін дұрыс үйлестіру, қазіргі заманғы әдістемелерді қолдану маңызды. Бірақ көптеген мектептерде дәстүрлі оқыту әдістері мен стандартты оқу бағдарламалары басым болып, заманауи музыкалық бағыттарға (мысалы, поп-музыка, джаз, заманауи композиция) жеткілікті назар аударылмайды.

- **Әдістемелік жаңалықтардың жетіспеушілігі** – Музыкалық білім беру әдістемесі мен оқу бағдарламаларының жаңару қажеттілігі. Әсіресе

ауылдық мектептерде немесе шағын қалалардағы оқу орындарында жаңа әдістер мен техникалар қолданысқа енбеген.

- **Музыка теориясының оқытылуы** – Оқушыларға музыкалық теория негіздерін дұрыс әрі толық түсіндіру маңызды. Қазіргі музыка мектебінде көбінесе тек шығармашылық орындауға назар аударылса да, теориялық білімдер, музыкалық аналитика және композиция сияқты пәндер жиі екінші орынға қойылады.

2. Оқытушылардың біліктілігі мен кәсіби деңгейі

Музыка мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі – оқытушылардың кәсіби деңгейі мен біліктілігі. Музыка мұғалімдерінің педагогикалық және орындаушылық қабілеттері олардың сабақ беру әдістеріне және оқушылардың білім деңгейіне айтарлықтай әсер етеді.

- **Оқытушылардың кәсіби дамуының жоқтығы** – Музыка пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыруға арналған курстар мен семинарлар жеткіліксіз. Бұл әсіресе, жаңашыл әдістер мен технологияларды меңгеруге мүмкіндік бермейді.
- **Кадр тапшылығы** – Кейбір аймақтарда музыка мамандықтары бойынша оқытушылар жетіспеушілігі байқалады. Бұл мәселе әсіресе ауылды жерлерде, шағын қалаларда өзекті болып табылады.

3. Қаржылық және материалдық жағдай

Қазақстандағы музыка мектептерінің көпшілігі қазіргі заманғы құрал-жабдықтар мен ресурстарға мұқтаж. Музыка білімін беруде қажетті материалдық базаның жоқтығы немесе жеткіліксіздігі – үлкен проблема.

- **Аспаптар мен оқыту құралдарының тапшылығы** – Музыка мектептерінде аспаптар мен қажетті музыкалық жабдықтардың жоқтығы немесе ескіргені байқалады. Әсіресе ұлттық аспаптар мен классикалық музыка аспаптарының жеткіліксіздігі мәселесі бар.
- **Қаржыландырудың жеткіліксіздігі** – Музыка мектептерін қаржыландыру көбінесе жеткіліксіз, бұл оқушыларға қажетті құралдарды сатып алуға және оқытушыларға лайықты жалақы төлеуге мүмкіндік бермейді.

4. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту

Музыка мектебінде балалардың шығармашылық әлеуетін ашу – маңызды мақсаттардың бірі. Бірақ кейбір мектептерде стандартты оқу жоспары шығармашылық мүмкіндіктерді толық ашуға мүмкіндік бермейді.

- **Шығармашылық тұрғыда жетіспеушілік** – Оқушыларды тек классикалық шығармаларды орындауға үйрету шығармашылықтың дамуына кедергі келтіреді. Осыған байланысты музыка мектептерінде әртүрлі музыкалық жанрлар мен бағыттарға, әсіресе, қазіргі заманғы музыкаға көбірек көңіл бөлу керек.
- **Әлеуметтік және мәдени қатынастар** – Оқушылардың шығармашылық тұрғыда дамуына ықпал ететін әлеуметтік және мәдени бағдарламалардың аздығы, олардың мәдени тұрғыда әртүрлі жанрларды меңгеру мүмкіндіктерінің шектеулілігі.

5. Мектептер арасындағы теңсіздік

Қазақстандағы музыка мектептері арасында қала мен ауыл мектептері арасындағы айырмашылықтар айқын байқалады. Қаладағы музыка мектептері көбінесе жақсы жабдықталған, онда түрлі бағдарламалар мен конкурстар ұйымдастырылады, ал ауылдық мектептерде бұл мүмкіндіктер шектеулі.

- **Ауылдық музыка мектептеріндегі жағдай** – Ауылдық мектептерде оқушыларға жоғары деңгейде білім беретін оқытушылар мен қажетті құрал-жабдықтардың жоқтығы олардың музыкалық дамуына шектеу қояды.
- **Қалалар мен ауылдар арасындағы білім алуға тең қол жеткізу мәселесі** – Бұл айырмашылық әлеуметтік теңсіздікке әкеліп, ауылдық балалардың өнер саласындағы білім алу мүмкіндіктерін шектейді.

6. Қазіргі музыкалық ағымдар мен мәдениеттің ықпалы

Заманауи музыкалық ағымдар мен мәдениет жас ұрпақтың қызығушылықтарын өзгертуі мүмкін. Музыка мектебі оқушыларына қазіргі музыкалық стильдер мен бағыттарды үйрету, олардың өнер саласындағы жаңашылдыққа бейімделуі аса маңызды.

- **Жастардың қазіргі музыкалық мәдениетке қызығушылығы** – Поп-музыка, рок, электронды музыка сияқты бағыттардың оқушылар арасында танымал болуы, бұл жанрлар бойынша білім берудің қажеттілігін арттырады.

Қорытынды

Қазақстандағы музыка мектебінің өзекті мәселелері – оқыту әдістемесінің жетілдірілуі, кадрларды даярлау, қаржылық жағдайдың жақсаруы, шығармашылық әлеуетті дамыту және оқушылардың музыкалық мәдениетін әртараптандыру. Бұл мәселелерді шешу үшін музыкалық білім беру жүйесін жаңарту, заманауи әдістемелерді енгізу және ауылдық мектептерге қосымша қолдау көрсету қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Мукашева А., Сметов А. История развития детских музыкальных школ в Казахстане. KazNU Bulletin. «Pedagogical sciences» series. No3. 7-8 б.
2. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 544 б.
3. Кабалевский Д. Музыка и музыкальное воспитание (Статьи и выступления разных лет). М.: Знание, 1984. 64 б.
4. Малинковская А. К вопросу моделирования структуры деятельности музыканта педагога / Актуальные проблемы музыкальной педагогики. М., 1982.
5. Глазырина Е. Музыкальное время: определение, уровни, структура. Х/Общее музыкальное образование в спектре актуальных проблем современной педагогики. Сб. научн и метод. статей. Омск, 2000. 125 б.
6. Саидов А. Музыка и духовность. Музыкальное образование в современном мире. Хрестоматия Вып.1. Алматы: Гылым, 2008. 238 б.
7. Добровольская Л. Проблемы приобщения к народным музыкальным традициям младших школьников Казахстана // Образование и наука. Екатеринбург, 2013. № 5. Б. 150–161.

Үмбетова Гүлбану Галимуллақызы
Баян класының оқытушысы
«Қазанғап Тілепбергенұлы атындағы Шалқар ауданының саз мектебі»
МКҚК Шалқар ауданы, Қазақстан Республикасы
gulbanuumbetova.1@gmail.com

Музыкалық және жалпы педагогика: теория, әдістеме, практика

Аңдатпа: Музыкалық және жалпы педагогика – білім беру мен тәрбие саласындағы маңызды бағыттар. Мақалада музыкалық педагогиканың эстетикалық тәрбиедегі рөлі, жалпы педагогиканың әдістемелік негіздері мен қағидалары қарастырылады. Сонымен қатар, екі бағыттың байланысы, пәнаралық сабақтарды ұйымдастыру және интеграциялық тәсілдердің тиімділігі талданады. Психологиялық әдістерді музыкалық білім беруде қолдану оқушылардың эмоциялық жағдайын зерттеуге және олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Мақала білім беру процесінің жаңа тәсілдерін анықтап, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етуді көздейді.

Кілт сөздер: музыкалық педагогика, жалпы педагогика, интеграция, эстетикалық тәрбие, пәнаралық сабақ, психология.

Музыкалық және жалпы педагогика – білім беру жүйесінде маңызды орын алатын екі негізгі бағыт. Музыкалық педагогика оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етсе, жалпы педагогика тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған білім беру үрдісін ұйымдастыруға негізделеді. Осы екі бағыттың өзара үйлесімділігі білім беру сапасын арттыруда ерекше рөл атқарады. Қазіргі замандағы білім беру жүйесі жаңа талаптар мен өзгерістерге толы. Әсіресе, шығармашылық қабілеттерді дамытуға, өнер арқылы тәрбие беруге деген қажеттілік артып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, музыкалық педагогика мен жалпы педагогиканың интеграциясы оқыту мен тәрбиенің тиімді әдістерін жетілдіруде ерекше маңызға ие. Бұл мақалада музыкалық және жалпы педагогиканың теориялық негіздері, әдістемелік тәсілдері және практикалық қолдану ерекшеліктері қарастырылады. Тақырыптың маңыздылығы оқыту процесінің жаңа мүмкіндіктерін ашу және жас ұрпақтың тұлғалық дамуына ықпал етумен анықталады.

Музыкалық педагогика – оқушылардың музыкалық-эстетикалық мәдениетін қалыптастыру мен олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған ғылым мен өнердің бірегей саласы. Оның теориялық негіздері музыка арқылы тұлғаның эмоционалдық және интеллектуалдық дамуын қамтамасыз етуге негізделген. Музыка – тек өнер ғана емес, адамның ішкі әлемін байытып, рухани құндылықтарын қалыптастыратын қуатты құрал [1, 20].

Музыкалық педагогиканың негізгі міндеттеріне музыкалық шығармаларды меңгеру, музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын дамыту, ән айту және музыкалық тыңдау мәдениетін қалыптастыру жатады. Бұл процестер оқушылардың жалпы мәдениет деңгейін арттырумен қатар, олардың өзін-өзі танып білуіне, жеке тұлға ретінде қалыптасуына көмектеседі. Сонымен қатар,

музыкалық педагогика теориясында тұлғалық-бағдарланған тәсіл маңызды орын алады. Әрбір оқушының музыкалық қабілетін ескеру, оның қызығушылықтары мен ерекшеліктерін дамыту білім беру процесінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Осы арқылы оқушылар музыка өнеріне қызығушылық танытып, оны өз өмірлерінің бір бөлігіне айналдыруға мүмкіндік алады.

Музыкалық педагогиканың ерекшелігі – оның эмоционалдық ықпалында. Музыка адамның жүрегіне әсер етіп, эстетикалық талғамын қалыптастырады. Оқу процесінде музыканы пайдалану тек ақпарат берумен шектелмей, оқушының қиялын оятып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осы ерекшеліктер музыкалық педагогиканы жалпы педагогикадан ерекше әрі маңызды сала ретінде айқындайды.

Музыкалық педагогиканың теориялық және тәжірибелік аспектілерін дамыту қазіргі білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл бағыт оқушыларды өнермен таныстырып қана қоймай, олардың болашақтағы шығармашылық әлеуетін арттыруға да ықпал етеді.

Жалпы педагогика – білім беру және тәрбие процесінің теориялық және әдістемелік негіздерін зерттейтін ғылым саласы. Оның негізгі мақсаты – тұлғаның жан-жақты дамуына, интеллектуалдық және рухани қалыптасуына ықпал ету. Жалпы педагогиканың қағидалары білім беру жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оқу-тәрбие процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған [2, 10].

Жалпы педагогиканың негізгі қағидалары мыналарды қамтиды:

1. Тұлғаға бағытталған оқыту қағидасы. Бұл қағида әрбір оқушының жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастыруды көздейді. Әр оқушының даралық қасиеттерін құрметтеу және дамыту – педагогиканың басты міндеттерінің бірі.

2. Ғылымилық қағидасы. Білім беру процесі ғылыми негіздерге сүйенуі тиіс. Оқыту барысында заманауи ғылыми жетістіктерді, жаңалықтарды және әдістерді пайдалану оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға ықпал етеді.

3. Дамытушылық қағидасы. Бұл қағида оқыту мен тәрбиенің тек білім беру ғана емес, оқушының шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталуын талап етеді. Дамытушы орта құру арқылы оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын ояту маңызды.

4. Жүйелілік және сабақтастық қағидасы. Білім беру процесі реттелген, логикалық құрылымға негізделген болуы керек. Сабақтар арасындағы байланыс, білімнің үздіксіздігі және алдыңғы материалдардың жаңа тақырыппен үйлесуі оқушылардың материалды терең түсінуін қамтамасыз етеді.

5. Теория мен практиканың байланысы. Білім беру барысында алынған теориялық білімдер тәжірибе жүзінде қолданылуы тиіс. Практикалық дағдыларды дамыту – оқушыларды болашақ өмірге дайындаудың тиімді тәсілі.

Жалпы педагогиканың басты ерекшелігі – оның универсалдылығында. Ол әртүрлі пәндерді оқытуда қолданылатын жалпы қағидалар мен әдістемелерді қамтиды, бұл өз кезегінде білім беру жүйесінің үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, жалпы педагогика әртүрлі жастағы және қабілет деңгейіндегі оқушыларды оқытуға бейімделе алады.

Қазіргі білім беру жүйесінде жалпы педагогика жаңа технологияларды, инновациялық әдістерді қолдана отырып, заман талабына сай өзгерістер енгізуде. Бұл өзгерістер оқушылардың белсенділігін арттырып, олардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін толық іске асыруға мүмкіндік береді.

Музыкалық және жалпы педагогика – білім беру саласында бірін-бірі толықтыратын екі маңызды бағыт. Олардың өзара байланысы тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған кешенді әдістер мен тәсілдерді қалыптастырады. Бұл байланыс музыканың эмоционалдық әсерін жалпы педагогиканың жүйелі тәсілдерімен үйлестіріп, білім беру процесін байытады.

Музыкалық педагогика эстетикалық тәрбие беру арқылы оқушылардың рухани әлемін қалыптастырады. Ол жалпы педагогиканың тұлғалық-бағдарланған тәсілдеріне сүйене отырып, оқушының ішкі әлеуетін ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, музыкалық сабақтарда қолданылатын шығармашылық тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлау, зейін қою және топтық жұмыс дағдыларын дамытуда жалпы педагогикалық қағидаларға сүйенеді.

Жалпы педагогиканың әдістері музыкалық тәрбиеге де тиімді ықпал етеді. Педагогикалық принциптерді музыкалық сабақтарда қолдану сабақтардың құрылымдылығы мен нәтижелілігін арттырады. Мұнда тұлғаға бағытталған тәсілдер оқушылардың музыкалық қабілеттерін ашуға ғана емес, олардың жалпы оқу процесіне белсенді қатысуына да ықпал етеді. Сонымен қатар, музыкалық және жалпы педагогиканың байланысы шығармашылық қабілеттерді дамытуда ерекше көрініс табады. Музыка – тек өнер емес, оқушылардың эмоционалдық жағдайын реттейтін, зейінін шоғырландыратын және оқуға ынталандыратын қуатты құрал. Жалпы педагогика бұл процесті логикалық құрылымға келтіріп, оқытудың тиімділігін арттырады [3, 42].

Музыкалық және жалпы педагогика бірлесе отырып, оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастырады. Бұл байланыс тек музыкалық өнерді меңгеруге ғана емес, оқушылардың жан-жақты дамуына, оларды қоғамның белсенді және шығармашыл мүшесі ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде музыкалық және жалпы педагогика әдістерін интеграциялау инновациялық тәсілдерді енгізудің маңызды бағыты болып табылады. Бұл байланыс болашақ ұрпақтың мәдениетті, шығармашыл, білімді тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік береді.

Музыкалық және жалпы педагогиканың білім беру саласындағы практикалық қолдану мысалдары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және олардың тұлғалық әлеуетін ашуға бағытталған тиімді әдістерді көрсетеді. Бұл әдістер оқу процесінде музыкалық өнер мен жалпы педагогикалық қағидалардың үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Музыкалық педагогиканы практикалық қолданудың жарқын мысалы – мектептегі музыка сабақтары. Бұл сабақтар оқушылардың музыкалық аспаптарда ойнауды үйренуіне, ән айту дағдыларын дамытуға және музыкалық

шығармаларды тыңдау арқылы эстетикалық талғам қалыптастыруға бағытталған. Сабақ барысында қолданылатын ұжымдық музыкалық әрекеттер топтағы бірлік сезімін нығайтып, өзара сыйластық пен ынтымақтастықты дамытады.

Жалпы педагогиканың әдістері музыкалық тәрбиеде де белсенді қолданылады. Мәселен, жобалық оқыту әдісі арқылы оқушылар музыка тарихы, белгілі композиторлардың өмірі және шығармалары туралы зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Бұл әдіс оқушылардың дербес ойлау қабілетін, зерттеушілік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, музыкалық шығармашылық арқылы түрлі тақырыптарды зерттеу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Музыкалық және жалпы педагогика әдістерінің тағы бір қолдану мысалы – мектептен тыс шығармашылық іс-шаралар. Музыкалық байқаулар, концерттер мен шығармашылық кештер оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың өзін-өзі танытуына мүмкіндік береді [4, 45]. Мұндай іс-шаралар тек музыкалық қабілеттерді дамытуға ғана емес, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға және қоғамдық белсенділікті арттыруға ықпал етеді.

Интеграциялық тәсілдерді қолдану қазіргі заманғы білім беру бағдарламаларының ажырамас бөлігіне айналуда. Мысалы, музыка пәнін басқа гуманитарлық немесе жаратылыстану пәндерімен біріктіру оқушылардың білімді кешенді түрде қабылдауына ықпал етеді. Мұндай тәсіл оқушылардың жалпы дамуына ықпал етіп, пәндер арасындағы байланыстарды түсінуге көмектеседі.

Практикалық қолдану мысалдары музыкалық және жалпы педагогика арасындағы тығыз байланыстың оқу процесінде тиімділігін дәлелдейді. Бұл әдістерді қолдану арқылы білім беру жүйесі оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттырып, олардың болашақта жан-жақты дамыған тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды.

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде музыкалық және жалпы педагогика әдістерінің интеграциясы оқыту мен тәрбиенің тиімділігін арттыратын заманауи тәсілдердің бірі болып табылады. Бұл әдіс әртүрлі білім беру салаларын біріктіріп, оқушылардың пәндер арасындағы байланыстарды түсінуін жеңілдетеді.

Тағы бір тиімді әдіс – музыка мен психологияның байланысын пайдалану. Музыка сабақтарында шығармаларды тыңдау арқылы оқушылардың эмоциялық жағдайын зерттеуге, олардың ішкі әлемін түсінуге және коммуникативтік дағдыларын дамытуға болады. Психологиялық тәсілдерді қолдану музыкалық білім беру процесінің тиімділігін арттырып, оқушылардың өзін-өзі тануына көмектеседі (Сурет 1).

Сурет 1. Музыка және психология: оқушылардың эмоциялық әлемін зерттеу

Интеграциялық тәсілдерді қолданудың бір мысалы – пәнаралық сабақтар ұйымдастыру. Музыка пәнін әдебиет, тарих, тіпті жаратылыстану ғылымдарымен байланыстыра отырып, оқушылардың таным көкжиегін кеңейтуге болады. Мәселен, белгілі бір тарихи кезеңді талдау барысында сол дәуірдегі музыка мен әдеби шығармаларды қарастыру оқушыларға сол уақыттың мәдени атмосферасын сезінуге мүмкіндік береді (Сурет 2).



Сурет 2. Пәнаралық сабақ: Музыка, әдебиет және тарихтың байланысы

Интеграцияның маңызды бағыты – заманауи технологияларды қолдану. Музыкалық және жалпы педагогикада интерактивті платформалар мен мультимедиялық құралдарды пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оларды шығармашылық жұмысқа тартудың тиімді жолы болып табылады. Мысалы, музыкалық шығармаларды цифрлық форматта талдау немесе виртуалды аспаптарда ойнау сабақтың дәстүрлі әдістерінен ерекшеленіп, оқушыларды жаңа білім алуға ынталандырады. Сонымен қатар, музыкалық және жалпы педагогиканың интеграциялық тәсілдері оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Пәндер арасындағы байланыстарды табу, олардың ортақ ерекшеліктерін анықтау және қолдану оқушылардың аналитикалық қабілеттерін арттыруға ықпал етеді [5, 91].

Қорытындылай келе, музыкалық және жалпы педагогика білім беру жүйесінде бірін-бірі толықтыратын маңызды бағыттар болып табылады. Музыкалық педагогика эстетикалық тәрбиенің негізін қалап, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытса, жалпы педагогика тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл екі саланың өзара байланысы білім беру процесін байытып, оқушылардың интеллектуалдық және рухани өсуіне жағдай жасайды. Теориялық негіздерден бастап, практикалық қолдану мысалдарына дейін музыкалық және жалпы педагогика әдістері заманауи білім берудің ажырамас бөлігіне айналды. Интеграциялық тәсілдерді пайдалану, пәнаралық сабақтарды ұйымдастыру және психологиялық әдістерді қолдану білім беру процесін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Болашақта музыкалық және жалпы педагогика бағыттарының интеграциясын одан әрі жетілдіру қажеттілігі туындайды. Жаңа технологияларды енгізу, оқыту әдістерін жетілдіру және педагогикалық тәжірибені байыту арқылы бұл бағыттарды дамыту мүмкіндігі зор. Осылайша, білім беру жүйесі шығармашылық, жан-жақты дамыған, мәдениетті тұлғаларды қалыптастыруға ықпал ететін болады. Музыкалық және жалпы педагогиканың үйлесімді дамуы – қазіргі заман талабына сай, болашақ ұрпақтың табысты және гармониялы өмір сүруінің негізі.

Әдебиеттер тізімі

1. Апраксина О. Методика музыкального воспитания в школе. М.: Просвещение, 1983. 240 с.
2. Бабаев С., Оңалбек Ж. Жалпы педагогика. Алматы: Заң әдебиеті, 2006. 228 б.
3. Дүкенбай Н., Әміренов Ә. Музыкалық білім беру теориясы. Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2014. 200 б.
4. Жақаева Қ. Музыка пәнін оқыту әдістемесі. Қостанай: Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, 2017. 120 б.
5. Нұрхатова М. Музыкалық білім берудің әдістемесі. Өскемен: С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2005. 113 б.

Останькович Марианна Александровна
Сайгафарова Лилия Талгатовна
Преподаватели Казахского национального университета искусств
Казахстан, г. Астана

Современный дистанционный урок по анализу музыкальных произведений. Циклические формы. Старинная сюита

Аннотация. В статье рассматривается опыт проведения открытого урока в дистанционном формате. Описываются возможности и перспективы подобных уроков.

Ключевые слова: современное образование, онлайн уроки, дистанционный формат, открытый урок, анализ музыкальных произведений, старинная сюита.

В современном мире дистанционное образование приобретает все большую популярность. И это связано не только с охватившей нашу планету ситуацией с пандемией. Такой формат обучения дает огромные возможности и преимущества по многим параметрам. Жизнь человека сегодня настолько насыщенна, что постоянное движение – это основа жизни. А возможность получать, к примеру, образование в любой точке мира, не выходя из дома, дает огромные перспективы и свободу передвижений.

От очного образовательного процесса дистанционное обучение отличается, прежде всего, методикой проведения занятий. Главная особенность заключается в осуществлении учебного процесса на расстоянии в режиме реального времени. Преподаватель и учащийся общаются при помощи интернет-связи, преподаватель передаёт, а учащийся получает учебный материал и задания, сдает контрольные работы. При этом, преподаватель может быть удалён от ученика на любое расстояние, они могут проживать в разных странах и на разных континентах.

Для обеспечения такого вида общения, которое стало возможным благодаря развитию интернет-технологий, распространению электронных средств, используется техническое обеспечение, включающее в себя следующие ресурсы:

- Информационная сеть – интернет, которая берет на себя функции по передаче предоставляемой видеоинформации, (текстов, таблиц, картинок), аудиоинформации и т.д..
- Устройства, обеспечивающие прием и отправление информации в реальном режиме. Такими устройствами являются компьютеры, планшеты, иногда мобильные телефоны. Устройства обеспечивают визуальный и звуковой контакт между учителем и учеником (учениками).

Для того, чтобы пояснить тонкости границы между понятиями «дистанционное обучение» и «онлайн», внесем небольшую справку. Дистанционное обучение – это форма получения образования, при которой преподаватель и студент взаимодействуют на расстоянии с помощью

информационных технологий. Во время дистанционного обучения студент занимается самостоятельно по разработанной программе, просматривает записи вебинаров, решает задачи, консультируется с преподавателем в онлайн-чате и периодически отдает ему на проверку свои работы.

Онлайн-обучение – это получение знаний и навыков при помощи компьютера или другого гаджета, подключенного к интернету в режиме “здесь и сейчас”. Этот формат обучения еще называют e-learning или “электронное обучение”. И оно считается логическим продолжением дистанционного. А слово “онлайн” лишь указывает на способ получения знаний и связи преподавателя со студентом. Во время онлайн-обучения учащийся смотрит лекции в видеозаписи или в прямой трансляции, проходит интерактивные тесты, обменивается файлами с тьютором, общается с одногруппниками и преподавателями в чатах,

Дистанционный формат обучения предполагает, что в современных условиях преподаватель – это не просто транслятор знаний и умений, а мотиватор и организатор самостоятельной познавательной деятельности своих обучающихся. Другими словами, задача преподавателя сегодня – научить учеников «добывать» знания и применять их на практике. Ученик, в свою очередь, не превращается в пассивного слушателя «по ту сторону экрана», напротив, остается активным участником образовательного процесса.

Так как с недавних пор наше образование полностью перешло в дистанционный формат, то естественным образом все внутренние и обязательные процессы внутри, мы тоже перевели в этот же формат. Запланировав открытый урок на определенную дату, мы попробовали его провести в необычном онлайн формате.

Предлагаем разработку дистанционного открытого урока по предмету «Анализ музыкальных произведений», который был проведен на платформе GOOGLE CLASSROOM в колледже Казахского национального университета искусств в 2019-2020 учебном году в группах: III курс «Фортепиано», III курс «Скрипка», III курс «Хоровое дирижирование».

Цель: Ознакомить студентов с новым материалом, закрепить полученные на уроке знания и выявить процент усвоенного материала.

Тема: Циклические формы инструментальной музыки. Старинная сюита.

Задачи:

1. сформировать целостный взгляд по данной теме;
2. научить оперировать имеющимся материалом в конкретной ситуации, закрепить умения и навыки;
3. вовлечь студентов в активную деятельность посредством тестовых заданий;
4. совершенствовать навыки анализа, обобщения и т.д., полученные на уроке;
5. развить коммуникативные навыки посредством дистанционной работы в группе;
6. стимулировать самостоятельную работу студентов.

Методы работы:

1. пассивный

2. практический

План урока:

1. Дистанционный организационный момент

2.Демонстрация презентации на платформе GOOGLE CLASSROOM

3. Пассивная работа студентов:

а) знакомство с темой «Циклические формы инструментальной музыки. Старинная сюита»;

б) дистанционное тестирование;

в) домашнее задание;

4. Подведение итогов.

Тезисы урока

1. Демонстрация презентации на тему «Циклические формы инструментальной музыки. Старинная сюита» на платформе GOOGLE CLASSROOM.

2. Дистанционное тестирование учащихся по пройденной теме на платформе GOOGLE CLASSROOM

3. Получение домашнего задания: закрепить пройденный материал, прослушать Французскую сюиту №1 И.С. Баха, ознакомиться с нотным материалом, прикрепленным на платформе GOOGLE CLASSROOM.

Общее подведение итогов:

Дистанционный урок для преподавателя – это

- рождение нового уровня мышления, не замкнутого в рамках узкой специализации;
- освобождение учебного времени для изучения нового явления;
- исключение дублирования учебного материала;
- усиление межпредметных связей.

Дистанционный урок для студента – это:

- активизация мыслительной деятельности;
- интенсификация учебного материала;
- расширение сферы получаемой информации;
- применение знаний на практике;
- подкрепление мотивации в обучении;
- умение сопоставлять и анализировать отдельные явления с различных точек зрения, рассматривать их в единстве взглядов;
- новый психологический климат в процессе обучения.

Иллюстративный материал:

1. Презентация на тему: «Циклические формы инструментальной музыки. Старинная сюита»
2. Видео с танцами: Аллеманда, Куранта, Сарабанда, Жига
3. Аудио материал: Аллеманда из Французской сюиты №1 И.С. Баха
4. Нотный материал для домашнего задания: Французская сюита №1 И.С. Баха

Средства обучения:

- Платформа GOOGLE CLASSROOM

- Компьютеры
- Планшеты и сотовые телефоны

В связи с некоторыми особенностями такого формата обучения, а именно, преподаватель находится на расстоянии от учащегося, возникает ряд моментов, без которых онлайн урок будет не таким эффективным. Поэтому, предварительно, на платформе GOOGLE CLASSROOM, мы оставили комментарии, чтобы учащиеся могли, четко следуя инструкциям, выполнить задания:

1. Написать тему урока в тетрадь
2. Посмотреть презентацию (ответить на поставленные вопросы)
3. Посмотреть файлы, ответить на поставленные вопросы (№1 Последовательность танцев, №2 Семантическая трактовка тональностей, №3 Баховская система символов)
4. В тетрадь выписать последовательность танцев «Французской сюиты» №1, указать тональность, размер, форму каждого танца (файл)
5. Составить сиквейн на тему «Сюита»
6. Выполнить тесты по пройденной теме (ссылка теста)
7. Фото конспекта лекции отправить в классрум
8. Домашнее задание: а) выписать в тетрадь последовательность танцев из «Английской сюиты» (образец файл №1) и сравнить с последовательностью танцев «Французской сюиты», б) Составить кластер на тему «Старинная сюита».

На онлайн-уроке необходимо обязательно комментировать промежуточные действия, как на традиционном уроке («переключаем слайд», «открываем страницу номер…), а также обращать внимание на конечный результат, который должен получиться после выполнения того или иного задания. Более того, онлайн-урок требует от преподавателя умения управлять аудиторией в дистанционном формате (например, ученики, подключившиеся не вовремя, автоматически считаются опоздавшими и т.п.). Введение временных рамок на выполнение заданий – необходимая мера, в противном случае отвлекающие факторы, вероятно, сорвут ход учебного процесса. Онлайн-урок должен комбинироваться из ряда разных заданий и упражнений: просмотр короткого видеоролика, работа с текстом, задания на рассуждения, интерактивные упражнения на образовательных дистанционных платформах.

Необычность и сложность данного урока состояла еще и в том, что он был открытым, то есть подразумевал присутствие коллег на уроке. Перед занятием, преподавателям желающим посетить открытый урок, была отправлена ссылка для возможности входа на платформу. Все педагоги могли наблюдать за процессом работы учеников со своих устройств на расстоянии. По окончании урока, они также смогли оставить все свои вопросы и комментарии на платформе в специальном разделе. Для дополнительного обсуждения всех тонкостей дистанционного урока был создан специальный чат под названием «Открытый урок» и все посетившие занятие могли в чате обсудить детали и высказать свое мнение.

Имея опыт работы в сфере образования в традиционном формате и дистанционном, мы можем сравнить их и сделать определенные выводы. У

каждой формы свои особенности, недостатки и преимущества. Например, общаясь со студентами в обычном режиме, мы естественным образом имеем более сильный психологический момент влияния на них и соответственно на сам процесс работы. Мы, как преподаватели, можем непосредственно на уроке контролировать студентов, ограничивая, или наоборот расширяя рамки каких-либо действий на уроке. «Живой» контакт очень важен в процессе работы с учащимися. А находясь на расстоянии от педагога, студент должен уметь сам организовать свое рабочее время и грамотно распределить все этапы обучения. И это, возможно, один из основных минусов данного формата общения.

С другой стороны, осваивая особенности дистанционного формата обучения в сегодняшних реалиях, можно выделить преимущества, которые благоприятно влияют на качество образования. В процессе дистанционного обучения основную часть учебного материала учащийся вынужден осваивать самостоятельно. А значит, время для занятий он может выбирать сам. Для людей, которые предпочитают жить в нестандартном графике, дистанционное обучение может стать настоящей находкой. Также эта форма образования хорошо сочетается с работой. Как правило, время онлайн-учебы можно легко подстроить под практически любой рабочий график. Студенты могут учиться, не выходя из дома или офиса, находясь в любой точке мира. Чтобы приступить к обучению, необходимо иметь лишь компьютер с доступом в интернет.

К плюсам такого обучения можно отнести еще несколько моментов. Учащимся дистанционно не нужно беспокоиться о том, что они отстанут от своих однокурсников. Всегда можно вернуться к изучению более сложных вопросов, несколько раз посмотреть видео-лекции, перечитать переписку с преподавателем. Как показывают исследования американских ученых, результаты дистанционного обучения не уступают или даже превосходят результаты традиционных форм обучения. Большую часть учебного материала студент-дистанционник изучает самостоятельно. А это улучшает запоминание и понимание пройденных тем. Помимо этого, использование в процессе обучения новейших технологий делает его гораздо интереснее.

Еще одним не маловажным фактором является мобильность такого образования. Проконсультироваться с тьютором с помощью электронной почты иногда эффективнее и быстрее, чем назначить личную встречу при очном или заочном обучении. Обучающимся дистанционно, незнакома такая проблема, как нехватка учебников, задачников, методичек. Доступ ко всей необходимой литературе открывается студенту после регистрации на сайте университета, либо он получает учебные материалы по почте.

Исходя из всего вышесказанного, можно сделать выводы, что дистанционное образование имеет большие перспективы в будущем по многим параметрам и наш опыт проведения открытого урока в дистанционном формате, показавший отличные профессиональные результаты, является тому неоспоримым подтверждением.

Список литературы

1. Асафьев Б. Музыкальная форма как процесс. Кн. 1 и 2. Л., 1971.
2. Бобровский Б. Функциональные основы музыкальной формы. М., 1976.
3. Бобровский Б. Циклические формы. Сюита. Сонатный цикл // Книга о музыке. М., 1975. С.293-309.
4. Кюрегян Т. Форма в музыке XVII-XX веков. М., 1998.
5. Носина В. О композиции и содержании французских сюит И.С. Баха // Интерпретация клавишных сочинений И.С. Баха / Сб. тр. ГМПИ им. Гнесиных: Вып. 109. М., 1993. С. 52-72.
6. Носина В. Символика музыки И. С. Баха. Французские сюиты / Издательство: Классика XXI, 2015.
7. Мазель Л. Строение музыкальных произведений: 2- изд. доп. и переработанное. М: Музыка, 1979. 536 с.
8. Манукян И. Сюита // Музыкальная энциклопедия. В 6-ти томах: Т.5. – М., 1981. Стб. С.359-363.
9. Холопова В. Формы музыкальных произведений / Учебное пособие. 2-е изд., испр. СПб.: Издательство «Лань», 2001. 496 с.
10. Интернет ресурсы: https://finacademy.net/materials/article/chem-otlichaetsya-onlajn-obuchenie-ot-distantsionnogo-obucheniya.

Магистранттар мен докторанттар зерттеулеріндегі музыка өнерінің мәселелері

Вопросы музыкального искусства в исследованиях магистрантов и докторантов

Master's student men doctoral student zertteulerindegi music onerinin maseleleri

Ахметова Зере Ғаниболатқызы
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының
2-курс магистранты
Қазақстан, Алматы

Ұстазы жақсының ұстамы жақсы

Аңдатпа: Бұл мақалада орындаушылық өнердің прима-қобызда қалыптасу үдерісін зерттеу мақсатында негізгі рөл атқарған музыканттар ұсынылған. Қазақстандағы оқыту әдістемесінің ерекшеліктері мен әсері сипатталған. Бұл олардың жеке үлесін есте сақтап қалу және уақыт пен аймақтар бойынша сабақтастық байланыстарын түсіну үшін іске асырылды.

Кілт сөздер: орындаушылық өнер, қазақ музыкалық дәстүрлер, аспаптарды дамыту, қобызшы ұстаздар, үйрету ерекшеліктері, хронология, музыканы сақтау және жаңғырту.

Қазақ мәдениетіндегі шоқтығы биік өнер түрі – қазақ музыкасы десек артық болмайды. Шынында, музыканы мамандық ретінде қарасақ, ол – сезімді, ақылды, сананы, табандылықты, шыдамдылықты талап ететін сала. Әр музыкант, мейлі ол орындаушы болсын, мейлі мұғалім болсын, қай бағытты ұстанса да, ол үшін еңбек етіп, білімін жаңартып, түрлі психикалық кезеңдерден өту ықтималдығы бар. Әсіресе өзінің кәсіби бастауын жақында бастаған қазақ музыкасы жайлы зерттеу жүргізсең, оның ашылмаған қырлары қаншама. Соның ішінде қобызда орындаушылық жайында да біршама ой жүгіртуге болады.

Қобыз тарихына үңілсек, ол қазақ музыкасындағы ең көне аспап болып саналады. Қорқыттан бастау алған, Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаев сынды музыканттардан жалғасын тапқан бұл аспаптың да өзінің даму кезеңі бар. Аталған кезеңдердегі соңғы үлгісі, қазіргі орындаушылықта етегін кең жая бастаған қобыз примадағы орындаушылық орны бүгінгі таңда өзекті десек те болады.

Жалпы аспап жайында ғана емес, оны үйретудегі мәселелеріне, орындаушылық мәнеріне назар аудару мейлінше маңызды аспектілердің бірегейі болуы тиіс. Өйткені, 4 ішекті прима қобыз аспабын көбіне «аударылған скрипка» деген атаумен таниды. Бұл пікір қаншалықты орынды және бұл орайда әрбір қобызшы скрипка аспабын, ал әр скрипкашы қобыз аспабында ойнай алады ма деген сұрақ туындайды. Әрине, белгілі уақыт пен дайындықтың көмегімен әр аспаптың қыр-сырын меңгеруге болады, дегенмен мейлінші әр аспаптың, әр орындаушының өзіндік ерекшеліктері бар. Бұны мақаланың барысында, қобыз аспабында шәкірт дайындаған ұстаздардың еңбектері барысында талқылайтын боламыз.

Тарихымызда прима-қобыз аспабының негізін қалаушылар, ең алғаш қобызшылар тобының концертмейстерлері, Қазақстанның Халық әртісі Гүлнәфис Баязитова, Фатима Балғаева, «Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім» Досымжан Тезекбаев екені мәлім. Сонымен қатар, қобыз аспабының өркендеуі мен дамуына орындаушы әрі ұстаз ретінде үлкен еңбек сіңірген аға буын өкілдері Зере Бисембаева, «Қазақстанның еңбегі сіңген әртістері» Меруерт

Каленбаева, Гүлсара Ізтлеуова, Ғайни Болтаева және «ҚР Білім беру ісінің озық қызметкерлері» Ләззат Шуженова, Шолпан Рауандина, Раушан Мұсаходжаева, Ғалия Оразалиева-Шілдебаева, т.б [1, 7 б.]. Осы және басқа да қобызшылардың есімдері бүгінгі таңда еліміздің әр бөлігінде танылып, қобыз орындаушылық өнерінде зерттеулер толықса екен деген шағын арман әр музыка жанашырында көкейкесті мәселесі боларына сөзсіз.

Ал қазіргі біз танитын қобыз прима шықпай тұрып, 3 ішекті қобызда орындаушылықты үйреткен Иосиф Антонович Лесманның қобыз өнерінің қалыптасуындағы еңбегі бар.

1-сурет. И.А.Лесман және 3 ішекті қобыз

Иосиф Антонович Лесман (1885-1955) – XX ғасырдағы көрнекті музыкант, скрипкашы және педагог. Оның Қазақстан, Ресей және бүкіл КСРО-дағы скрипка мектебінің дамуына қосқан үлесі зор. Ол Қазақстандағы музыкалық білім беру саласының негізін қалаушылардың бірі ретінде есте қалды.

Лесман 1885 жылы Польшада, Варшавада дүниеге келген. Санкт-Петербург консерваториясын 1910 жылы скрипка классы бойынша бітірген. 1911 жылдан бастап Санкт-Петербургтегі Халық консерваториясында сабақ берген. 1918–1932 жылдары Ленинградтағы Кіші опера театрының оркестрінде өнер көрсетті. Ленинградта мәдени өмірге белсенді қатысып, жас музыканттарды тәрбиелеумен айналысты [2].

1933-1935 жылдары Ленинград консерваториясында дәріс берді. 1935-1951 жылдары Алматыда жұмыс істеп, Қазақ музыкалық училищесінде (кейін консерватория) сабақ берді. Оның шәкірттері кейіннен Қазақстандағы музыкалық мектептер мен оркестрлерді ұйымдастырушылар болды. 1951-1955 жылдары Горький (қазіргі Нижний Новгород) мемлекеттік консерваториясында оқытушы болды. Иосиф Лесман скрипка үйрету әдістемесіне қатысты бірнеше маңызды еңбектердің авторы:

1-кесте. Методикалық еңбектері

Методикалық еңбектері			
1	Скрипичная техника и её развитие в школе профессора Л.С.Ауэра	1909, 1910	Скрипкашы Леопольд Ауэрдің педагогикасын талдаған

2	Школа игры на скрипке	1925	Скрипка әдістемесі мен тәжірибесін жүйелеген
3	Пути развития скрипача	1934	Скрипкашыны оқыту сатыларын сипаттайтын еңбек
4	Школа игры на кобызе	1947	Қолжазба. Құрманғазы ат. ҚҰК кітапханасы
5	Очерки по методике обучения игре на скрипке	1964	Өмірден өткен соң жарық көрген еңбегі

Лесман Алматыда жұмыс істеген жылдары қазақ музыкалық өнерінің дамуына ерекше үлес қосты. Оның педагогикалық қызметі Қазақстанда классикалық музыканың кеңінен таралуына ықпал етті. Қазақ ұлттық музыка мәдениетінің дамуы үшін маңызды негіз қалап, прима-қобыз бен басқа аспаптарда орындаушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға көмектесті. Иосиф Лесман – музыка мен білім саласына зор үлес қосқан тұлға ретінде ел есінде қалды. Лесманның қобызға қосқан әдістемелік еңбегін толығырақ[26] сілтеме арқылы оқуға болады.

Көненің көзіндей кенен аспаптың аяққа тұрып, оркестр құрамындағы өзінің орнын алуына ерекше еңбек сіңірген, кәсіби қобыз аспабында орындаушылық мектебінің негізін қалаған шебер орындаушы әрі ұстаз, Қазақстанның халық әртісі, профессор Фатима Жұмағұлқызы Балғаева болатын [3]. Фатима апайдың күшімен қазақтың қобыз өнері оркестр құрамында өзінің лайықты орнын алды. Ол Қазақстанның халық артисі, профессор, қобызға арналған алғашқы әдістемелік құралдардың авторы.

Фатима Жұмағұлқызы 1928 жылы Алматыға қоныс аударып, жастайынан музыкалық ортада өсті. №38 мектептің көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, Бақытжан Байқадамовтың жетекшілігімен алғашқы музыкалық қабілетін дамытты. Ұлы Отан соғысы кезінде музыкалық ұжымдарда өнер көрсетіп, кейін Жаппас Қаламбаевтың қолдауымен қобызға бет бұрды. 1945 жылы консерваторияға түсіп, атақты ұстаз Иосиф Лесманның сыныбында оқыды. Осы жылдары қобыз-прима аспабы жасалып, Фатима Балғаева оны жетілдіріп, үлкен сахнаға алып шықты.

Фатима Балғаева 1951 жылы Берлинде өткен Дүниежүзілік жастар фестивалінде лауреат атанып, қазақтың көне қобызын халықаралық деңгейде танытты. Ол Мәскеу, Бухарест сияқты қалаларда өткен ірі мәдени шараларда қазақ музыкасының дәстүрі мен мүмкіндіктерін паш етті. 1958 жылы Мәскеудегі Қазақ өнері мен мәдениетінің декадасында оның орындаушылық шеберлігі жоғары бағаланды.

2-сурет. Фатима Балғаева жылдар аралығында

[26] https://euroasia-science.ru/pdf-arxiv/18-21-kenzhegaliyeva-a/

Оның еңбегі тек орындаушылық шеберлікпен шектелмей, педагогикалық салада да көрінді. Ол ұлттық аспаптарды дамытуға, оқыту әдістемесін жетілдіруге ерекше көңіл бөлді. Қобызға арналған оқу құралдарын жасап, жаңа буын музыканттарын тәрбиеледі. Оның шәкірттері – профессорлар Меруерт Қаленбаева, Зере Бейсенбаева, Төрехан Кәрібаев сияқты музыканттар – ұлттық музыкалық дәстүрді жалғастырып келеді.

3-сурет. Фатима Балғаеваның шәкірттері

Зере Бейсембаева

Меруерт Каленбаева

Шолпан Раундина

Фатима Балғаева 55 жылдық ұстаздық қызметінде ұлттық музыканың жанашыры әрі насихатшысы болды. Ол қазақтың дәстүрлі қобыз өнерін Еуропа классикалық мектептерінің әдістерімен байытып, ұлттық аспапты жаңа биікке көтерді. Оның есімі қазақ өнері тарихында мәңгілік сақталады.

Қобыз аспабында қазіргі орындаушылықтың бастамасын, аспапқа жаңашылдық енгізген мейлінше Досымжан Тезекбаевты ерекше айтуға болады. Досымжан Тезекбаевтың музыка өнеріндегі қызметі қазақтың ұлттық аспабы – қобыздың дамуына зор үлес қосты. Ол тек аспапты жетілдірумен ғана емес, осы аспапта ойнаудың әдістемелік негіздерін қалыптастырумен де айналысты. Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған саз мектебінде қызмет етіп, өзінің шеберханасында жаңа қобыз түрлерін жасап, оқыту әдістерін жетілдірді. А.А. Першинмен бірлесіп төрт ішекті прима қобызды ойлап тауып, балалардың музыкалық қабілетін ерте жастан дамыту үшін кішірейтілген аспаптарды жасады.

Д.Тезекбаев оқушыларды жеті жасынан бастап музыкаға кәсіби дайындауды енгізді. Оның педагогикалық көзқарасы қобыз аспабын меңгерудің терең әдістемесіне негізделді. Ол оқушылардың музыкалық есту қабілетін, шығарманың мазмұны мен стилін түсінуге, ритм, фразировка және дыбыс сапасын саналы түрде бақылауға үйретуді міндет деп санады.

Тезекбаев қобызды оқытуда скрипка әдістемелерін негізге алды. Ол скрипка педагогтарынан кеңес алып, Батыс Еуропа музыкалық шығармаларын орындаудың техникалық әдістерін қобызға бейімдеді. Осы әдістеме арқасында оның шәкірттері П.Чайковский, Ф.Шопен, А.Хачатурян сияқты классиктердің күрделі туындыларын шебер орындай бастады.

Ол ысқышты дұрыс қолданудың дыбыс сапасына әсерін ерекше атап өтті. Әдістемелік еңбегінде ысқышты дұрыс ұстау, жүргізу, дыбысты үздіксіз және қанық шығаруды үйрететін жаттығулар берілді. Оң және сол қолдың үйлесімді жұмысына үлкен мән берілді, бұл орындаушының еркіндігі мен шығарманың нақышын сақтауға мүмкіндік береді.

Тезекбаев А.А.Першинмен бірге қобыздың төменгі шанағына арнайы қысқыш (мостик) орнатып, оның орындалу кезіндегі ыңғайлылығын арттырды. Бұл ойлап табылған құрал орындаушыға үлкен қолайлық туғызды.

Д.Тезекбаев қобыз үйрету әдістемесін жас мамандарға, оқушыларға аспапты дұрыс меңгеру, оның техникалық мүмкіндіктерін толық пайдалану үшін ұсынды. Оның еңбектері бүгінгі күні де қобыз үйретуде маңыздылығын жоғалтқан жоқ.

Жоғарыда аты аталған ұстаздардың есімдері жадымызда мәңгі қалып, келешек ұрпаққа да үлгі боларына сенім көп. Аталған тәлімгерлер жайында мағлұматтар болғанымен, әрбіріне жеке тоқталып, олардың алып келген жаңашылдығын мейлінше таныстыру жұмысы жақсы жүргізілді, дегенмен зерттелетін мәселер алдағы уақытта көп, әлі біз білмейтін есімдер мен олардың өзіндік үйрету ерекшелігі бар ұстаздар қаншама. Қобыз примада орындаушылық өнерінің негізін қалаған алғашқы мұғалімдер және олардың шәкірттері жайлы ұсынылған мағлұматтар орындаушылық өнерде және өңірлерде және жалпы Қазақстанда оқу процесінде ұрпақтық байланысты табуда және жалғастыруда болашақта пайдасы болуы мүмкін.

Әдебиеттер тізімі

1. Жунисова З. Досымжан Тезекбаевтың прима қобыз аспабының дамуы мен жетілдіруіне қосқан үлесі. Дипломдық жоба. Алматы, 2024. 48 б.

2. https://www.names52.ru/l/tpost/yz10gu14r1-lesman-iosif-antonovich (Соңғы қаралым қараша 2024).

3. Рауандина Ш. Қобыз падишасы Мақала // Егемен Қазақстан. 2016 https://egemen.kz/article/103367-qobyz-padishasy

Нұрлан Әлемгүл Сәбетқызы
Дәстүрлі өнер факультеті,
2 курс магистранты
Қазақ ұлттық өнер университеті
Қазақстан, Астана
alemanurlan@mail.ru

Ғылыми жетекші:
Егінбаева Тойжан Жылқайдарқызы
Өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор

Арман Жайымның қобызға жазылған шығармашылығындағы туындылары

Аңдатпа: Арман Жайым – біздің заманымыздың жарқын, әрі болашағы зор композиторларының бірі. Оның композиторлық қызметі әмбебаптығымен ерекшеленеді, яғни, өз жұмысында терең дәстүрлерді осы уақыттың өзекті ағымдарымен үйлесімді етіп қолдануда. Арман Жайым – көптеген шығармалардың авторы, соның ішінде шағын формалар, пьесалар, өңдеулер, күрделі форма (концерттер, фантазия, сюита) шығармаларына дейінгі әртүрлі жанрлар. Композитор ұсынған әртүрлі жанрлық салалардың ішінде қобыз үшін арнайы жазылған шығармаларға, яғни, композитордың шығармашылық үдерісіндегі қобыз музыкасына көңілі ерекше бөлінеді. Қазіргі қобыз музыкасы Еуропалық мәдениеттің жетістіктерімен ежелгі тарихтың синтезі. Бұған көптеген мысалдарды Арман Жайымның қобыз шығармашылығынан табуға болады. «Күй-Дастан» фантазиясы, прима қобыз бен оркестрге арналған концерт күрделі формада жазылған шығармалар, қазіргі заманғы музыкалық мәдениетке қол жеткізудің жарқын мысалдары ғана емес, сонымен қатар логикалық тұрғыдан дұрыс құрастырылған толықтығы бар бейнелер мазмұнының алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Бізге композитордың интеллектуалды және жан-жақты тұлға екендігін көрсетеді. Арман Жайымның қобыз шығармашылығының тірегі - дәстүрлі мәдениеттің бастапқы көздері, аспаптық музыка жанры - бұл тек зерттелетін композитордың ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның көптеген заманауи композиторларының шығармаларының қалыптасуына айтарлықтай әсер еткен күй. Автор дәстүрлі күйлерден шабыт алып, өзінің қобыз туындыларына белгілі, ұлы күйшілердің күйлерін негіз ретінде алған. Қобыз шығармашылығының күрделі формадағы шығармаларының көбісі, жеке орындайтын пьесалардан, циклдардан құрылған. Бұл орындаушыға репертуарлық тұрғыдан шығармашылық ізденістерді жеңілдететіні айқын.

Түйін сөздер: қобыз дәстүрі; қобыз; прима қобыз; күрделі форма; фантазия; концерт; интерпретация.

Қобыз дәстүрі – қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениетінің ажырамас бөлігі, қасиетті, ежелгі тарихы бар, әрқашан маңыздылығы, қызығушылығы мен өзектілігі белгілі бір дәрежедегі мүмкіндікті талап етеді.

Қазіргі уақытта қобыз аспабын дәріптеп, көптеген туындыларын жазып жүрген композитордың бірі – Арман Жайым.

Арман Айтқалиұлы Жайым – ҚР композиторлар одағының мүшесі, «Алпамыс Батыр» медалінің, «Қазақ ұлттық өнер университетіне 20 жыл» медалінің, Қазақстан Халқы Ассамблеясы Құрмет грамотасының иегері. Арман Жайым – талантты жас композитор және пианист. Музыканттың шығармалары оның композиторлық жолын, стильдік және жанрлық жүйесінің сипатын, ұлттық мәдениетіміздегі өзіндік орнын анықтай түседі. Композиторлық тұрғысынан оның қобыз аспабына деген қызығушылығы мол. Қобыз және прима қобыз аспаптарына көптеген, әртүрлі жанрлардағы шығармаларды, соның ішінде күрделі формадағы жанрларды жазған. Арман Жайым алғаш рет, арнайы, қобыз аспабына күрделі формадағы «Қорқыт» сюитасын, қобыз бен фортепианоға арналған «Скерцо», қобыз бен симфониялық оркестрге арналған концерт жазған, прима қобыз аспабына арнап – «Күй-Дастан» атты фантазия, нар қобыз аспабына арнап «Қоштасу» пьесасын жазған. Сонымен қатар, Арман Жайым, сахналық музыка, кино музыкасы, оркестр, ішекті оркестр, оркестрмен жеке орындау, вокал және хор музыкасы, камералы-аспаптық музыкаларын және т.б. жазған. Өзіндік стилі бар, жан – жақты, әртүрлі жанрды танып білген, қазақ өнерін шыңдап келе жатқан композитордың бірі.

Осы мақаламызда прима қобыз үшін жазылған 2 күрделі формадағы шығарманы талдап, олардың бейнелі және композициялық ерекшеліктерін анықтайтын боламыз.

Арман Жайымның шығармашылығындағы маңызды күрделі формадағы шығармалары «Күй-Дастан» фантазиясы және прима қобызбен оркестрге жазылған концерт. Композитордың бұл туындылары өткен дәуірдің ең құнды мұрасы мен заманауи тенденциялардың синтезінің жарқын үлгілері болып табылады. Шығармалар новаторлық қасиеттерге ие, жаңа бейне, шындыққа деген басқа көзқарас және Арман Жайымның шығармашылық ойларын бейнелейтін мәнерлілік образдары бар.

«Күй-Дастан» фантазиясы – Арман Жайымның композиторлық шығармашылығындағы күрделі формадағы маңызды туындыларының бірі. Автор фантазияны анасы – атақты қобызшы Нұрсұлу Елеуғалиеваға арнаған. Фантазия 2015 жылы туындады. Ең бірінші орындаушы – Айгүл Аужанова (2016 жылдың желтоқсан айы).

Дастан (парсы тілінен дастан – әңгіме) – фольклордағы эпикалық шығарма (немесе Таяу және Орта Шығыс әдебиеті, Азияның Оңтүстік-Шығысындағы). Әдетте дастандар батырлық мифтерді, аңыздарды және ертегі сюжеттерін фольклорлық немесе әдеби өңдеу болып табылады. Поэтикалық және прозалық дастандар бар.

Бұл шығармадағы А. Жайымның композиторлық рефлексиясының қайнар көзі ретінде, Құрманғазы, Тәттімбет және Түркештің дәстүрлі күйлері болды. Бұл дегеніміз, композитордың фантазияны жазар алдында дәстүрлі ырғақтар мен

әуендерге жүгінгені, саналы түрде көрініп тұр. Автордың бұл фантазиясы белгілі күйлер тақырыптарының өзіндік жеке интерпретациясымен ерекшеленеді.

Фантазия құрылымы сегіз бөлімнен тұрады, олар бір-біріне қарама-қайшы келетін әртүрлі пьесалардан құрылған. Пьесалардың әрқайсысында белгілі күйлердің тақырыптары байқалады, олар кейбір бөліктерде айқын көрінеді, ал кейбіреулерінде ұқсастық бейнелері әрең сезіледі, өйткені әуендер мүлдем басқа сипатқа ие болады, яғни түсіндіру процесінде түбегейлі өзгереді. Бөлімдер арасында байламдардың айқын әдістері байқалмайды, бірақ олар музыкалық мазмұн мен бірұтас бейнелермен байланысты.

1. Бабалар сазы
2. Жайлауға көшкенде
3. Дала көрінісі
4. Қос басында
5. Жайлаудағы би
6. Жорықта
7. Аңсау
8. Шаттық елі

Композитор циклдік күйлер жанрын жалғастыра отырып, әртүрлі сипаттағы бөлімдерді бір сюжеттік желіге байланыстырады. Бірінші бөлімнен соңғы бөлімге дейін, тарихи маңызды оқиғалар, белгілі бір хронология байқалады. Біздің ежелгі ата-бабаларымыздың уақытынан, қазіргі тәуелсіз Қазақстанға дейінгі уақытты әуенмен жеткізіп, қуаныш сәтімен аяқтайды.

Пьесалардың қисындылығы мен үйлесімділігі үшін автор әртүрлі динамикалық реңктерді, кідірістерді, күрт үзілген тақырыптарды және музыкалық мәтіннің сипаты мен мазмұны бойынша мүлдем басқа тақырыптардың пайда болуын қолданады.

Автордың өзі атап өткендей, бұл фантазияны клавирде көрсетілгендей бірінен соң бірін орындаудың қажеті жоқ. Сіз кез-келген бөлікті жеке пьеса түрінде орындай аласыз, өйткені кез-келген бөліктің өзіндік ерекшелігі бар, шарықтау шегі мен аяқталуы бар.

Композитор А. Жайымның фантазиясының әрбір пьесасы – еліміздің тарихи өткенінің бейнесін де, философиялық ойлар, естеліктер мен болмысымыздың көріністерін де бейнелейді.

Бұл фантазияда біз композитордың шығармашылық ерекшелігінің "бейнесі" мен "идеясының" бірлігін көреміз. Автор заманауи тенденциялар мен дәстүрлі мұралардың синтезін көрсетеді, яғни күй – өткен жылдардағы ең құнды мұра. «Күй-Дастан» фантазиясының барлық бөлімдеріне негіз болып табылатын күйлерді түсіндіре отырып, автор дәстүрлі музыкаға деген сезімталдықты көрсетеді. Композитор белгілі күйлердің өзіндік трактовкасын жасайды, бұл ретте күйлердің бастапқы табиғатын бұзбай, керісінше, қазіргі заман мен қазақ халқының дәстүрлі мұрасының барлық байлығын көрсете шебер үйлестіреді.

Қызықты сәт ретінде бөлімдердің атауын және фантазияның өз атауын құру сәттері есте қаларлық. Автордың өзі айтқандай, шығарманы жазу кезінде композитор әр күйдің түпнұсқа атауларын, яғни, фантазия бөлімдерін қалдыруды ойлады, бірақ жазу барысында автордың жеке интерпретациясы

кезінде кейбір күйлер мүлдем басқа сипатқа ие болды. Осы себепті, композитор әкесімен кеңесіп, фантазия құру процесінде туатын бейнелерді бір сюжеттік желіге қосу туралы шешім қабылдайды және логикалық түрде барлық бөлімдерді қайта жасалған бейнелер бойынша атайды.

«Күй-Дастан» фантазиясының 8 жеке құрылымы орындаушылық жағынан мінезінің әмбебаптығы мен ұтқырлығымен ерекшеленеді. Біз білетіндей, қобыз музыкасындағы репертуар мәселесі қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әртүрлі бөлімдердің құрылымдалған принципі, орындаушыға қойылған міндеттерге байланысты жеке бөлімдерді біріктіруге мүмкіндік береді. Яғни, жеке орындау мүмкіндігі және қазіргі заманғы орындаушының қобыздағы репертуарының әртүрлілігі мәселесін толығымен шешеді.

Прима-қобыз аспабы үшін А. Жайым – қобыз орындау саласындағы жаңа кезең десек те болады. Композитордың көркемдік стилінің жеке сипаты музыкалық желілердің жарықтығымен ғана емес, сонымен қатар халықтық және еуропалық музыканың әртүрлі дәстүрлерін органикалық түрде жүзеге асыра білуімен де байланысты. «Күй-Дастан» фантазиясы музыка тілінің жаңалығымен, халық музыкасын бейнелеу ерекшелігімен, сондай-ақ қазақ музыкасына өзіндік көзқарасымен ерекшеленеді.

Арман Жайым жаңа идеялармен, бейнелермен байытылған камералық-аспаптық және оркестрлік саланың дамуына ықпал етуде.

Арман Жайымның прима-қобыз бен оркестрге жазылған концертінің өзіндік тарихы бар. Басында ол өзінің ауқымы бойынша шағын болды. Скрипка концертиносы 2004 жыл. Оның бірінші бөлімінде даму болған жоқ, бірақ шағын орта бөлімі, каденция және реприза болды. Бұл редакцияда концертино сахнадан белгілі Жанар Жаңабергенова, Кенжегүл Мұсаева және Ғалия Мұратова секіллі қобызшылардың орындауында шырқалды.

Он жылдан кейін композитор осы шығармаға қайта оралып, даму бөлімін едәуір кеңейтеді. Нәтижесінде оркестрмен бірге скрипкаға (прима-қобыз) арналған концерт құрылды, ол кейіннен прима-қобыз мен оркестрге арналған шығармалар арасында ерекше орын алды.

Композитордың айтуы бойынша, ол 10-12 минуттан аспайтын скрипкаға немесе прима-қобызға арналған «мобильдік», қысқа концерт жазуды жоспарлаған.

Концертте шынайы халық әуендері қолданылмайды, алайда оның әуені, ладтық-интонациялық жүйесі, метроритмі, ішкі пульсациясы мен үйлесімділігі қазақ күйі мен әнінің ішкі заңдылықтарынан туындайды.

Композитор үшін прима-қобыз концертінің идеясы аспаптың тембрлік және техникалық мүмкіндіктерін ашуға деген ұмтылыс болды.

Автор прима-қобыздың қазіргі заманғы техникалық және тембрлік мүмкіндіктері жағдайында жеке аспаптың да, халық аспаптары оркестрінің де ұлттық дәмін ашады. Осыған байланысты концерттің бейнелі-эмоционалдық саласы батырлық сипаттағы төкпе күйіне өте жақын екенін атап өткен жөн.

Концерт жанры композиторлар, орындаушылар және тыңдаушылар арасында белсенді сұранысқа ие. Бұл жанрдағы композиторлар композиция мен драматургияның икемділігіне тартылады, бұл формада қатаң ережелерді қажет

етпейді. Концерт жанрындағы орындаушылар өздерінің кәсіби мүмкіндіктерін толық аша алады.

Дәстүрлі сипат бойынша концерт үш бөліктен тұратын композиция, оның бірінші және үшінші бөлімдері жылдам, орта буыны баяу. Соната формасы бар үш бөлімнен тұратын цикл, баяу патетикалық (немесе лирикалық) Andante (Adagio) және Рондо формасындағы финал. Бірінші бөлімде байланыс берілді, негізгі қақтығыс басталды. Ортаңғы бөлім лирикалық интермеццо ретінде түсіндірілді. Финал жанрлық бейнелердегі негізгі идеяны қорытындылайды. Классикалық концерттегі бөлімтер арасында интонациялық және тақырыптық байланыстар болмады, олар романтиктердің поэтикалық драмасымен бірге концертке еніп кетті.



I – II – III бөлімдерден үзінді

Қарастырылып отырған концерттің орындаушылық ерекшеліктеріне келетін болсақ, форманың ауқымдылығын, шарықтау шектерінің көптігін ескере отырып, белгілі бір орындаушылық күрделілік демін ұстанып, шығарманы толығымен түсініп, орындаған жөн деп айтамыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Аманов Б., Мухамбетова А.ИКазахская традиционная музыка и XX век. Алматы: Дайк–Пресс, 2002. 544 стр.
2. Егинбаева Т. Предисловие // Zhaiym Arman Aitkaliuly «Qyui-Dastan» fantasy for prima-kobyz and piano: сб. статей. Astana, 2018. С. 3-5.
3. Кузбакова Г. Арман Жайым / Очерки о композиторах Казахстана. Сост. А.С. Нусупова. Алматы: Алматы-Болашак, 2013. С.600-606.
4. Мұсақожаева Р., Біржанова Г. Ғасырлар асқан қазына. Нұр-Сұлтан: Шаңырақ – Медиа, 2021. 344 бет.
5.Омарова Г. Кобызовая традиция. Вопросы изучения казахской традиционной музыки: Монография. Алматы, 2009. 520 с.

Самиғолла Бекзада Самалқызы
Қазақ Ұлттық Өнер университеті
“Қобыз және Оха” кафедрасы, 4 курс студенті
samigolla.bekzada2001@gmail.com

Қобыз-прима орындаушыларының кәсіби даму перспективасындағы мультиаспаптылық шеберлігін меңгеру

Аңдатпа: Қазіргі уақытта мультиаспаптилық шеберлігі музыкалық білім беру мен орындаушылық өнерде маңызды бағыттардың біріне айналып отыр. Бұл құбылыс, әсіресе Қазақстандағы қобыз-прима орындаушыларының кәсіби дамуына ықпал етіп, олардың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Мақалада мультиаспаптилық шеберлігінің мәні мен маңызы, оның тарихи және заманауи контексте дамуы талданады. Қобыз-прима аспабын меңгеру, оның кәсіби дамуындағы орны мен мультиаспаптылықты игеру мүмкіндіктері қарастырылады.

Кілт сөздер: қобыз-прима, мультиаспаптылық шеберлігі, кәсіби даму, орындаушылық, қазақ музыкасы, музыкалық білім беру.

Музыкалық мәдениет пен технологияның өзара байланысы менсинергиясы нәтижесінде мультиаспаптылық шеберлігі музыканттың кәсіби өсуінің негізгі құрамдас бөлігіне айналуда. Бұл құбылыстың тарихи негіздері ертеден басталады. XX ғасырға дейін музыканттар әдетте бір аспапты меңгергенімен, Барокко дәуірінің көрнекті өкілдері, мысалы, И.С. Бах және Г.Ф.Гендель орган,

клавесин, және скрипка аспаптарында шеберлік танытқан. ХХ ғасырдан бастап кеңінен танымал болған мультиаспаптылық тәжірибесі музыканттың жан-жақты шығармашылық дамуына ықпал етті, бұл үрдіс, өз кезегінде, менестрельдік мәдениеттен бастау алып, Ренессанс кезеңінің орындаушылық тәжірибесіне дейін жалғасты (музыканттар шіркеулік капеллаларда орган, арфа, дульциан аспаптарында өнер көрсеткен). Бароккодәуірінде органшы Н.Брунс скрипкада жоғары деңгейде өнер көрсеткен болса, классицизм дәуірінде В.А. Моцарт өзінің концерттерінде клавесинист және скрипкашы ретінде танымал болған. ХХ ғасырдың 1920-1940 жылдары мультиаспаптылық шеберлігін айқын қолданған музыканттар арасында джаз музыканттары ерекшеленді. Джаз бен биг-бэндтерде өнер көрсету үшін бірнешеаспапта орындау, ән салу, импровизация жасау және аспаптау сияқты көп түрлі қабілеттерге ие болу талап етілді. Бұл дәуірдің жарқын өкілдерінің бірі, Луи Армстронг, труба, саксофон және басқа да аспаптарды меңгеріп, сонымен қатар әнші ретінде танылды. 1950-1970 жылдардағы эксперименталды музыканың қарқынды дамуы кезеңінде Фрэнк Заппа мен Питер Гэбриел бірнеше аспаптарды меңгергенінің арқасында, өз музыкалық шығармаларын жазу кезінде барлық қажетті жазбаны өздері орындаған. Пол Маккартни (бас-гитара, фортепиано, труба), Джон Пол Джонс (бас-гитара, гитара, орган, мандолина, виолончель) және Брайан Джонс (гитара, маримба, ситара және т.б.) бірнеше аспапты тез меңгеру қабілетіне ие болған. Музыканттың жан-жақтылығы әр дәуірде оның ерекшелігі ретінде бағаланып, көпфункционалды музыканттың орындаушылық, композиторлық және педагогикалық қызметтерді бірлесеатқаруы жиі кездеседі. Мультиаспапшы – бұл әртүрлі категорияларға (ішекті, клавишті, үрмелі, соқпалы және т.б.) жататын аспаптарда кәсіби орындаушылықтехникасына ие музыкант. Әрине, қандай да бір нақты аспаптар санына шектеу жоқ, бірақ мультиаспапшы деп бірнеше туыстас немесе әртүрлі аспаптарды кәсіби түрде орындайтын музыкантты айтуға болады.

Қазақтың ұлттық аспаптық мәдени мұрасының тарихы терең және қазақ фольклорымен етене байланыста болған. Ауызша дәстүр арқылы таралған өнер түрлері қазақ халқына тән суырыпсалмалық өнері арқылы жаңғырып, импровизациялық орындауда ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. Аспаптық музыка өнерінің қалыптасуы бастапқы кезеңде эпос, жыр, ертегі немесе аңыз-әңгімелерді сүйемелдеу арқылы қазақ мәдениетінде өз жолын бастаған. Қазақ халқының өнер тарихында суырыпсалмалық және бесаспаптық қабілет, яғни жан-жақтылық, әр орындаушының айрықша қасиеті болған. Ауызша мәдениетке терең бойлаған ұлы дала өнерпаздары естіген ән мен күйді орындап қана қоймай, өз туындыларын жаңа музыкалық элементтермен байытып, түрлендіріп отырған. Осыған мысал ретінде қазақтың әйгілі әнші-сазгері әрі ақыны Жаяу Мұса Байжанұлының домбыра, сырнай, скрипка сияқты бірнеше аспапты меңгергендігін айтуға болады. Кәсіби халық орындаушылық өнердің даму қарқыны, әлбетте, қазақ халқының тұрмысымен, тарихи өзгерістермен байланысты болды. Қазақтың ұлттық өнерін жаңғырту мақсатында 1933-1937 ж. академик А.Қ.Жұбановтың бастауымен алғаш қазақ ұлттық оркестрінің құрылуы кәсіби қазақ музыкалық мәдениетінің қарқынды дамуына түрткі болды.

Оркестрдің құрамында жоғарғы ригистрлі дыбыс жетіспеушілгіне байланысты диапозонды ұлғайту, техникалық орындаушылықты дамыту мақсатында жандандырылған, жаңартылған аспаптардың қатарында қобыз аспабы да бар. А.Қ.Жұбанов сияқты ғалымдардың зерттеулері қобыздың дамуындағы техникалық жетілдірулер мен оның жаңа түрлерінің пайда болуына себепші болды. Э.Романенко мен К.Касымовтың еңбегінің нәтижесіндеүш ішекті прима қобыз аспабы жасалып шығарылды, аспаптың ерекшелігі: екі ішегі қойдың терісінен, ал бір ішегі металдан жасалынған болды. Бұл туралы қазақ халқының ұлттық аспаптарын қайта өңдеп, жаңғыртумен айналысқан музыкантанушы, көрнекті ғалым-этнограф, өнертану ғылымдарының кандидаты Б.Ш.Сарыбаевтың еңбегінде "Қобыздың дыбысы кең. Дыбыс шығару мүмкіндігі ұшан-теңіз. Қобыздың әуелдегі түрі қос ішекті, үш ішекті болып келетін. Қазір оларды жетілдіре түсудің арқасында төрт ішекті бас қобыз,альт қобыз, қобыз прима, сияқты бірнеше түрлері пайда болды"[10]. Б.Ш.Сарыбаевтың қазақ өнеріне еңбегі молынан сіңді, ол 250-ден астам музыка аспаптарын тауып, зерттеп, жаңғыртып, келесі ұрпаққа сақтап қалды. Болат Сарыбаевтың арқасында қазіргі уақытта сыбызғы, сазсырнай, жетіген, үскірік, шертер, шаңқобыз, дабыл, даңғыра және т.б. аспаптар жеке аспап, әрі ансамбль,оркестр құрамындағы аспап ретінде қолданылып, кәсіби деңгейде үйретіліп келеді. 1981 жылы Б.Сарыбаевтың бастамасымен "Отырар сазы" ансамблі құрылады, кейіннен қазақтың әйгілі күйші композиторы, дирижер, дәулескер домбырашы Н.Тлендиев қолына алып, 1982 жылы қазақ ұлттық өнеріндегі алғаш фольклорлық-этнографиялық Н.Тлендиев атындағы "Отырар сазы" халық аспаптар оркестрі ашылады. Құрамында домбыра, қобызбен қатар, жетіген, шертер, шеңқобыз, месқобыз, сырнай, сазсырнай, сыбызғы, асатаяқ, дауылпаз, тұяқтас, қоңырау және т.б. саз аспаптары бар. Қазақ ұлттық аспаптарының жаңғыруы, кәсіби деңгейде дамуы мен дәріптелуінің арқасында ұлттық аспаптарда орындаушылардың өз аспаптарынан бөлек қосымша қазақ ұлттық аспабын меңгеруге машықтанып, қызыға бастады. Мұнда көптеген аспаптардың кәсіби деңгейде үйретілуі мен олардың репертуарда қолданылуы мультиаспаптылық шеберліктің дамуына жол ашты. Қазіргі таңда қобыз-прима орындаушыларының мультиаспаптылық шеберлігін игеру кәсіби дамудың маңызды бөлігіне айналуда. Қобыз-прима орындаушысы бірнеше ұлттық аспаптарды меңгеру арқылы музыкалық репертуарын байытып, өз шығармашылық әлеуетін кеңейтеді. Мысалы, 1980 ж. "Отырар сазы" фольклорлық-этнографиялық оркестрінің солисті болып еңбек еткен Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, композитор, этномузыкант Еділ Сейілханұлы Құсаинов қазіргі уақытта танымал мультиаспапшылардың бірі болып табылады. Еділ Құсаинов көне қазақ ұлттық музыкалық аспаптарын меңгерген: жетіген, сыбызғы, сазсырнай, қамыс сырнай, шаңқобыз, сонымен қатар, көмеймен ән айту шебері. "Отырар сазы" фольклорлық-этнографиялық оркестрінің қобыз-прима аспабының алғаш концертмейстері, Қазақ Ұлттық өнер университеті "Қобыз және ОХА" кафедрасының профессоры, ЖАК профессоры Мұсақоджаева Раушан Қожабекқызы - қазақтың ұлттық аспабын кәсіби меңгерген, педагог, ұлттық өнерді дәріптеуші. Раушан Қожабекқызықобыздың

майын тамызып орындаушы өнер саңлақтарының бірі, қыл қобыз бен қобыз-прима аспаптарын жетік меңгеріп, Қазақ ұлттық өнер университеті қабырғасында келесі ұрпаққа ұлттық аспаптарды дәріптеуге еңбек сіңіріп, жан-жақты, суырыпсалма, мультиаспапшы музыканттарды тәрбиелеп жүрген ұлағатты ұстаз.

Қазақстанда мультиаспаптилық шеберлігі соңғы жылдары ерекше дамып, жаңа музыкалық ансамбльдер мен жобалар пайда болды. Қазақтың халық музыкалық мәдениеті қарқынды дамуы барлығымызға айқын, батыл өзгерістің бірі болып табылады. 2008 ж. бастау алған «TURAN» ансамблі мультиаспапшылардың тоғысқан бірегей шығармашылық ұжымы, әрі Қазақтанда пайда болған мәдени феномен. «TURAN» ансамбліні қазақтың ұлттық аспаптарының шеберлері, бір уақытта бірнеше аспапта орындайтын мультиаспапшылардан құралған. Қазақстандағы этникалық және дәстүрлі музыкалық мәдениетті дамытып, оны әлемдік сахнада таныту мақсатында ашылған «TURAN» ансамблінің музыканттары қобыз, домбыра, жетіген, сыбызғы, шалқұйрық және т.б. аспаптарды меңгерген және өз репертуарында әлемдік музыкалық дәстүрмен қазақ ұлттық мәдени дәстүрін ұштастыра білген ерекше ұжым. Әлем бойынша 122 қалада 3000-нан астам концерт беріп, түркі әлемінде музыкалық брендке айналған. «TURAN» ансамблінің этно-фольклорлық стилі, ерекше орындаушылық техникасы, қазақ музыка мәдениетінде мультиаспапшылардан құралған ансамбльдердің пайда болуына, әрі дамуына септігін тигізді. «TURAN» ансамбілінің құрамындағы өнерпаздар Серік Нұрмолда, Бауыржан Бекмұханбет, Мақсат Медеубек, Ержігіт Әлиев, Жанту Дадабаев – кәсіби білікті мамандар. Ансамбльде қазақ халқының 30-дан астам ұлттық аспабы болса, топ құрамындағы әр музыкант кемі бес-он аспапта ойнайды. 2013 ж. Құрылған HasSak этно-фольклорлы ансамблі бес мультиаспапшылардан құралған, топтың негізін қалаушы - Ержан Жаменкеев, ал топ мүшелері: Мөлдір Ербол, Дархан Әлімғазы, Арай Қанатбек, Асқат Сағатов және Ержан Жаменкеев. Has- нағыз, Sak-сақтар, бабалар деген мағынамен құрылған жас мультиаспапшылардан құрылған этно-фольклорлық ансамбльдің репертуары 70% авторлық шығармадан, 30% халық әндері мен композиторлардың шығармаларына заманауи өңдеулер болып келеді. Бірнеше аспапты меңгерген ансамбльдің әр мүшесі күрделі шығармаларды жаңа шоу форматта орындау арқылы Қазақстанның шоғы биік жұлдыздарына айналып қана қоймай, әлем бойынша түркі музыкалық өнерінің танымалдығын арттырып жүрген ерекше ұжым. HasSak ансамблінің ұйымдастырған “World Magic Ethno Music Show” атты концерттіне әлемнің түкпір-түкпірінен көрермендер жиналып, толықтай аншлагпен өтетін қазақтың халық музыкасы заманауи стилмен ұштасқан керемет музыкалық шоу бағдарламасымен жүректерді баурап алған. HasSak этно-фольклорлық ансамблі қазіргі заманғы қазақтың дәстүрлі музыкасы мен ежелгі түркілердің әскери-ұрандық сарындарын әдемі үйлестіріп жүрген ұжым. Has Sak ансамблі мультиаспаптылық шеберліктің жаңа деңгейін көрсетіп, авторлық шығармалар мен халық әндерін заманауи өңдеуде орындауда үлкен жетістіктерге жетті. Бұл ансамбльдің музыканттары бірнеше аспапта ойнай отырып, қазақ музыкасыныңдәстүрін әлемдік сахнада танытуға

үлес қосуда.

Қазіргі қазақ музыкасының дамуында жаңа бағыттардың бірі – қобыз-прима орындаушыларының мультиспаптылық шеберлігін игеру арқылы олардың шығармашылық өсуін қамтамасыз ету. Бұл процесс қобыз-прима аспабының қазақ ұлттық музыка мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігіретінде, басқа да музыкалық аспаптарды меңгеру арқылы орындаушының шығармашылық әлеуетін кеңейтеді. Мультиаспаптылық қабілет, орындаушыларға әртүрлі жанрлар мен техникаларды меңгеруге мүмкіндік беріп, олардың музыкалық репертуарын жан-жақты байытады. Бірнеше аспапты меңгерген қобыз-прима орындаушылары әртүрлі музыкалық ұжымдар мен оркестрлерде, ансамбльдерде жұмыс істей алады. Қазақстанның әрбір аймағында фольклорлық ансамбльдер, оркестрлер, театрлар мен филармониялардағы мультиаспапшы орындаушыларға жоғары сұраныс бар. Бұл сұраныс, әсіресе этноансамбльдерде домбыра, қобыз, сыбызғы, сазсырнай, шай қобыз және басқа да ұлттық аспаптарды меңгерген музыканттарға тән. Мультиаспаптилық шеберлігі орындаушылардың шығармашылық деңгейін арттырып қана қоймай, музыкалық білім беру жүйесінде жаңа талаптар мен мүмкіндіктер туғызады. Бірнеше аспапты меңгерген музыканттар педагогикалық салада да сұранысқа ие, себебі олар оқушыларға бірқатар аспаптарды үйретуге қабілетті. Мұндай көпаспапты педагогтар музыкалық мектептер мен консерваторияларда жаңа әдістемелерді енгізу арқылы оқыту сапасын арттырады. Мультиаспаптылық шеберлігі бар музыканттар музыкалық ойлау ауқымын кеңейтіп, әр түрлі орындаушылық техника мен үйрету әдістемелерін меңгеру арқылы өзіндік құнды кадрларға айналады. Бұл үрдіс музыкалық білім беру саласындағы мамандарға деген сұранысты арттырады, атап айтқанда музыкалық мектептер, колледждер мен консерваторияларда бірнеше аспапты үйрету мүмкіндігі бар оқытушыларға сұраныс өсуде. Қазақстанның кейбір өңірлерінде аспаптық білім беру саласында бірқатар аспаптарды үйрету біліктілігіне ие музыкант-педагогтар жоғары бағаланады. Мультиаспаптылық қабілетке ие қобыз-прима орындаушысы, бірнеше аспапта орындау мен оларды оқыту әдістемелерін үйлестіру арқылы мамандықтың жаңа қырларын ашуға, жаңашылдық енгізуге ықпал етеді. Мұндай орындаушылар музыкалық жобаларға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Мысалы, 2024 жылы XXXII республикалық “Ұлытау үні” атты фестивалінде еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған мультиаспапшылар бақ сынасып, бір уақытта бірнеше аспапты орындау арқылы өнер майталмандары екенін дәлелдеді. Фестивальде Қазақстанның танымал мультиаспапшысы Еділ Құсаинов төрелік етті. Сонымен қатар, Роза Бағланова атындағы мемлекеттік концерттік “Қазақконцерт” ұйымының ұйымдастыруы бойынша “Көшпенділер әуені атты” халықаралық этникалық музыка фестивалі, The Spirit of Tengri атты халықаралық заманауи этникалық музыка фестивалі және т.б.

Қазіргі таңда Қазақстанның барлық өңірлерінде мультиаспапты орындаушыларға сұраныс айтарлықтай артып келеді. Бұл үрдіс, әсіресе, ұлттық аспаптарды кәсіби деңгейде меңгерген музыканттар арасында айқын байқалады, себебі олар фольклорлық ансамбльдер мен музыкалық жобаларда маңызды рөл

атқарып, дәстүрлі өнерді дамытуға үле с қо суда. Мультиаспаптылық шеберлігін игерген қобыз-прима орындаушылары Қазақстандағы кәсіби орындаушылық өнердің сапалық деңгейін жаңа деңгейге көтеріп, халықаралық сахналарда жеке жобалар мен инновациялық музыкалық бастамаларға қатысу мүмкіндіктеріне ие болады. Сонымен қатар, олар студиялық жазбалар мен түрлі жанрларда музыкалық жобаларда бірнеше аспапта орындау арқылы өз шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ете алады.

Әдебиеттер тізімі

1. Мухамбетова А. Инструментальная мелодия казахского народа. Статьи,очерки. Алма-ата, Өнер, 1985. 246 б.
2. Ғизатов Б. Қазақша музыкалық-терминалогиялық сөздік. Алматы, 1981. 140 б.
3. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі: Қазақтың залық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. Алматы: Дайк-Пресс, 2002. 326 б.
4. Қазақстанның бүгінгі мәдениетіндегі инновациялық құбылыстар: Халықар.ғыл.конф.мат. Алматы: Жібек жолы, 2008. 480 б.
5. Молоствова И. Музыкант: субъект, индивидуальность, личность. ВестникМосковского государственного университета культуры и исскуств, 2008.
6. Орындаушылық өнерінің тарихы мен қазіргі кезеңдегі даму мәселелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның жинақтары. Алматы,2002. 300 б.
7. Аравин П.Степные созвездия. Очерки и этюды о казахской музыке. Алма-ата. Жалын, 1978. 184 б.
8. Аравин П., Ерзакович Б. Музыкальная культура Казахстана. Сборник статьей и материалов. Алматы: Казгосиздат, 1955. 177 б.
9. Аравин П. Вопросы истории и теории музыки Казахстана. Алматы: Өнер, 1984. 278 с.
10. Сарыбаев Б. Қазақтың музыкалық аспаптары. Альбом. Алматы: Жалын,1978. 136 б.
11. Электронды көзқайнар: [https://turanofficial.com/about]

Шарманова Серікгүл Талғатовна
ҚазҰӨУ магистранты
Астана қаласы
sharmanova85@internet.ru

ЕгінбаеваТойжан Жылқайдаровна
өнертану ғылымдарының кандидаты
ҚазҰӨУ профессоры

Опера шеберханасы: Мәскеу консерватория жанындағы қазақ опера студиясы

*Аңдатпа**:** Мақалада 1936 жылы П. И. Чайковский атындағы Мәскеу мемлекеттік консерваториясы жанынан құрылған және Ұлы Отан соғысы басталған 1941 жылға дейін жұмыс істеген Қазақ опера студиясының қызметі қарастырылған. Студия қазақ ұлттық операсының дамуына, алғашқы қазақ операсында кәсіби әншілерін тәрбиелеуге және Қазақстанда кәсіби театрдың қалыптасуына үлкен үлес қосты. Архив материалдары мен қатысушылардың естеліктеріне сүйене отырып, қазақ опера дәстүрінің қалыптасуындағы студияның рөлі, тарихы, оның басты жетістіктері мен қиындықтары, студия қабырғасында білім алған қазақтың баритон үнді опера әншісі Кәукен Кенжетаевтың шығармашылығы жайында болмақ.*

Түйін сөздер: қазақ опера студиясының тарихы, Мәскеу консерваториясы, Кәукен Кенжетаев, опера.

XX-ғасырдың 30-шы жылдары Кеңестер елі тарихындағы «жаңа дүние» мен жаңа мәдениет үлгісін түбегейлі құруды бастаған күрделі және төтенше оқиғалы кезең болды. Осы орайда «мәдени құрылыс» мемлекеттік бағдарламасы әзірленді, онда өнер «жалпы партиялық істің» бөлігі ретінде қарастырылды. Осы жылдары көпұлтты мемлекеттің тұрақтылығы мен бірлігін қамтамасыз етуге арналған ұлттық мәдени саясаттың принциптері айқындалды. Сондықтан ұлттық мәдениетті «жедел дамыту» мемлекеттік басым міндетке айналды.

Ұлттық мәдени саясаттың маңызды буындарының бірі музыкалық мәдениеттердің қарқынды дамуы болды. Республикаларда музыкалық театрлар мен филармониялар ашылды, мемлекеттік ән және би ұжымдары, әртүрлі хор, би және аспаптық ұжымдар құрылды, музыкалық білім беру жүйесі дамып, көркемөнерпаздар шығармашылығы ынталандырылды. 30-жылдардағы ұлттық мәдени саясаттың маңызды «нүктесі», оның тиімділігінің дәлелі республикаларда ұлттық опера театрларының ашылу және «өз» ұлттық театрлардың құрылуы болды. Бұл ретте операға басты назар аударылды. Опера жанры статустық жанр дәрежесіне көтерілді. Оның болуы республиканың жоғары қоғамдық-саяси деңгейінің көрсеткіші болды.

Қазақтың кәсіби музыкасы тарихта сан қилы кезеңдерден өтті. Дәстүрден бастау алған музыка тарихымыз XX ғасырдың 30 жылдарында жаңа кезеңге қадам басады. Кеңес заманынды әдебиет, өнер бір идеологияға бағытталған

болды. Осы тұрғыда елімізде кәсіби мәдени ожақтары, 1932 жылы алғышқы театр-музыка техникумы бой көтеріп, кәсіби мамандар Мәскеуден, Ленинградтан шақыртыла бастайды. Қазақ әдебиеті мен өнерінің 1-ші онкүндігі 1936 жылы 187-27 мамыр аралығында Мәскеу қаласында өтті. Мәскеу жұртшылығына қазақтың ән, күй, би өнері көрсетіліп, әдебиет туындылары орыс тіліне аударылып газеттерге басылып, өзге ұлт өкілдеріне таныстырылды. Дәл осындай үрдіспен Әзірбайжан, Өзбек, Түрікмен, Грузин, Тәжікстан және өзге елдердің өнері көрсетілген болатын. Халық өнері жарқын көркемдігімен көрермендерді тамсандырды.

30-жылдардың бірінші жартысында Мәскеу консерваториясында бес ұлттық опера студиясы мен кафедрасы құрылды: башқұрт студиясы (1932), татар студиясы (1934), өзбек студиясы және түрікмен бөлімі (1935), қазақ студиясы (1936). Ол студияның мақсаты опера жанрына қызмет ететін ұлттық кәсіби мамандарды даярлап шығу болды. Сондықтан, студиялық бірлестіктер өз жұмысында тек қажетті, дәстүрлі оқыту әдістерін ғана емес, сонымен қатар «жолдағы мектеп» принципін, тікелей театр тәжірибесі процесінде практикалық білімді пайдаланды. Мәскеу консерваториясы оқу үдерісін жүзеге асыруды (негізінен барлық студиялардағы оқытушылар бірдей болды), әдістемелік басшылықты, оқу-өндірістік жоспарлар мен бағдарламаларды дайындауды өз мойнына алды. Консерватория өкілдері қабылдау комиссияларының мүшелері болып, студенттерді іріктеу үшін республикаларға барып тыңдалымдар ұйымдастырды. Құқықтық және қаржылық мәселелер республикалардың құзырында болды. Қазақ елінде тыңдалым 1936 жылы Алматы қаласында өткен болатын. Комиссия мүшелігінде қазақтың бұл-бұл үнді әншісі Күләш Байсеитова, Қалибек Қуанышбаев, композитор Евгений Брусиловский және республикаға танымал музыканттар болды. Бұл тыңдалымнан 20 жуық жуық қазақтың дарынды ұл-қыздары іріктелініп алынды. Оның ішінде Кәукен Кенжетаев, Мұқан Тулебаев және т.б. болды. 1936 жылы Мәскеу консерваториясының жанындағы қазақ опера студиясы ашылып, қазақтың дарынды жастарын іріктеуден өткізіп өз жұмысын бастап кетеді.

Башқұрт, өзбек және қазақ студиялары ауқымды тапсырмаларды орындады. Опера солистерін дайындаумен қатар, олар теоретиктер, композиторлар мен дирижерлерді дайындады. Студиялар мен кафедралардың ерекшелігі студенттік топтың жас жағынан да, музыкалық дайындық дәрежесінде де әртүрлілігі болды. Республикалардың халық және еңбек сіңірген әртістерінен бастап, еш музыкалық дайындығы жоқ ауыл-аймақтан келген 15-16 жастағы ұлдар мен қыздар болды. Сондықтан көптеген студия студенттері шартты түрде, сынақ мерзіміне қабылданды. Өзбек және қазақ студияларында оқу мерзімі 5 жыл, оның бірінші жылы дайындық және сынақ жылы болып бекітілді. Эксперименттік студия жұмысы консерватория студенттері мен оқытушыларының алдына таза кәсіби, шығармашылық мәселелер қойды. Кең ұлттық контингентпен алғаш рет кездескен педагогтар, білім алушылар үшін сәйкестендіре арнайы жасалған әдістемемен білім беруге тырысты. Ұлттық ерекшеліктерді, қазақ тілінің ерекшеліктерін ескере отырып, классикалық тәрбие әдісіне сүйену және еңбекте ұлттық репертуарды пайдалану; жайдан күрделіге

біртіндеп көшу (жеке әндерден, романстардан, ариялардан маңызды опералық рөлдерді орындауға дейін) қарастырылды. Оқыту дайындық бөлімінде басталды. Вокалистер келесі пәндерді оқыды: жеке ән айту, фортепиано, теория негіздері, сольфеджио, арнайы сольфеджио, хор партитурасы оқу, ырғақ, музыка тарихы, сөйлеу мәдениеті, актерлік шеберлік, қолөнер, тарих, әскери дайындық, дене тәрбиесі, орыс әдебиеті және орыс тілі. Дайындау бағдарламасы студенттердің өз мамандығы бойынша беретін оқытушылардың сабақтарында жүзеге асты.

Кафедраның студенттері Мәскеу консерваториясының жетекші профессорларынан білім алды. Атап айтсақ: Н.Е.Райский, Е.Ф.Петренко, М.В.Владимирова, Е.К.Катулская, Н.Л.Дорлиак, В.Е.Енохин (ұлттық студиялардағы оқытушылардың құрамы бірдей болды). Содан кейін жұмыс үлкен опералық формаларды дамытумен жалғасты: оқу кезінде студияда білім алып жатқан судентер күшімен П.И. Чайковскийдің, Е.Направниктің, А.Рубинштейннің, Р.Планкеттің, Дж.Пуччинидің, Е.Брусиловскийдің операларынан опералық сахналар қойылды. Қоюшы режиссері И.К. Липский болды. Студия 5 жыл көлемінде қызмет атқарады. Бірақ керек деңгейде, толық мамандарды даярлай алмады. Оның бірнеше себебі қарастырылады. Қаржылай жағынан шығынның көптігі, Мәскеуге оқуға жіберген жастардың елге оралмауы, денсаулықтарына байланысты студенттердің оқуларын аяқтай алмауы, Қазақ опера өнерінің басқа елдерге қарағанда ертерек дамуы және соңғы нүктесі 1941 жылы Ұлы Отан соғысының басталуы еді.

Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ опера студиясында білім алған сарыарқаның бір шоқтығы биік – Баянауыл баурайында туып-өскен дарынды тарландардың бірі Кәукен Кенжетаевтың өмірі мен шығармашылығына үңілсек. Әкесі Кенжетайдан үш ұл: Әбдікәрім (Абден), Шахкәрім (Шәкен), Әбдірахым-Кәукен туған. 1916 жылы ақпан айының 25 жұлдызында дүниеге келіпті. Аналары Жамал сом сүйекті, ірі денелі, қайратты адам болыпты. Алматы қаласына 1934 жылы Қажымұрат ағасы шақырту алғасын Кәукен Кенжетаев бірге еріп келеді. Мақсаты әйтеуір бір мамандықты меңгеріп алу болады. Сөйтіп ауылшаруашылық институтына емтихан тапсырып математика мен физика пәндерінен құлап қалады. Бірақ оған қарамастан өткен студенттермен қоса сабаққа қатысады екен. Емтиханнан құлатқан мұғалім байқап қалып: Сіз менің класымда жоқсыз. Менің сабағымнан екі алғансыз” дейді екен. Кәукен Кенжетаев білімге деген құштарлығын айтып, кейін осы сабақтарды өте жақсы меңгерген екен. Осы жерде екі жыл оқып көркемөнерпаздар клубына белсене қатысып, көп пьесаларда басты рөлдерді ойнап жүреді.

1936 жылы Мәскеу консерваториясының жанынан қазақ опера студиясы ашылады. Соған “жастар алынады” деген газетте құлақтандыру жарияланады. Мұны оқығаннан кейін есі шығып, бұл берілген мүмкіндік сияқты көрінеді. Комиссия бастығы Евгений Брусиловский мен Қалибек Қуанышбаев екен. Кезекте тұрған қыз-жігіттердің саны көп. Қара торы ұшын бойлы жігіттен оң кезекке тұрады. Коммисия алдынан күліп те, жылап та шығып жатты. Кәукен Кенжетаевтың алдындағы қара торы жігіттің кезегі келіп кіріп кетеді. Бір уақытта тенор бояулы үн шыға бастады. Ол Қадау әншінің айтатын “Қанатталдыдан”, кейін Ғазиздің “Атандым Ғазиз ақын бала жастан” әнін

салады. Диапозоны кең болмағанымен үні әдемі екен. Аздан соң қара торы жігіт күлімдеп бөлмеден шығып, кезекті Кәукен Кенжетаевке береді. Сәттілік тілеп, жақсы сөздер айтып жұбатып жібереді. Кәукен Кенжетаевтың қобалжығаны соншалық, көзі бұлдырап аяқ қолдары ерікке бағынбай кетеді. “Қараторғай” әнін бастап кетеді. Жақсы деген баға алып, мәз мейрам болып, тыңдалымнан абыроймен өтеді. Есіктен шыға бергенде әлгі қара торы, бойы ұзын жігіт күтіп тұрады. Эмоцияларымен бөлісіп, әңгімелері жарасып, таныса кетеді. Ұзын бойлы жігітіміз – Мұқан Төлебаев екен. Кәукен Кенжетаев студенттік шақтарын былай баяндайды: “Вагонға келіп кірсем, іші лық толы. Мәскеуге оқуға бара жатқан балалар. Мұқан маған өз жанынан орын алған екен, мені туысқанындай қарсы алды. Бәріміздің де Мәскеуді алғашқы көруіміз. Ата-ана құшағынан шығып, өнер, білім деп талпынған кез. Талай ұлы музыканттар, әншілер дайындап шығарған, ұлы композитор П. И. Чайковский атындағы консерваторияда алғаш нотаның не екенін түсіндік. Атақты профессорлар Е.Петренко, К.Дорлиан, Н.Дарлиак, М.Владимирова тағы сол сияқты көптеген тамаша мұғалімдер әннен сабақ берді. Бізге оқудың қиыншылығы мен қуанышы қатар жүрді. Олай дейтінім біз музыкалық өнерге ең алғашқы енген кезіміз еді. Барлық пәндер орыс тілінде жүрді. Орыс тілін жетік білмегендіктен қиыншылықтар болды. Тек оқуға ниет, күрделі еңбек және ұстаздарымыздың бізге деген адал жүрегінің арқасында осы қиыншылықтардың бәрі көп ұзамай артта қалды”.

Мұқан Төлебаевпен көптеген өнер ошақтарына барып таңданып әсер алады. Музей, неше түрлі көрмелерге баруға жалықпаған. Екі дос әншілікті алып жүреді. Уақыт өте Мұқан Төлебаев әншілік бойына келмейтінін айтып, өзін композиторлық қырынан ашқысы келетінін айтады. Кейін композиция сыныбына ауысып кетеді. Консерватория қабырғасында Кәукен Кенжетаев профессор Н.Г.Райскийдің класында доцент В.Енохивичтен 1936-1941 жылдар аралығында консерваторияда білім алады. Оқуды тәтәмдауға бір жыл қалғанда соғыс басталып, қайта Алматыға қайтуға тура келеді. 1942 жылы әскер қатарына алынып, Қиыр Шығысқа, Хабаровск қаласына жіберіледі. Ол онда шекарашылар ансамбілінде әнші болып жұмыс істейді.

1941 жылы Алматыға келіп театрға орналасады. Әскерге баруға тура келгендіктен, театрда ұзақ жұмыс істемеді. Кәукен Кенжетаевтың естелігінде былай деп жазады: “Мұқан осы кезде Алматыда еді. “Біржанды” жазамын деген зор дайындық үстінде екен. Армияға кетер алдында, кішкентай бөлмеде, темір кереуетте екеуіміз түнімен әңгімелескен едік. – Бір ойым осы “Біржан мен Сара” операсын жарыққа шығарсам деймін. Сол үшін Біржанның өз әндерін, Жаяу Мұса, сол сияқты халық композиторларының жинап алсам. Халық шығармашылығын жете білмей, “Біржанда” жазу болмайды ғой. Шіркін – ай, сендер жеңіспен қайтып келіп, опера театр сахнасында шырқыратып Біржанды айтып жатсаңдар. Байғали Досымжанов – Біржан, Шабал Бейсекова – Сара, ал сен Жанбота...Мен бірінші қатарда сендерді сүйсіне тыңдап рахатқа батып отырсам...Бар өмірімді осының жолына сарп етсем де, мұны жазбай қоймаспын!”.

1946 жылы Кәукен Кенжетаев әскерден оралады. Тап сол жылы Мұқан Төлебаевтың “Біржан мен Сара” операсын қоюға жұмыстар жүріп жатады. Осы операдығы Жанбота рөлі Кәукен Кенжетаевке беріледі (екінші құрам). Режиссері - Құрманбек Жандарбеков, дирижері - Григорий Столяров, суретшісі - Анатолий Ненашев болды. Опера адамдардың көңілін аударатындай тамаша шығарма боп, көрермен жүрегінен орын тапты.

Сондықтан тарихта Кәукен Кенжетаевтың опера сахнасында алғашқы орындаған партиясы – “Біржан - Сара” операсынан Жанбота партиясы. Бұл операның премьерасы 1946 жылы 7 қазанда Абай атындағы Қазақ опера және балет театрында өтті. “Біржан – Сара” операсы халық сүйген, аңсап келіп сүйсіне тыңдайтын мұра.

1948 жылы Кәукен Кенжетаевтың өміріндегі елеулі уақиға ол Қазақтың ұлы композиторы Ахмет Жұбановпен кездесуі еді. Бір күні Алматы консерваториясының ректоры Ахмет Қуанұлы Жұбановтан шақырту алады. Кабинетіне кіріп барған кезінде Ахмет Қуанұлы күлімдеп қарсы алады. Кә Кәукен Кенжетаевтың өміріне көз жүгіртетін болсақ, ғұмырының жеспіс жылы өнерге арналыпты. Осы жылдарда өмірдің суығын да, ыстығын да, тәттісін де ащысында бастан өткерген еді. Өнер сахна төрі арқылы өмірдің ғажайып құпиясын, әлемнің кілтін ашты десек болады. Өнер, ол кісіні кішкентай сәбидей еркелетіп, оның қарапайым жүрегінен шыққан адал ағысына бөледі. Өнер, сахна, театр, опера арқылы Сапарғали Бегалин, Ермек Серкебаев, Мұқан Тулебаев, Күләш Байсеитова, Қанабек Байсеитов, Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезов, Шара Жиенқұлова, Манарбек Ержанов, Құрманбек Жандарбеков сынды халқымыздың әдебиетімен мәдениетінің ірі алыптарымен жүздесіп, сол кісілермен дәмдес болған жан. Бұл адамдардан Кәукен Кенжетаев өмірлік тәжірибе алып, сол замандағы өнер мектебін осы күнге жеткізген. Бұл алыптардың әрқайсысы бір-бір биік шың, жазылмаған кітап. Осы тұлғалар жайында Кәукен Кенжетаев өз еңбектерінде сөз етіп, өнерге сіңірген жұмыстары жайында, олардың кәсібилігі, олардың сахнадағы қимыл-қозғалысы, өнерге деген адалдығын баяндайды. Бұндай мәліметтер болашақ ұрпақ үшін таппас қазына іспеттес. Тарихын білмеген адамның болашағы бұлыңғыр. Осындай алып тұлғалар біздің классикалық өнеріміздің іргетасын қалап, есімдері алтын әріптермен жазылғаны анық. Ахмет Жұбанов сол кездегі Алматы консерваториясының ректоры Кәукен Кенжетаевтың Мәскеу консерваториясын аяқтай алмағанынан хабардар екен. Енді оған Алматы консерваториясына қайта түсіп, төртінші курсқа қабылдайтынын жеткізеді. Мәскеуге қарап отырмай, өзімізден мамандар болғанын қалайтынын айтады. Басты талап сабақты босатпай, тек жақсы оқу болды.

Ахмет Жұбановтың қазақ музыка өнерінің кәсіби ғұмыры үшін, дара жол салып кеткен тұлға. Кәукен Кенжетаев өнер ордасы консерваториянда Александр Матвеевич Кургановтың сыныбында білім алып, 1949 жылы консерватория студенттерінің Бүкілодақтық байқауынаа қатысады. Осы байқауға Кәукен Кенжетаев, Ермек Серкебаев, Бекен Жылысбаев ұстаздары Александр Кургановпен бірге аттанады. Үш әнші де Мәскеу сахнасында тамаша өнер көрсетіп, жүлдемен елге оралады.

Советтер Одағының халық әртісі М.Тулебаев композитор және Қазақстан Республикасының халық әртісі Евгений Брусиловский екеуі қосылып, “Амангелді” 1963 жылы операсын жазды. Амангелді бейнесін Кәукен Кенжетаев сомдады. Режиссер ретінде ең бірінші сахнаға шығарған опера – спектаклі осы еді және Амангелді ролін қоса сомдап шыққан жан.

Еркеғали Рахмадиевтың өтініші бойынша Кәукен Кенжетаев “Алпамыс” операсының либреттосын жазуға кіріседі. Алпамыс тақырыбы бала кезден жақсы көретін поэмасы болғандықтан, сюжетін жатқа білетін. Операның либреттосы да, музыкасы да керемет жазылды. Бұл операда Кәукен Кенжетав Тайшық ханның бейнесін сомдады. Бұл операда Кәукен Кенжетаев режиссер, әнші және либреттосын жазған адам ретінде тарихта қалды. Москвада 1978 өткен бұл қойылымы бүкіл одақтық байқауда екінші жүлдеге ие болған.

Жалбыр рөлі “Жалбыр” операсындағы Жалбыр рөлі, “Руслан және Людмила” операсындағы Руслан, Урядник Семен рөлі “Дудар-ай” операсындағы, Князь Игорь рөлі “Князь Игорь” операсынан, бұл рөлдердің барлығы опера сахнасына оңайлықпен шыққан жоқ. Бұның артында үлкен қажырлы еңбек жатыр. Кәукен Кенжетаев үшін орындаған партиялар өте қымбат, сиқырға толы әсем дүние. Бұл, сөз жоқ, оның творчествосының халықтық, ұлттық жігерден нәр алуында. Вокалдық шеберлігінде халықтық негізге сүйенгендіктен, Кәукен Кенжетаев даланың кеңдігін, жердің дархандығын ерекше көркемдік қуатпен суреттеп, туған халқының психологиясы мен жан дүниесін, рухани болмысын, эстетикалық жиһазын, әсем әлемін асқан сезімталдықпен жеткізеді. Халықтың көркем палитрасымен безендірілген әнші даусы, қоңыр үні табиғи қалпында төгілумен тыңдаушысының көкейіне қона кетеді.

Кәукен Кенжетаев ұлы опера әншілерімен сахналас болып, баға жетпес тәжірибе алғаны сөзсіз. Соның бірі Құрманбек Жандарбеков. Кәукен Кенжетаев Құрманбек Жандарбеков қойған опералық қойылымдарға үнемі ассистент болуға құштар болған. Өзін іштей режиссерлікке дайындап жүрген. Режиссерліктің қыр - сырын меңгеруге құштарлығы мол болған. Алдыңғы ағалардан үйреніп, өмірден алған тәжірибесін өзінен кейінгі ұрпаққа қалдыру мақсатында режиссерлікті меңгеруге бел буады. 1961 жылы Мәскеудегі Үлкен театрға режиссер мамандығын үйрену мақсатында, тәжірибе алу мақсатында жол тартады. Онда үш ай көлемінде болып, Үлкен театрдың сол жылғы репертуарындағы операларын көріп, зерттеп шығады. Сол кезде СССР халық әртісі Борис Покровский композитор Дзержинскийдің Шолохов әңгімесіне негізделген “Адам тағдыры” атты операсын, Щедриннің “Тек ғашықтық қана емес” театр дайындау үстінде болған. Осы екі қойылымға ассистент болып бірге қойысқан. Сөйтім зор тәлім алып, режиссердің ұйымдастыру жұмыстарының қыр сырымен танысып, режиссерлік шешемдер үйреніп келеді. Мәскеуден оралған соң, Абай атындағы опера және балет театрында “Адам тағдыры” операсын қояды. Спектакль биік дейгейде атқарылып қойылды.

Кәукен Кенжетаевтың білімі мен таланты аяқсыз қалған жоқ. Талантты ұрпақ тәрбиелеуге білек сыбана кірісіп кетті.1978 жылдан бастап өмірден өткен 2008 жылдар аралығында тапжылмастан Т.Жүргенов атындағы өнер ордасында

“Музыкалық комедия” кафедрасын ашып, ұзақ уақыт кафедра меңгерушісі болып қызмет істеді. Сол бөлімде оқып жүрген студенттерге арнайылып қаншама драмалық дүниелер, қаншама либретто пайда болды. “Алдардың айласы” - екі бөлімді, бес көріністі музыкалық комедия, “Кемпір мен шал” - екі бөлімді, бес көріністі музыкалық комедия, “Қаңбақ шал” екі актілі музыкалы пьеса, “Хұсни мен Хорлан” екі бөлімді, төрт көріністі музыкалық шығарма, “Күйші” екі бөлімді, музыкалы поэтикалық драма, “Қалқаман Батыр” режиссерлік экспозиция, “Баян жүрек” үш перделі опера, “Сапар” екі бөлімді, төрт көріністі пролог пен опера, “Фигароның үйленуі” аударма, “Сильва” аударма.

Жазушылығына келетін болсақ, жас кезінен қағазға бір дүниелер түртіп жүреді екен. Ұқыптылығы соншалық сол дүниелердің барлығын жинақтап мемуарлық дүниелер қалдырған. Атап айтсақ “Дархан дарын”, “Высокий дар призвания”, “Режиссер Мажит Бегалин”, “Әзілің жарасса”, “Асылдылар мен ардақтылар”. Бұл шығырмалар қазақ өнер тарихы үшін таптырмас мұра есебінде. Бұл дүниелерде тарихта өткен қазақ операсы, кинемотография, театр сахна саңлықтарының өмірдегі кейіпін, адами қасиетін, оның кәсіби шеберлігі туралы мәліметтер қалдырған.

Кәукен Кенжетав пен Шабал Бейсекованың алғашқы таныстығы 1939 жылы Мәскеу консерватория қабырғасында еді. Кәукен Кенжетаев сол жерде білім алып жатады. Қазақстаннан біраз атақтары шыққан қыз-жігіттер шыңдалу үшін келіп жатады. Олардың ішінде Байғали Досымжанов, Шабал Бейсекова, Бекен Жылыспаев тағы да басқа талапкерлер бар еді. Шабал Бейсекова өте сұлу, ақылына көркі сай, шашы тізеден асып тұрған, дауысының әсемдігімен көзге бірден түсетін жан екен. Даусы күмістей сылдыраған, сүйкімді жан. Ол консерваторияда Мария Барсованың сыныбында тәлім алады. 1947 жылы қол ұстасып отбасылық өмірге қадам басады. Каукен Кенжетаевпен Шабал Бейсекова елу жылға таяу ғұмыр кешіпті.

Мәскеу Консерваториясы жанындағы қазақ опера студия қабырғасында танысып қазақтың операсының дамуыны зор үлес қосқан жандар. Студия қабырғасында алған кәсіби білімдерін өскелең ұрпақпен бөлісіп, ұстаздық еткен. Бұндай білім болашақ ұрпақ үшін таппас қазына іспеттес. Тарихын білмеген адамның болашағы бұлыңғыр. Осындай алып тұлғалар біздің классикалық өнеріміздің іргетасын қалап, есімдері алтын әріптермен жазылатыны анық.

Әдебиеттер тізімі

1. Ақын жанды артист / К. Кенжетаев // Жетісу, 1987. 9 мамыр.
2. Атамекен / К. Кенжетаев // Жұлдыз, 1995. № 4. 3-45 б.
3. Аты шулы күрес / К.Кенжетаев // Тасжарған. 2008. 21 мамыр.
4. Әннің де естісі бар, есері бар / К. Кенжетаев // Жалын, 1986. №1. 72-80 б.
5. Брусиловский Е. Пять тетрадей. Воспоминания. Простор, 1997. № 10. 86-113 б.
6. Кенжетаев К. Асылдар мен ардақтылар. Алматы: Өнер, 2002. 296 б.

7. Кенжетаев К. Қазақ халық әндерін орындаудағы кейбір сипаттары. Алматы, 1990. 41 б.
8. Кенжетаев К. Дархан дарын. Алматы: Өнер, 1980. 152 б.
9. Кенжетаев К. Сахна тағылымы. Алматы, 2002. 198 б.
10. Кенжетаев К., Сатаев Р. Шәкен Айманов туралы естеліктер. Алматы: Білім, 2004. 224 б.
11. Кенжетаев К. Әзілің жарасса. Алматы: Хант, 1997. 60 б.
12. Кенжетаев К. Кинрежиссер Мәжит Бегалин: естелік. Алматы: Өнер, 1994. 112 б.
13. Кетегенова Н. Мукан Тулебаев. Алма-Ата, 1993.
14. Мессман В. Возрождение песни. Алма-Ата, 1958.
15. Салихова Л. Татарская оперная студия при Московской государственной консерватории (1934-1938) в контексте музыкальной культуры Татарии 30-х гг. XX века. Автореф. дис. канд. искусствоведения. Казань, 2009.

Абдыашимұлы Айбек
Қазақ ұлттық өнер университетінің «Вокалдық өнер» кафедрасының
2 курс магистранты
aibeksinger@mail.ru

Егінбаева Тойжан Жылкайдаровна
өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор

Нағым Мендіғалиевтің Абай Құнанбайұлының өлеңдеріне жазылған вокалдық шығармалары

Аңдатпа: Қазақ вокалдық өнерінде ұлы ақын Абай Құнанбайұлының өлеңдеріне жазылған шығармалар баршылық. Солардың бірі дарынды композитор Нағым Меңдіғалиевтің жазған романстары. Ұсынылып отырған мақалада Абай Құнанбайұлының өлеңдеріне жазылған Нағым Мендіғалиевтің «Ғашықтық құмарлықпен ол екі жол», «Кейде есер көңіл», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Жазғытұры», «Мен сәлем жазамын» романстарына вокалдық талдау берілген.

Түйін сөздер: вокалдық өнер, романс, вокалдық партия, камералық жанр, фортепиано партиясы.

Нағым Меңдіғалиев – композитор, ҚазКСР еңбегі сіңген өнер қайраткері, профессор. Батыс Қазақстан (бұрынғы Орал) облысында 1921 жылы дүниеге келген. Өнер жолын Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясынцң екі мамандығы бойынша бітірген.: фортепиано (доцент Е.Ф.Гировскийдің сыныбы) және композиция (профессор Е.Г.Брусиловскийдің сыныбы). Н.Меңдіғалиев шығармаларының ішінде фортепиано мен оркестрге

арналған төрт концерт, «Дала» (1965), «Толқын» (1971), «Тың» (1981), «Панфиловшылар» (1982) симфониялық поэмалары, камералық оркестрге арналған сюита (1971), «Дала комиссары» кантатасы (1970), a cappella хорына арналған «Тың туралы» сюитасы (1960), Н.Әлімқұлов, М.Рашев, Ж.Молдағалиев, К.Қадырова, С.Сейітхазин, Х.Тәкежанова сынды ақындардың өлеңдеріне жазған әндері; Қ.Ыдырысовтың сөзіне жазылған циклы; драмалық спектакльдерге арналған музыкалары мен т.б. туындылары бар [1].

Даңқты композитор 1948 жылдан бастап Алматы Мемлекеттік консерваториясында педагогикалық қызметпен айналысып, өзінің 300 - ден астам аспатық пьеса, ән – романстар, спектакльдерге арнаған музыка, т.б. жазып артынан мол мұра қалдырып кетті [2].

Сонымен қатар, Нағым Меңдіғалиев романс жанрында өте қарқынды жұмыс істеді. Композитор, Абайдың шығармашылығына ерекше қызығушылық танытты. Оның поэзиясынан сан алуан тақырыптарды: ойдың тереңдігін, қазақ халқының өмірінің шындығын, ойлары мен ұмтылыстарын бейнеледі. Нағым Меңдіғалиевтің Абай өлеңдеріне жазылған романстары тамаша музыкалық және эмоциялық бай орындауымен ерекшеленеді.

Композитордың шығармашылығындағы белгілі туындыларының бірі әрі бірегейі - *«Ғашықтық құмарлыкпен ол екі жол»* романсы. Романстың өлеңін Абай 1889 жылы жарыққа шығарған. Автордың жан дүниесі бойынша бұл өлең махаббат лирикасын сипаттайды. Туынды 11 буынды қара өлең ұйқасымен жазылған 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. Көлемі жағынан 12 жолды құрайды. Романстың вокалдық партиясы кең әуезділігімен ерекшеленеді. Оның интонациялық құрылымы келесі фразаны бастайтын октавалық секіріспен алмастырылатын тегіс қадамдарды қамтиды.

Мысал №1



Романс біртіндеп дамып , нәтижесінде екінші октаваның «ля» нотасында шарықтау шегіне жетеді. Фортепиано партиясы түрлі бояуларды қамтып, өте дамыған. Композитор онда әртүрлі интонациялық-ритмдік формулаларды қолданады. Олардың ішінде диатоникалық сипаттағы төмендеген трихорд әндерге назар аударады: ля-фа диез-ми. Ол композитордың әуенінің клишесіне айналады. Фортепиано партиясы да музыкалық байлығымен ерекшеленеді. Оның дамуы әртүрлі. Сонымен, егер романстың бастапқы бөлімінде фортепиано сүйемелдеуінің бір түрі қолданылса, онда романстың дамушы бөлігінде

сүйемелдеу арпеджио аккордтарымен, октавалық қозғалыспен байытылады. Сонымен қатар, вокалдық партия қайталанбайды, фортепиано партиясында Рахманиновтың романстарында жиі кездесетін бояулармен толықтырылады. Романсты жазу кезінде Нағым Меңдіғалиев үшін Рахманиновтың стилі үлгі болғандығы шығармашылығында байқалады [3, 164 б.].

Сонымен қатар, романста Абайдың әндеріне ұқсастық бар. Абай әндерімен интонациялық-тақырыптық жақындықты атап өткен жөн:

1. Тірек тоникалық дыбыстар бойынша тоникалық негізден бастау;

2. Алтыншы сатыдан төмен қарай тоникаға дейін үш хордалық каденциялау. Сонымен қатар Меңдіғалиевтің романстарында дәстүрлі қазақ өнерімен байланысы бар екенін атап өтуге болады. Бұған халық әндеріне тән трихордалық әндер-клишелерді қосу арқылы пайда болатын диатонизм мен пентатонизм дәлел бола алады; табиғи жетінші кезеңнің тоникасы мен триадасының арақатынасы.

«Кейде есер көңіл» романсының өлеңі 1890 жылы жазылған. Абай бұл романстың өлеңін махаббат тақырыбындағы шоқтығы биік шығармаларының бірі ретінде санаған. Өлең 7-8 буынды шалыс ұйқаспен өрнектелген. Әрқайсысы 4 тармақты 4 шумақтан тұрады. Романстың вокалдық бөлігі 7-ші табиғи кезеңнен басталады. Оның әуезді құрылымы қазақ вокалдық фольклорына тән трихордты терц мотивтерін де қамтиды.

Мысал №2



Т.Ж. Егінбаева өзінің ғылыми мақаласында романс қарапайым үш бөліктен тұратын АВА түрінде жазылғанын, бөлімдердің қарама-қарсы үйлесімі: экстремалдылары баяу қарқынмен (өлшемі 2/4) жазылған элегиялық мұңды көңіл-күйді бейнелегенін атайды. Ортаңғы бөлім жылжымалы серпінді және қобалжулы деп көрсеткен және де «Жиырма бес» әніне ұқсастық бар деп санаған [4, 725-730 б.].

«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» ромнсының өлеңін 1894 жылы 49 жасында Абай жүрек лүпілін, нәзік сезім ырғағын, жан толқынысының психологиялық күйін иланымды, табиғи әсерлі қалыпта бейнелегенін көрсете отырып жазған. Романстың поэтикалық мазмұны әдетті романтикалы. Бұл сөздерді емес, көзқарасты, жүректі және жанды қажет ететін махаббат туралы рефлексия. Бұл

көпті көрген, ұзақ өмір сүрген ақынның ойлары. Жастықты, махаббатты еске түсіру, романсқа жарқын лирикалық ойлаудың сипатын береді. Романстың қорытындысы бар, қарапайым екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімнің негізінде (ми бемоль мажор ¾, Andantino) - бұл біртіндеп қозғалатын әуен. Оның ерекшелігі - ұзақ дыбыстармен фразалық мотивтердің аяқталуы. Бірінші фразаның соңы халық өнеріне тән трихордалық әнге - клише-секунд-терция, ал екінші фразада әуенді безендіретін фольклорға тән үштік фигуралар пайда болады.

Мысал №3



Бірінші бөлім – сөз тіркестерінің үйлесімділігі мен тепе-теңдігімен ерекшеленеді. Бастапқы және соңғы сөз тіркестері әуезді, сабырлы сипатқа ие, ал ортаңғы бөлімде қозғалыс динамикаланады, жігерлі болады. Романстың екінші бөлімінде музыка қозғалмалы сипатқа ие болады, кілттің өзгеруі (соль минор), өлшемі (2/4). Музыкалық Даму 2-ші октаваның «соль» нотасында шарықтау шегіне әкеледі, ол ритмдік түрде баса назар аударады-2,5 жолаққа созылады. *Мысал №4*





Қорытындыда романстың негізгі идеясын растайтын «Ғашық тілі – тілсіз тіл» бастапқы тезисі қайта жазылады.

«Жазғытұры» Абайдың 1890 жылы табиғат тақырыбына арналған, көктем көркі өлеңі бойынша суреттелген. Өлең 6-8 буынды шалыс ұйқаспен жазылған, көлемі 66 жолдан тұрады. Романс табиғаты бойынша лирикалық-меланхолиялық формасы бойынша орналастырылған. Әуеннің тегіс, әуезді түрі мәнерлі фортепиано сүйемелдеуімен ашылады.

Мысал №5



Фортепиано партиясы дыбысқа ұлттық дәм беретін кварта-квинта формулаларын пайдаланады. Бұл романста поэтикалық образдың экспрессивтілігі музыкалық образдың экспрессивтілігімен үйлеседі. Бұл романсты айту орындаушыдан жоғары техникалық шеберлікті талап етеді. Н. Меңдіғалиевтің Абай сөздеріне жазған романстарын талдау композитордың Абай өлеңінің атмосферасына еніп, бейнелі мазмұнның тереңдігін интонациялық-ритмдік құралдармен көрсетіп, көңіл-күйді жеткізе алғанын көрсетті. Бұл романс, әншіден жоғары техникалық дайындықты талап етеді.

«Мен сәлем жазамын» романсы 1897 жылы ақынның нәзік лирикалық сезімге құрылған махаббат жырлары қатарында белгілі орын алатын өлеңіне жазылған. Өлеңде өзінің сүйіспеншілік сезіміне жауап таппаған ғашық жігіттің құсасы, сағындырған жарына үзіліп, үздігіп жазған сәлем хаты түрінде жеткізіледі. Алыстан ынтығып, сырттай иемденген шарасыз жігіт өзінің жай-күйін сәлемшіден жеткізе алмай, не қыздан жылы сөз ести алмай, іштен тынып шермеңде болады. Күткен үміті ақталмауға айналғаннан кейін, үзілген күдерімен бірге өз өмірінің қызығы да сөніп бара жатқанын айтып мұңаяды. Өлең буынды шалыс ұйқаспен кестеленген. Әрқайсысы 4 тармақты 3 шумақтан тұрады. *Мысал №6*



Романсқа вокалдық тұрғыдан келер болсақ орындаушы үшін автор берген философиялық мағынаны жеткізу қиындық туғызады. Романстың өлшемі 6/8 жазылған. Романстың шарықтау нотасы екінші октаваның ля бемолы. Бұл нотада ff көрсету әншінің орындаушылық сапасын көрсетеді. Бұл романс әншінің толық диапазонын қажет етеді. Орындаушыдан динамикалық белгілер pp, mf, ff автор көрсеткендей орындау маңызды.

Нағым Меңдіғалиевтің Абай өлеңдеріне жазылған романстары әрқашан музыкалық тілдің мәнерлілігімен, кантиленасымен ерекшеленетінін атап өткен жөн. Бұл романстарда әуен басым. Ұлы ақын шығармаларының сұлулығы мен тереңдігін шынайы сезіммен, сүйсіне көрсете білген композитордың құнды өнер туындыларын орындаушы аса шеберлікпен жеткізіп, жас буынға мұра етіп қалдыруы - өсиет деп санаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан композиторлары. Композиторы Казахстана. Анықтамалық. Справочник/ Құраст.: Бағысбек Қуат. Алматы: «Sansam», 2011. 216 бет.
2. Қазақстан Ұлттық Энциклапедия, 6 том.
3. Композиторы Казахстана (творческие портреты композиторов Казахстана) Том первый. Алматы: Алматы – Болашак, 2012.
4. Егинбаева Т. Музыкалық білім және музыкалық ғылым саласындағы өзекті мәселелері // Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторясының 60 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. Алматы, 8-9 желтоқсан, 2004.
5. Меңдіғалиев Н. «Гүлден, дала!» әндер, романстар, хорға арналған сюита. Алматы: Өнер, 1983.

Аманкешова Диана
Бакалавриат студенті, «Дирижерлеу» кафедрасы,
Қазақ Ұлттық Өнер Университеті
Ғылыми жетекші ***Бухвалова М.В.***
Қазақстан, Астана қаласы
amakesovadiana@gmail.com

Сергей Рахманиновтың хор шығармашылығы

Аңдатпа: Бұл мақалада біз Сергей Рахманниновтың хор шығармашылығын қарастырамыз, сонымен қатар бірнеше хор шығармаларына музыкалық талдау жасаймыз.

Кілт сөздер: Сергей Рахманинов, хоровые произведения, рухани хор шығармалары, зайырлы хор шығармалары.

Рахманинов Сергей Васильевич (1873-1943) – орыс композиторы, дирижер, пианист, музыкадағы символизм және неоромантизм бағыттарының өкілі. Ол өз жұмысында Санкт-Петербург және Мәскеу композиторлық мектептерінің принциптерін біріктірді. Оның жұмысы жалпы орыс мәдениетімен және әсіресе халық әнімен тығыз байланысты.

Рахманинов алғашқы музыкалық дайындықты Санкт-Петербург консерваториясында (1882-1885 ж) бастады, ол 9 жасында оқуға түсті. Алайда, ол жерде оқу отбасылық қиындықтар мен тәртіптің болмауына байланысты сәтсіз болды. Бұл Мәскеу консерваториясына ауысуға әкелді [1]. Мәскеу консерваториясы (1885-1892).Рахманинов Мәскеуде әйгілі мұғалім Николай Зверевтің сыныбында оқуын жалғастырды. Зверев жас музыканттың фортепианода ойнаудың жоғары техникасын дамытып, тәртіпке деген сүйіспеншілігін оятты.1888 жылдан бастап ол Фортепиано сыныбында –Франц Листтің шәкірті Александр Зилотиде білім алды [2].

Композициялар сыныбында - Сергей Танеев пен Антон Аренскийдің басшылығымен оқиды. 1892 жылы Рахманинов консерваторияны алтын медальмен бітірді. Дипломдық жұмыс ретінде ол «Алеко» операсын ұсынды, ол небәрі 17 күнде жазылып, Үлкен театр сахнасына тез қойылды [3]. Зверев, Танеев және Аренский сияқты мұғалімдер оның стиліне үлкен әсер етті. Зверев Мәскеудің музыкалық салондарына қол жеткізді, онда Рахманинов көрнекті музыканттармен кездесті. Бұл оның өз заманының ең дарынды композиторларының бірі ретінде қалыптасуына көмектесті [4].

Рухани шығармаларынң бірі «Литургия святого Иоанна Златоуста» (1910) болған .Рахманиновтың православиелік дәстүрлер аясында құрылған, бірақ жаңашыл элементтерімен ерекшеленетін алғашқы ірі рухани туындысы. Композитор хор құрылымының байлығы мен ерекше гармоникалық техниканы қолдана отырып, литургиялық ғибадат атмосферасын жеткізуге тырысты. Мысалы, «Херувимской песне» ескі орыс интонацияларының Рахманиновтың жеке музыкалық тілімен үйлесуін естуге болады [5].

Рахманиновтың «Литургия святого Иоанна Златоуста» 20 нөмірден тұратын вокалды-хор циклі. Бұл циклдағы нөмерлер атауы: 1. «Великая ектенья»

2. «Благослови, душе моя, Господа»
3. «Слава Отцу» и «Единородный»
4. «Во царствии Твоем» (екі елесенген хор және бір хор)
5. «Приидите, поклонимся»
6. «Господи, спаси благочестивыя» и «Святый Боже»
7. «Сугубая и последующие ектеньи»
8. «Иже херувимы»
9. «Просительная ектенья» и «Отца и Сына»
10. «Верую»
11. «Милость мира»
12. «Тебе поем»
13. «Достойно есть
14. «Отче наш» (екі елесенген хор
15. «И духови Твоему» и «Един Свят
16. «Хвалите Господа с небес».
17. «Благословен грядый» и «Видехом свет истинный
18. «Да исполнятся уста наша»
19. «Буди имя Господне» (екі елеселенген хор)
20. «Слава Отцу» и «Благочестивейшаго»

Жоғарыда келтірілген тізімнен С.В.Рахманинов кейбір нөмірлерді екі елеселген хорға жазылғаны анық көрінеді. Мысалға «Во царствии твоем» нөмерінде әртүрлі тембр дауыстарын естуге болады. Ал жалғыз хорларда шығарламал кейбір лиризммен естіледі, ал екі елеселенген хор шығарманың шиеленісті драманы көрсетеді. Тональды жоспар бойынша «Литургия» біріктірілетін екі бөлікке бөлінеді B-dur тональностте жазылған. Шығарманың бірінші жартысында доминантты функция басым болады, ал екіншісінде кілттердің субдоминантты тізбегіне тартылыс байқалады.

«Всенощное бдение» (1915). Бұл цикл Рахманиновтың хор шығармашылығының шыңына айналды. «Всенощном бдении» автор ескі орыс әндерін композиторлық жаңалықтармен үйлестіре отырып, православиелік ғибадатта қолданылатын мәтіндерге жүгінеді. Бір қызығы, бірнеше бөліктер, соның ішінде «Ныне отпущаеши» және «Благослови, душе моя, Господа», композитордың өзіндік әуендеріне негізделген, олар баннерлік әнге сәйкес стильдендірілген. Шығарманы замандастары ғана емес, діни қызметкерлер де жоғары бағалап, оны орыс музыкасының ең ұлы рухани композицияларының бірі деп атады [6].

Рахманиновтің «Всенощное бдение» 15 нөмерден тұратын хорлық циклі:

1. «Приидите, поклонимся»
2. «Благослови, душа моя»
3. «Блажен муж»
4. «Свете тихий»
5. «Ныне отпущаеши»
6. «Богородице дево, радуйся»

7. Шестопсалмие
8. «Хвалите имя Господне»
9. «Благословен еси Господи»
10. «Воскресение Христово видевше»
11. «Величит душа моя Господа»
12. «Славословие великое»
13. Тропарь «Днесь спасение»
14. Тропарь «Воскрес из гроба»
15. «Взбранной воеводе»

«Всенощное бдение» ән айтудың 3 стилін қамтиды: знаменный 8, 9, 1213 және 14 номерлерде), речитативті грек стилі (2 және 15 номер) және де «киевский» ән салу, бұл ән айту стилі XVI мен XVII ғасырларда Киевте дамыған (4 пен 5нөмерлер) Шығарманы жазар алдында Сергей Рахманинов Степан Смоленскийдің жетекшілігімен ежелгі ән салуды үйренді, жәнеде ол осы шығарманы оған арнады. Бұл хорлық цикл төрт дауысты хорға және бас-профундоға жазылды. Алайда, көп бөлімдерінде үш, бес, алты немесе сегіз дауысты .үйлесімді гармония және 7 нөмерде хор он бір дауысқа бөлінде. Төртінші және тоғызыншы бөлімдерде тенорға арналған қысқа жеке бөліктер, ал екінші және бесінші бөлімдерде сәйкесінше альт пен тенорға арналған ұзын жеке бөліктер бар. Бесінші бөлім «Ныне отпущаеши», өзінің аяқталуымен танымал болды, онда төменгі басс төменгі си бемоль нотасымен аяқталатын төмен гамманы айту керек

Зайырлы хор музыкасы Рахманиновтың жұмысында аз көлемде болғанымен, оның көркемдік құндылығы да жоғары. Халық поэзиясының лирикасын жеткізетін «А. Кольцовтың сөзіне алты хор» (1916) ерекше назар аударуға тұрарлық. Композитор мәнерлі үйлесімділік пен бай полифонияны қолдана отырып, өлеңдердің эмоционалды реңктерін нәзік жеткізеді [7].

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы орыс ақыны Алексей Кольцовтың мәтіндері табиғат бейнелерімен, ауыл өмірімен және философиялық ойлармен қанық. Рахманинов үшін бұл өлеңдерді таңдауы оның халық тақырыбына және шынайы, өмірлік бейнелерге деген қызығушылығын көрсетті. «Алты хордағы» Музыка орыс ән дәстүріне, әуезді экспрессивтілікке және терең эмоционалдылыққа толы. Цикл алты бөліктен тұрады:

1.«Дубравы шумят под топором»
2.«Вечерняя песня»
3.«Охота»
4.«Светлый праздник»
5.«Сидел Ваня над рекою»
6.«Ты ли, реченька»

Рахманинов Полифония мен қарсы нүктені шебер қолданады. Циклдегі хор құрылымы әр түрлі: Кейбір бөліктерде дыбыстың монолиттілігін тудыратын біртұтас және гомофониялық эпизодтар басым. Басқаларында композитор полифониялық әдістерді, соның ішінде имитациялар мен дауыстарды шақырады.Хорлар мәтіннің эмоционалды мазмұнын көрсететін гармоникалық ауысуларға бай. Композитор батыл модуляцияларды, соның ішінде

хроматикалық қозғалыстарды, фольклорлық үйлесімділік элементтері бар аккордтық тізбектерді қолданады.Хорлардағы ритақ көбінесе мәтінге бағынады, оның интонациясын көрсетеді. Мысалы,«Охота» жігерлі және айқын ритақтар іс-әрекеттің драмасына баса назар аударады, ал «Вечерняя песня» жұмсақ және тегіс ритақ тыныштық атмосферасын жасайды.

Хор музыкасының көркемдік ерекшеліктері:

1. Гармоникалық байлық. Рахманиновтың хор музыкасы православие музыкасының дәстүрлі канондарын байытатын батыл гармоникалық шешімдермен ерекшеленеді.

2. Полифония және полифония. Композитор көлемді дыбыс шығару үшін жақсы текстураны шебер қолданады.

3. Эмоционалды қанықтылық. Рахманиновтың әрбір шығармасы-дұға немесе зайырлы лирика болсын, эмоционалды саяхат.

4. Дәстүрлерге жүгіну. Орыс шіркеуі мен халықтық дәстүріне сүйене отырып, композитор шығармаларға заманауи дыбыс бере отырып, оларды жаңартады.

Сергей Рахманиновтың хор шығармалары XX ғасырдағы орыс музыкасының дамуына үлкен әсер етті және композиторлардың кейінгі ұрпақтары үшін үлгі болды. Олар бүкіл әлемдегі тыңдаушылардың жүрегінде резонанс тудыратын шіркеу мен концерт залдарында ойнауды жалғастыруда. Рухани мазмұн, инновациялық форма және терең эмоционалдылық бұл шығармаларды әлемдік музыкалық мәдениетке Мәңгілік үлес қосады.

Қортындылай келсек Сергей Рахманиновтың хор шығармашылығы-Орыс православие дәстүрі мен авторлық жаңашыл ойдың жарқын синтезі. Оның «Всенощное бдение» және «Литургия святого Иоанна Златоуста» сияқты шығармалары рухани тереңдік пен көркемдік шеберлікті үйлестіре отырып, әлемдік хор музыкасының шедеврлеріне айналды. Бұл шығармалар өзекті болып қала береді және бүкіл әлемдегі тыңдаушылар мен музыканттарды шабыттандырады, өткен мәдениет пен қазіргі заман арасындағы көпір. Рахманиновтың хор мұрасы-өнердің мәңгілік сұлулығы мен күшінің символы.

Әдебиеттер тізімі

1. Bertensson, S., & Leyda, J. Rachmaninoff: A Lifetime in Music. Indiana University Press, 2001.
2. Norris, G. Rachmaninoff. Oxford University Press, 2001.
3. Ганзбург Г. Сергей Рахманинов: музыка и эмиграция. Санкт-Петербург: Композитор, 2015.
4. Левашова Т. Сергей Рахманинов: биография в контексте эпохи. Москва: Искусство, 2018.
5. Иванова Е. Хоровая музыка Сергея Рахманинова: традиции и новаторство. Москва: Музыка, 2008. С. 45-92.
6. Ганзбург Г. Сергей Рахманинов и русская православная музыка. Санкт-Петербург: Композитор, 2012. С. 103-135.

7. . Смирнов А. Рахманинов и русская хоровая традици. Новосибирск: Изд-во НГК, 2014. С. 72-114.

Асанбаева Айдана Нұрланқызы
2 курс магистрант, ҚазҰӨУ, Қазақстан, Астана
asanbaeva000@bk.ru

Ғылыми жетекші ***Нұртаза Раушан Сабыржанқызы***
Өнертану кандидаты, күйтанушы, прфессор

Әнші Ғарифолла Құрманғалиевтің шығармашылығында Арқа әндері

Аңдатпа. Әншілік дәстүрлердің дамуы мен орындаушылық шеберліктің жоғары деңгейге көтерілуі қазақ мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде музыкалық фольклорды сақтап, оны кейінгі ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз етті. Әр аймақтың өзіндік тілдік және музыкалық сипаттамалары, сондай-ақ әлеуметтік және мәдени контекстте орын алған өзгерістер осы саладағы музыкалық орындаушылық әдістерін қалыптастырып, олардың әртүрлілігін арттырды.

Мақалада әнші Ғ. Құрманғалиевтің әр аймақтың әнін өз стилінде орындаудағы жаңашылдығы мен сол аймақтық ән дәстүрін сақтаудағы шеберлігі қарастырылады. Талдау жұмысында Ғ. Құрманғалиев пен Ж. Елебековтың орындауында халық әні «Аққұм» таңдалып алынып, әншілердің орындаушылық ерекшеліктері салыстырылады. Әншілердің орындауындағы домбырада қостауына талдау жүзеге асырылады. Әрбір әншінің өзіне тән домбыра қостау ерекшелігіне, орындалу техникасына сай назарға алынды. Сондай-ақ әншілердің ән шақыруларына жеке-жеке тоқталып, домбыра қостаудағы қағыс ерекшеліктері нотаға түсірілді. Қос әншінің шығармашылығы мен орындаушылық ерекшеліктері қазақ әншілік өнерінің жан-жақты қалыптасуына және оның кәсіби деңгейде дамуына негіз болды.

Кілттік сөздер: Ғарифолла Құрманғалиев, әншілік өнер, дәстүрлі аймақтық орындаушылық мектептер, стильдік ерекшелік.

Әр аймақтың әншілік өнері сол өңірге тән ерекше сипатымен айрықша ерекшеленеді. Бұрын әншілік өнер жеткілікті дәрежеде зерттелмеген кезде, тек Батыс Қазақстанда қолданылатын төкпе қағыс пен Арқа өңіріне тән шертпе қағыс секілді күйшілік ұғымдары ғана кеңінен қабылданған болатын. Бұл тұжырымдар көбінесе аймақтық музыкалық дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктері мен ерекшеленетін орындау тәсілдерін толық қамтымаған еді. Алайда уақыт өте келе, әншілік өнердің терең зерттелуі оның көпқырлы табиғаты мен аймақтық айырмашылықтарын айқын көрсетуге мүмкіндік берді, соның нәтижесінде әр

өңірдің өзіне тән ерекшеліктері мен орындаушылық стилі ғылыми тұрғыда сарапталып, жүйеленді. Музыка зерттеушілері әр аймақтың музыкалық ерекшеліктерін жан-жақты әрі терең зерттеуді қолға алғаннан кейін, аймақтық өзгешеліктер мен ән айту дәстүрлерінің көптүрлілігін тудыратын себептер мен факторлар туралы толық түсінік қалыптаса бастады. Бұл мәселе бойынша көптеген ғылыми еңбектер жазылып, зерттеу нәтижелері әртүрлі мәдени-тарихи контексттерде қарастырылды. Әр аймақтың музыкасының өзіндік ерекшеліктері, сондай-ақ әншілік дәстүрлерінің қалыптасуына әсер еткен әлеуметтік, мәдени және географиялық факторлар жан-жақты талданып, олардың өзара байланысы мен ықпалы ғылыми тұрғыдан негізделді [1, 13].

Әншілік мектептердің қалыптасуы мен дамуында аймақтық ерекшеліктер айтарлықтай маңызды рөл атқарды. Әсіресе, Жүсіпбек Елебеков пен Ғарифолла Құрманғалиевтің репертуарлары олардың орындаушылық даралығын айқындап, көптеген аймақ әндерін жоғары деңгейде орындауда өзіндік ерекшеліктермен ерекшеленді. Олардың репертуарында Қазақстанның әртүрлі аймақтарына тән әндердің болуы бірнеше маңызды факторлармен түсіндіріледі. Біріншіден, XX ғасырдың 30-жылдарында олар Абай атындағы Қазақ опера және балет театрында әншілік қызметке белсенді қатысып, осы кезеңде әртүрлі операларда түрлі аймақтардың музыкалық дәстүрлеріндегі әндерін шырқады. Бұл олардың орындаушылық ауқымын кеңейтіп, қазақ ән өнерінің әртүрлі стильдеріне терең бойлауға мүмкіндік берді. Екіншіден, 1965 жылдан бастап республикалық эстрада және хор студиясында (қазіргі Жүсіпбек Елебеков атындағы республикалық эстрада және цирк колледжі) бірге сабақ беріп, олар көпжылдық орындаушылық тәжірибесін жастарға үйретумен қатар, өз репертуарларын жаңа Қазақстан композиторларының әндерімен толықтырды. Бұл шығармашылық үдеріс олардың орындаушылық тәсілдері мен ән өнерін ғылыми тұрғыдан зерттеу бағытындағы жұмыстарға да әсер етті. Сонымен қатар, олардың өнері қазақтың дәстүрлі музыкасына, халықтық әншілік әдістеріне терең ілтипатпен қарауды қалыптастырып, олардың репертуары мен орындаушылық тәжірибесі қазақ музыкалық мәдениетінің маңызды бөлігіне айналды.

XX ғасырдың 30-70-ші жылдарында Батыс Қазақстан ән мектебінің негізін қалаушы, аймақтың ән өнерін дамыту мен насихаттауда айтарлықтай маңызды рөл атқарған Ғарифолла Құрманғалиевтің шығармашылығы қазақ музыкасының дәстүрлі және кәсіби орындаушылық үлгілерін үйлестіруде ерекше орын алды [14]. Оның репертуары көптүрлі болып, көптеген халық әндері мен халық композиторларының шығармалары, сондай-ақ терме, жыр және дастандар сияқты жанрлардың ауқымын қамтыды. Бұл шығармашылық таңдау Ғ. Құрманғалиевтің қазақ ән өнерінің түрлі жанрлары мен орындаушылық әдістерін терең меңгергендігін көрсетеді [15]. Оның репертуарында Батыс Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ Қазақстанның басқа аймақтарының әндерін орындауы аймақтық музыкалық дәстүрлерді кеңінен насихаттау мен танытуға мүмкіндік берді. Осылайша, Құрманғалиевтің орындаушылық тәжірибесі мен репертуары қазақ ән өнерінің көпқырлығын көрсетіп, ұлттық музыкалық мәдениеттің дамуына ерекше ықпал етті. Оның өнері тек аймақтық, тіпті ұлттық деңгейде де музыкалық дәстүрлерді сақтап, оларды жаңаша деңгейде танытуға жол ашты.

Әншінің репертуарында кездесетін өзге аймақ әндері, атап айтқанда, халық әндері: «Аққұм», «Смет», «Жиырма бес», «Екі жирен», «Шапибай-ау», «Гүлдер-ай», «Баянауыл», «Дайдидау», «Ой көк», авторлық әндер: Жарылғапбердінің әні «Ардақ», Қанапия Басығарұлының әні «Қанапия», Ақан серінің әні «Балқадиша», «Әудем жер», Алтыбасар», «Сырымбет», Біржан салдың әні «Бурылтай», Жаяу Мұсаның әні «Сұрша қыз», Естайдың әні «Құсни-Қорлан», Әсеттің әні «Інжу-Маржан», Сауытбектің әні «Ақбөпе», Кенен Әзірбаевтың әні «Қайран жастық», және т.б. әндер оның орындаушылық тәжірибесінің байлығын көрсетеді. Бұл шығармалар тек аймақтық ерекшеліктерді ғана емес, сонымен қатар әр аймақтың әншілік дәстүрлері мен орындаушылық стилін танытатын маңызды элементтер болып табылады.

Әрі қарай зерттеу жұмысымыз Ғарифолла Құрманғалиевтің өзге аймақтың әндерін орындауда вокалдық және домбыра қостау ерекшелігіне жүргізіледі. Талдау кезінде әншінің орындау шеберлігінің бірнеше маңызды аспектілеріне тоқталамыз. Біріншіден, домбыра қостау ерекшелігі. Екіншіден, ән басталар алдындағы алғашқы дыбысқа мән беруі мен тыныс алу әдісі. Үшіншіден, әншінің ән арасындағы бунақтарды аяқтау кезіндегі орын алатын вокалдық ерекшеліктері айқындалады. Төртіншіден, ән арасындағы қаратпа сөздердің орындалу үлгісіне назар аударылады. Бесіншіден, ән аяқталған соңғы буынның дыбысталу ерекшелігі талданады.

Талдау жұмысына әнші Жүсіпбек Елебеков пен Ғарифолла Құрманғалиев орындаған «Аққұм» (халық әні) таңдалып алынды. Бұл ән олардың репертуарындағы аймақтық әншілік ерекшеліктерді айқын көрсетеді әрі орындаушылық шеберліктері мен вокалдық ерекшеліктері арасындағы өзара байланысты түсінуге мол мүмкіндік береді

Халық әні «Аққұм» Арқа аймағының ән өнерінде шоқтығы биік әндердің бірі болып саналады. Музыкалық формасы күрделі ырғаққа құрылған бұл әнді әншінің әншісі ғана батылы жетіп орындайды. Әннің архитектоникасын бұзып алмай табиғи қалпында орындау аздық етеді. Оның мінезін ашу әншінің шеберлігін қажет етеді. Әннің музыкалық формасына қарай отырып, көлемі кең тынысты, зор дауыс шеңберін тілейтін ән екенін байқаймыз. Әнде басынан-аяғына дейін ешқандай да қайғының ұшқыны сезілмейді, керісінше ғашықтық сезімге толы лирикалық әуен. Ән әншінің орындауында байсалды, орнықты екпінде жүреді. Әрбір дыбысы қатталып, орындаушыдан дыбыс екпінінің тегістігін қажетсінеді.

Үлгі №1

Аққұм

Ж. Елебековтың орындау үлгісі

Нотаға түсірген М. Әбуғазы



Аймақтың әндерін орындау барысында бір-бірінен ажыратып көрсететін тұсы алдымен әншінің домбыра қостауы болып табылады. Төменде екі әншінің домбыра қостауындағы «Ән шақыру» бөлімін беріп отырмыз

Ж. Елебековтың ән шақыру бөлімі әннің бірінші әуен жолындағы тұсы қолданылады. Яғни, әнші ән әуенінен көрініс бере, әннің бірінші дыбысын білдіретін үлгі-таңбаға түседі. Ән шақыру толықтай Арқа күйшілік өнерінде орындалатын қос шекті қосарлатып қағу дәстүріне негізделген. Әншінің домбыра қостауында «түйдек» қағу тәсілі жүзеге асқан. «*Түйдек қағудың* орындалу тәсілі: сұқ, ортаңғы, аты жоқ саусақтар қатар қойылып қос шекті төмен, жоғары, төмен, төмен, төмен (ПVП ПП) қағады»[16]. Әрі қарай ән шақыру әнші Ғ. Құрманғалиевтың орындау үлгісіне назар аударамыз.

Үлгі №2
Аққұм

Ғ. Құрманғалиевтің орындау үлгісі
Нотаға түсірген А. Асанбаева



Ғ. Құрманғалиевтің орындауында «Аққұм» әнінің домбыра бұрауы кіші октаваның *«f»* нотасына келтірілген. Әнші «ән шақыру» бөлімінде Батыс Қазақстанның күйшілік дәстүріне тән ойнау тәсілдерінің заңдылықтарын толық сақтайды. Бұл кезеңде әннің алғашқы бунағы *d-a* пернесінде басталып, кейін ашық *d-g* шегінде орындалады. Әннің алғашқы жолы композициялық құрылымда ерекше рөл атқарады, себебі ол әннің музыкалық биіктігін күрделі екпінде көрсету үшін қолданылады. Мұнда бірінші бунақтың басталуы бір шекте орындалып, одан әрі Батыс Қазақстан домбыра дәстүріне тән қос шекті басып ойнау техникасы жүзеге асады. Қос шектің пернелерін бір мезгілде басу әдісі тек техникалық ерекшелік қана емес, ән шақырудың көркемдік аспектісін айқындайтын маңызды белгі болып табылады. Бұл тәсіл әннің музыкалық

фразаларын тереңдетіп, олардың эмоционалды әсерін күшейтуге мүмкіндік береді. Осылайша, домбыраның қос шекті басу әдісі әннің динамикасы мен ырғақтық құрылымын байытып, халықтық музыкалық дәстүрдің мәнін тереңірек ашады. Әнші ән шақыру кезінде тек негізгі әуенді ғана орындап қоймай, сонымен қатар, оны көркемдеу мақсатында импровизациялық секвенцияларды енгізеді.

Арқа әндерінің саздық тірегі *g-d* пернесінде, өте сирек бас буын *d-a* пернесінде болады [7, 140-141 бб.]. Дәстүрлі атауда біз бұны ән сүйемел қазығы деп атаймыз [13, 86 б]. Батыс Қазақстан әндерінде ән сүйемел қазығы *d-a, e-a* пернесінде аяқталады.

Ән шақыруда басты ерекшелік оның өлшем ырғақтарының динамикасында жатыр. Әнші осы процесте алдымен 9/8 өлшемін пайдаланады, кейінірек әннің соңына дейін бірқалыпты 4/4 өлшеміне көшеді. Бұл өлшемдердің ауысуы күрделі ырғақтан біркелкі ырғаққа өтуді білдіреді және әншінің домбырада ойнаудағы жоғары деңгейдегі шеберлігін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл ерекшелік Ғарифолла Құрманғалиевтің орындаушылық мәнеріне тән болып, оның музыкалық интерпретациясындағы өзіндік ерекшелікті анықтайды. Өлшемнің қағыстағы маңызы, өз кезегінде, әншінің музыкалық мәтіннің құрылымын терең түсінуіне және оны орындаудағы стильдік ерекшелігін көрсетеді. Мұндай ырғақтық ауысулар музыканың эмоционалды әсерін күшейтіп, тыңдаушыға әннің ішкі динамикасын толықтай сезінуге мүмкіндік береді. Ән шақыру бөлімінің аяқтар тұсында әдеттегі *d-a* пернесіне негізделген ән тірегіне сүйенбей, керісінше ашық шек *d-g* пернесінде  аяқтайды. Бұл тәсіл Арқа дәстүріндегі ән тірегінде қалыптасқан музыкалық заңдылықтан өзгеше орындалғанын және дәстүрлі орындаушылық стилінің өзгеріп, жаңа интерпретацияның пайда болғанын көрсетеді.

Әр орындаушының өзіне ғана тән орындау шеберлігі, домбыра қостаудағы сан түрлі қағыс ерекшеліктері болады. Ғ. Құрманғалиевтің ән шақыруда төмендегідей қағыс түрлерін қолданады.



Мұнда Батыс Қазақстан күйшілік дәстүріне тән «қара қағыс» және «сүйретпе қағыс» сияқты ерекше қағыс түрлерін қолдануы байқалады. Бұл қағыстар орындаушының музыкалық интерпретациясын байыта отырып, тыңдаушыға терең эмоционалды әсер береді. Сондай-ақ, күйшілік дәстүрдің элементтерін ән салуда пайдалану Ғ. Құрманғалиевтің өнеріндегі жаңа орындаушылық көзқарасты білдіреді, ол өзіне тән стиль қалыптастырып, әрбір әуенді өзінің жеке музыкалық қолтаңбасымен байытады.

Қорыта келгенде Ғ. Құрманғалиев өзінің жоғары орындаушылық шеберлігі мен музыкалық шығармаларды терең түсіну қабілетін тиімді пайдалана отырып, алғаш рет Арқа аймағының әндеріне Батыс Қазақстанның вокалдық мектебінің элементтерін енгізді. Бұл шығармашылық тәжірибе қазақ әншілік өнерінде жаңа

интерпретацияның қалыптасуына ықпал етті. Әнші дәстүрлі Арқа музыкалық құрылымын сақтай отырып, сонымен қатар Батыс Қазақстан вокалдық мектебіне тән әдістер мен импровизация элементтерін орындауда қолданды және екі аймақтың музыкалық мәдениетін ұштастырып, орындаушылық әдістерінің алуан түрлілігін көрсетті.

Ғ. Құрманғалиев өзге аймақ әндерін репертуарына қосып орындауы, оның музыкалық талғамының кеңдігін, сондай-ақ қазақ халқының музыкалық бірегейлігін сақтау мен дамытуға бағытталған көрнекті қызметін дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ерзакович Б. Песенная культура казахского народа. Алматы: Наука, 1966. 400 с.
2. Байгаскина А. Ритмика казахской традиционной песни (учебное пособие). Алматы, 1991. 200 с.
3. Бекхожина Т. 200 Казахских песен (музыкально-этнографический сборник). – Алма-Ата: Наука, 1972. 232 с
4. Каракулов Б. Локальные особенности ладовой организации казахского песенного мелоса: автореф. дис... к. иск. Алматы, 1973. 21 с.
5. Елеманова С. Казахское традиционное песенное искусство. Алматы, 2000. 183 с.
6. Амирова Д. Аркинская песенная традиция: жанрово-стилевая система //Традиционная музыка Азии: проблемы и материалы. Алматы: Дайк-Пресс, 1996. С. 97-105.
7. Тлеухан Б. Қазақтың кәсіби вокалды өнерінің кейбір ерекшеліктері //Курмангазы и традиционная музыка на рубеже тысячелетий: Мат. междунар. конф., посв. 175-летию Курмангазы / Сост. А.И. Мухамбетова. Алматы: Дайк-Пресс, 1998. 136-143бб.
8. Бердібай А. Музыкально-поэтическая структура казахских традиционных песен: дис. ... доктора философии (PhD) по специальности 6D041600 «Искусствоведение». 2017. 202 б.
9. Сабирова А. Абай и Шакарим: философия музыки и песенный стиль. Вопросы изучения казахской традиционной песни: Монография. Алматы, 2014. 456 с.
10. Тұрмағанбетова Б. Қазақстанның батыс аймағының ән мәдениеті. Монография. Толықтырылған, 2-басылым. Алматы, 2018. 296 б.
11. Байбек А. Песенный стиль Арки в контексте этносольфеджио (вузовский курс): автореф. дис. …к. иск. Алматы, 2009.
12. Бәбіжан Б. Жетісудың оңтүстік-батысындағы ән фольклорының қазіргі жағдайы. «6D040400 – Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы, 2022 ж., 211 б.
13. Күзеубай А. Қазақ әншілік дәстүрінің қазіргі заманда таралым мәселелері (Арқа өңірі бойынша). «6D041600-Өнертану» мамандығы бойынша

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы, 2016. 156 б.
14. Жанпейісова С. Құрманғалиевтің орындаушылық шеберлігі жайында //ҚР ҰҒА Хабаршы. Филология сериясы. 2000. №1. Б. 62-65.
15. Абдрахманов С. Қаратөбе өңірінің ән-күй керуені. Орал: «Ағартушы», 2010. 158 б.
16. Омарова Г., Күзеубай А. Ән өнеріндегі терминдердің қолданыс ерекшеліктері (Арқа дәстүрі бойынша) /Әль-Фараби атындағы ҚазҰУ. «Хабаршы», филология сериясы. 2016. - №1 (159). 366-374 бб.

Әлкен Мағұрлан Еркебұланұлы
Дәстүрлі өнер факультеті, 2 курс магистранты
Қазақ ұлттық өнер университеті, Қазақстан, Астана
amagurlan@gmail.com

Ғылыми жетекші ***Нұртаза Раушан Сабыржанқызы***
Өнертану кандидаты, күйтанушы, прфессор

Қазақ күйшілігіндегі аңыз, миф және ертегі туралы ұғымдар

Аннотация:Мақалада қазақтың күй өнері мен аңыз күйлерінің тарихи және мәдени маңызы талданады. Автор аңыз күйлерді аспаптық музыка өнерінің бастауы ретінде сипаттап, олардың құрылымдық ерекшеліктерін, саздық жүйесін, теріс бұрау мен бурдондық екі дауысты күйлердің архайкалық сипатын ашады. Күйдің мазмұны мен аңызы фольклорлық туынды ретінде қарастырылып, мифологиялық және этнографиялық тұрғыда талданады.

Мақалада мифтің танымдық жүйе ретіндегі рөлі ерекше атап өтіледі. Мифтің рухани мәдениеттің ежелгі үлгісі екендігі, оның уақыт пен қоғамдағы өзгерістерге байланысты жаңғырып, күрделене түсуі баяндалады. Қазақ халқының өнерінде мифтің шығармашылыққа ықпалы көрсетіліп, күйшілердің мифтік сюжеттерді қазіргі таным-түсінікке сай бейімдеуі талданады. Мифологияның қазақ өнеріндегі маңыздылығы, оны түсіну мен қайта жаңғырту қажеттілігі көрсетілген.

Мақала күй аңыздарын тарихи оқиғалар, тұрмыс-салт, табиғат, жан-жануарлар және арнау күйлері секілді тақырыптық ерекшеліктеріне қарай жіктейді. Автор мифология мен күй өнерінің өзара байланысын ашып, бұл құбылыстарды қоғамның тарихи және рухани дамуындағы негізгі фактор ретінде қарастырады.

Түйін сөздер: аңыз, күй, бағдарламалық, бурдон, тарих, альтернативті тарих, миф, мифология.

Күй өнерінің негізгі бастауы – халықтық күй үлгілері болып табылады. Аңыз күйлер қазақ өңірінде өнердің қасиетті бастауы ретінде саналып, атадан балаға жетіп отырған. Аспаптық музыка өнерінің төрінде көне – аңыз күйлер тұрады. Бұл күйлер жаңа дәстүрді бойына сіңіріп дами түсетіндігімен ерекшеленеді, тарихтың түрлі бұрқасындарына төтеп беріп, ұрпақтың мұрасына айналды. Көне – аңыз күйлердің басты құрылымдық ерекшеліктеріне күй буындарының қайталанып келуі жатады. Домбыраның табиғи перне дыбысы күйдің композициялық құрылымын ашып, саздық жүйесін айқындайды. Квинталық бұрау және ашық шек дыбысы күйдің көне аңыз күйлерге жататындығының тағы бір дәлелі десекте болады. Бурдондық екі дауысты күйлер ең көне архайкалық үлгіге жатады. Қазақтың күйшілік өнерінде көне аңыз күйлердің шығу тегі және бурдондық жүйедегі композициялық құрылым көшпелі түрік-моңғол халықтарының дүниетанымымен ұштасады [4, 27]. Күйдегі қағыс және ырғақтың да алар орны ерекше, олар күйдің мінезін білдіріп, мән – мағынасын айқындай түседі. Көне – аңыз күйлер сөз – сөйлемге құралады. Теріс бұраудағы күйлердің тамыры қобыз күйлерімен және күй аңыздарымен тығыз байланысты. Себебі, қобыз күйлерінде де, домбыра дәстүріндегідей ортақ заңдылықтар және күй жеткізу тілі белең алады. Күй құрылысы шығарманың негізгі буындарын толықтыра орындап ладтық тұрақтылық келесі құрылымнан тұрады.

Күй аңыздарын тек қана күйдің өзімен байланыстырып қоймай, фольклорлық туынды ретінде қарастыру барысында бұл мәселеге басқаша келу қажет.

Фольклорлық жанр ретінде күй аңыздарын құрылымдық-тақырыптық қасиеттері бойынша жүйелеген жөн деп білеміз. Құрылымдық-тақырыптық қасиеттері бойынша күй аңыздарын былайша жүйелеуге болады:

1. Тарихи оқиғаларға арналған күй аңыздары.
2. Күйшілердің өміріне қатысты күй аңыздары.
3. Тұрмыс-салтқа байланысты туған күй аңыздары.
4. Арнау күйлерінің аңыз-әңгімелері.
5. Қоршаған орта, табиғат туралы күй аңыздары.
6. Жан-жануарлар туралы күй аңыздары [3, 141].

Қазақтың күй өнері өте бай, бүгінгі күнге жеткен күйлердің шегі жоқ. Күй қазақтың айнасы, байырғы аңыз күйлер мен қоса қазіргі заманауи күйлер арасындағы байланыс өте тығыз, аңыз күйлер тек музыкалық шығарма ғана емес, сол күйлер арқылы халық әлемді көрген, таныған. Аңыз күйлерді түсіну үшін біз бірінші Мифті түсініп алуымыз керек. Себебі ерте заманда дін, кітап пайда болмаған кезде адамдар ертегілерге, неше түрлі құбылыстар арқылы өмірді суреттеген. Қазақ өнерінде біз білетін бейнелер жер, құмай ана, күн, ай, тәңір. Сол себепті біз осы жұмыстың басын Мифтен бастағанды жөн санап отырмыз. Миф дегеніміз не? Оның күй өнерінде алатын орны қандай? Аңыз күйлердегі мифтің маңыздылығы жайлы айтатын боламыз.

Миф – ойлау жүйесі мен тәжірибенің нәтижесі. Мифология – мифтің әдеби үлгіге бағындырылған түрі. Миф, бір жағынан қарағанда, анық-қанығын тексеруге болмайтын ертегі-қиял сияқты.

Ал мифологияда мифтер мысалдық, метафоралық, сюжеттік тұрғыда қолданылады. Миф – танып-түсінуге болмайтын ішкі сезім-түйсіктің нәтижесі болса, мифологияға мифтер саналы түрде арқау болады. Миф белгілі бір құбылыстың көрінісі емес, әуелгі шынайылық (реальность), танып-түсінуді қажет етпейтін шынайылық, жазмыштық сенім. Ал рационалды таным-түсінік мифологияны метафора ретінде қолданады [3, 162].

Міне, күй аңыздарының ішінде кездесетін мифтік сюжеттердің, мотивтердің немесе таным-түсініктердің мән-мағынасын ең алдымен осы тұрғыда бажайлап, олардың барлығы да күйші-композитордың шығарған күйіне саналы түрде арқау болатынын атап өту қажет.

Күйші мифке сенбейді, бірақ ондағы қиял-ғажайып оқиғаны ғибрат етеді, бүгінгі өмірді реттеу үшін мысал ретінде айтады. Мифтік күй аңыздары күйші-композитордың мифтік санасының немесе мифтік таным-түсінігінің жемісі емес. Керісінше, күйші мифтік таным-түсінікті жан тіреуші, мифтік сюжетті ой-ниетіне қажетке жаратушы. Былайша айтқанда, мифті мифологияға айналдырушы.

Күй аңызының мазмұндық, оқиғалық, себептік (этиологиялық) бітімдеріне қарап, мифтік сипатын бірден тануға болады.

«Миф деп отырғанымыз – әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті, типологиялық сипатымен оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әртүрлі құбылыстары мен объектілерінің пайда болуын, аспан мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар», – дейді [1, 65].

Миф деген сөзді жұрт екі түрлі түсінеді, біріне бірі кереғар қарама қарсы келетін мағынада түсінеді. Баспасөз беттерінде осы миф деген сөздің ертегі сияқты яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған, қияли мағынасында берілгенін байқап жатамыз. Ал, шындығында, миф деген сөздің нақты мағынасы осы келтірілгендерге қарама қарсы болмақ.

Миф нақты бір тарихи уақытта ғана, нақты бір географиялық кеңістікте (жертарапта, жазықтықта), нақты бір саяси, әлеуметтік тұрғыда, мәдени, шаруашылық жағдайында, тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта туралы, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адам туралы, оның қалай пайда болғандығы жайлы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда – «түсіндім» деген стереотипі. Яғни, бұл жағдайдағы Миф ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес екені, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы болмақ, басқаша айтқанда – «шын» деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі ақиқаты. Миф - әрине, тарихта айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, қисыны бар, яғни, бұл жағынан ақиқат деп есептеуге болатын дүние [2, 24-25].

Қоғам уақыт пен кеңістікте өзгеріссіз қала алмайтыны баршамызға белгілі. Тас ғасырынан бергі адамзат қоғамдық дамудың, этностық, тілдік, кәсіптік, т.б. өзгерулердің талай сатысынан өткені айдан анық. Сондықтан миф те оған ілесе

өзгеріп отырған айқын. Ескі қоғамды алмастырған әрбір жаңа қоғам, өз ежебілігін «таза, бос жерден», өзіне дейінгі қоғамның ежебілік мифтік келтірімдерінің бір бөлігін қабылдап, өзгертеді, жаңартады жаңасын қосады, күрделендіре түседі. Осылайша, қоғамдар ауысқан сайын, мифте ауысып отырады, бірақ бұрынғы қоғамның ежебілік түсініктері сол сарқыншақ түрінде сақталып отырады. Міне, бүгінгі қазақтың қолында, сөздік қорында, салт-дәстүрінде, фольклорында, әдет-ғұрпында, мінез-құлқында, өнерінде бар ежелгі біліктер - осындай сан мың жылғы өзгертулердің ең соңғы нәтижесі, сарқыты, «бастапқы сорпаның сорпасының... сорпасы» болып табылады. Сондықтан, қазақтағы мифологияның болмысын тек реконструкциялау жолымен ғана тануға болады.

Мифті адамзаттың рухани мәдениетінің ең байырғы үлгісі (формасы) деп келетін ой-тұжырым бар. Мұның ақиқат шындық екенін көзімен көрген ешкім жоқ. Оның тап солай болғанына күмәнсіз сендіретіндей айғақ-дерек те тапшы. Бұл орайдағы жалғыз айғақ-дерек – мифтің өзі ғана.

Алайда, бүгінгі күнге жеткен мифтердің баршасы тым ертедегі мифтік сана дәуіріндегі мифтердің нақ өзі емес. Мифтік сана дәуіріндегі мифтер бүгінгі заманға жеткенше талай наным-сенімнің талқысына түсіп, талай таным-түсініктің сүзгісінен өткені ешкімді де күмәндандырмауы тиіс.

Олай болса, әу бастағы миф туралы сөз, өзінен-өзі сол мифтің ғасырлар сілемінде өзгеріске түскен жаңғырығы туралы сөз болып шығады. Яғни, әу бастанғы миф туралы, дәлірек айтқанда, мифтік сана туралы ой өрбіту тек болжам (гипотеза) деңгейінде ғана жүзеге аспақ [3, 161].

Миф, жалғандықты, ойдан шығарылғанды білдірмейді, бірақ «жалған миф» деген де «ақиқат миф» дегенде болады. Мәселен, бүгінгі қазақтың танымал мифі - оның Алаштың үш баласынан таралғандығы. Басқада мифтері бар. Осы мифті абсолютті тарихта айғақ деп есептеуге болмайды, сондай ақ оны жалған дей салудың да жәні жоқ. Өйткені «Қазақтың Алаштың үш баласынан таралғандығы» жөніндегі миф арғықазақтардың көне руханиянатына сүйеніліп, қазақ халқының тарихымен байланысты қалыптасқан «қоғам ақиқаты». Оны түсіндірудің өз әдістемесі, қисыны, жүйесі бар, тек осыларды әлі меңгеріп кете қойғанымыз да жоқ.

Әр халықтың, мәдениеттің, діннің өз мифі бар. Тек осы мифтің танымал болу дәрежесі әр халықта әр түрлі. Біреулері оны дамыған күйінде сақтай алса, екіншілері оны сақтай алмаған, ал үшіншілері өздерінің фальклорындағы, тіліндегі, мәдениеті мен өнеріндегі мифті тани, таба алмайды. Өйткені, әр халықтың тарихи тағдыры ар түрлі болып шыққан, сондықтан мифтік мұраны түсінудің, оның жасырылған шифрларының кілтін тауып ашудың нәтижелері түрліше болып шығып жатады. Дұрыс түсінілсе, мифтік мұраның нақты қоғамға берері мол, ұшан теңіз. Шалғай түсініліп, оны тар мүдделі ортада, әсіресе саяси мақсаттарда пайдаланар болса, мифтің қоғамға, нақты халыққа тигізер зияны да мол болып шығады [2, 26].

Әдебиеттер тізімі

1. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. Алматы, 1984. 273 б.
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. I том. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. 512 б.
3. Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. Монография. Астана, 2002. 840 б.
4. Халтаева Л. Генезис и эволюция бурдонного многоголосия в контексте космоногических представлений тюрко-монгольских народов. Автореф. дис. ... к.иск. Ташкент, 1991. 187 б.

Жанбыршиева Рысты Қайырбекқызы
Дәстүрлі өнер факультеті, 2 курс магистранты
Қазақ ұлттық өнер университеті, Қазақстан, Астана
zhanbyrshievarysty@mail.ru

Ғылыми жетекші:
Нұртаза Раушан Сабыржанқызы
Өнертану кандидаты,
күйтанушы, профессор

Қазақ мәдениетіндегі жорғаның орны

Аннотация: Қазақ халқының мәдениетінде жылқының алатын орны ерекше, ал оның ішінде жорға батырлық пен еркіндіктің символы, эстетикалық көрініс пен рухани құндылықтың шынайы бейнесі ретінде дараланады. Мақалада жорғаның тарихи-мәдени мәні қазақ халқының тұрмысындағы рөлі, ұлттық дәстүрлердегі маңызы жан-жақты қарастырылған. Ботай мәдениетінен бастау алған жылқыны қолға үйрету үрдісінен жорғаға тән ерекшеліктерге дейінгі тарихи сабақтастық айқындалады. Сонымен қатар жорғаның қазақ өнеріндегі, әсіресе күй өнеріндегі орны мен оның тәрбиелік және эстетикалық мәні сипатталған. Жорғаның жүрісі мен күйлеріндегі үндестік ұлттық бірегейліктің, мәдени мұраның тереңдігін көрсетеді. Ұлттық спорт түрі ретіндегі жорға жарыстарының тәрбиелік мәні мен оның қазіргі заманғы қазақ мәдениетін насихаттаудағы рөлі ерекше атап өтілген. Бұл мақалада қазақ халқының жылқыға деген сүйіспеншілігі мен оның өнер, дәстүр және руханияттағы ажырамас рөлі көркем тілмен баяндалған.

Түйін сөздер: мәдениет, жылқы, жорға, Ботай мәдениеті, күй, бәйге, рухани мұра, эстетика.

Қазақ халқының тұрмыстық өмірінде мәдениетінде жылқы ерекше орын алады. Ұлт тарихының маңызды кезеңдері ат жалынымен, тұлпар тұяғының

ізімен өрілген. Жылқы – қазақтың сана-сезімінің, рухани болмысының, тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүрінің, мәдениетімен өнерінің ажырамас бөлігіне айналған. Бұл қасиетті жануар көшпелі халқымыздың өмір сүруіне бейімделіп, шаруашылық пен рухани мәдениетнінің қалыптасу кезеңдерінде маңызды бөлшегі болған.

Әлемдегі жылқыны алғаш қолға үйреткен ең көне қоныстардың бірі ретінде танылған Ботай мәдениетінің қазақ жерінде орналасуы тарихи заңдылықтың айқын көрінісі іспетті. Ботай мәдениеті мен қазақ халқы арасындағы байланыс археология, этнография және тарихи-мәдени сабақтастық тұрғысынан алғанда ерекше маңызға ие. Бұл қоныс энеолит дәуіріне, шамамен, б.з.д. IV-III мыңжылдықтарға жатады және ол Солтүстік Қазақстандағы Иманбұрлық өзенінің бойында орналасқан. Археологоиялық ескерткіште табылған жылқы сүйектері мен қыш ыдыстардағы химиялық талдау нәтижелері жылқының сүт өнімдерін қолданғанын және оны көлік ретінде пайданылғанын дәлелдейді. Бұл деректер жылқыны қолға үйрету үрдісінің дәл осы жерде басталғанын көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, Ботай мәдениеті жылқы шаруашылығының қалыптасуына және көшпелі өркениеттің дамуына негіз қалған. Сонымен қатар, қазақтың ұлттық ойындары, көлік ретінде жылқыны қолдану, қымыз дайындау дәстүрі және әскери мақсатта пайдалану – барлығы Ботай мәдениетінің сабақтастығының айқын көріністері. Бұл мәдениет қазақ қоғамының өмір сүру салтын, рухани дүниетанымын және шаруашылық негіздерін айқындауда ерекше орын алады. Ботай мәдениеті – қазақ жеріндегі көшпелі өркениет негізінің бастауы, ал оның мұрасы – бүгінгі қазақ халқының ұлттық болмысы мен тарихи жандының маңызды бөлігі [5, 8].

XIX ғасырдың соңында Зайсанның казак атаманы Н.Рябушкин былай деп жазған: «Қазақтар атқа мінгенде есерленіп, жынданып кетеді, атымен қашса құтылады, қуса жетеді, аттан түсіп жаяу жүрген қазақты көрсеңіз, бұдан момын, бұдан бағынышты халық жоқ. Сондықтан бұл халықты мүлдеп атсыз қалдыру керек» [2, 18]. Бұл пікір қазақ халқының жылқыға деген ерекше қатынасын, сондай-ақ ат үстіндегі еркіндігі мен батырлығын білдіреді. Рябушкин бұл сөздермен қазақтың жылқы жануарымен ерекше байланысын және жылқының тәуелсіздік, еркіндік үшін маңызды рөл атқаратындығын атап өтеді**.** Демек, жылқы мен батырлық қазақ мәдениетінде терең ұштасқан түсініктер болып табылады. Жылқы жануары батырлардың ерлігімен және еркіндігімен тығыз байланыста. Олар – ердің, яғни батырдың ең сенімді серігі ретінде қарастырылады.

Қазақтар жылқы жануарын тек қолға үйретіп қана қоймай, ерекше қастерлеп, әдеп-ғұрыптық рәсімдердің ажырамас бөлігіне айналғаны көпшілікке мәлем. Осыған орай жылқының жасына байланысты атауларды ерекше дәлдікпен қолданған. **Құлыншақ, құлын, жабағы, тай, құнан, дөнен, бесті** деп жеті түрлі атаумен атап, жылқының жасын кезең-кезеңімен белгілеген. Бұл атаулар жылқының алғашқы алты жасқа жетер-жетпес уақытын қамтиды. Жалпы жылқының жасын мүшел бойынша емес, маусымдап және кезеңдеп өлшеп әр сатысна арнайы жасын көрсеткен. Бұл ерекшелік қазақ халқының өзіне ғана тән қасиеттің бір көрінісі болып табылады. Онымен қоса жылқының әртүрлі

тұқымдары мен ерекшеліктеріне байланысты қазақтар оларды өзіндік атаулармен атаған. Бұл атаулар жылқының мінез-құлқы, сыртқы көрінісі, жүріс-тұрысы сияқты қасиеттеріне негізделген. Мысалы, **тұлпар, бәйге ат, жорға, қамбар ат, сәйгүлік, саңылақ, пырақ** сияқты атаулар кеңінен қолданылады. Әрбір атау жылқының ерекшелігі мен қасиеттерін сипаттайды, сонымен қатар олар қазақ халқының жылқы малын терең түсініп, бағалағанын көрсетеді [1, 215].

Осы тұрғыда жылқының жорғасы – қазақ мәдениетінде ерекше мәртебеге ие жылқының бір түрі. Жорғаның қоғамдағы орны мен рөлі тек тұрмыстық, шаруашылық қажеттілікпен ғана шектелмейді, ол әлеуметтік, эстетикалық және рухани аспектіде де үлкен маңызға ие. Бұл мақалада жорғаның қазақ мәдениетіндегі орны, оның мәні және қазақ халқының рухани әлеміндегі рөлі қарастырылады.

Жорға – жылқы тұқымдарының ішіндегі ең ерекше әрі әсем жүрісімен танылған түрі. Жорға – деп қазақта жылқының ырғылтыла, теңселе, тайпала басылатын жүрісін, майда текірек шабысын айтады [7, 308]. Оның негізгі ерекшелігі – төрт аяғын бір мезгілде ерекше ырғақпен көтеріп жүруі. Бұл жүріс әдемі, ырғақты әрі тыныштықты бейнелейді, сондықтан ұзақ уақыт бойы жорға мініп жүрген адам шаршамайды. Жорғаның табиғи тепе-теңдігі мен жеңіл қозғалысы оны ұзақ қашықтықтарды оңай жүріп өтуге бейім етеді.

Жорға аттары өзінің мықты бұлшық еттерімен, ұзын мойыны және пропорционалды дене бітімімен ерекшеленеді. Олардың аяқтары қуатты, бұл оларды ұзақ және үздіксіз қозғалысқа қабілетті етеді. Орташа бойы 150-155 см болып, салмағы 450-500 кг аралығында өзгереді. Бұлшық еттерінің күші мен тұяқтарының қаттылығы жорғаның ұзақ сапарлар мен қиын жолдарға төзімді болуына мүмкіндік береді. Жорға аттар батылдығымен, ұшқырлығымен және шыдамдылығымен танымал. Қазақ халқы жорға мінезін кең даланың еркін рухымен салыстырады, ал оның жүрісі еркіндік пен сұлулықтың бейнесіндей көрінеді. Сол себепті жорға – қазақ халқы үшін батырлықпен еркіндіктің символы. Оның жүрісі қазақ мәдениетінде ерекше орын алған, ұлттық ойындарда, бәйге мен түрлі жарыстарда аса жоғары бағаланған. Жорғаның табиғи әсемдігі мен төзімділігі қазақтың кең даласындағы еркіндік рухының айқын көрінісі болып табылады [3, 233].

Жорғалар жүріс ерекшелігіне қарай бірнеше түрге бөлінеді, әрқайсысы өзіндік қасиеттерімен дараланады. Мысалы, *аяң жорға* баяу жүрісте ғана жорғалайды, жылдамдық артса жүрісінен жаңылады. *Үш аяқ жорға* төрт аяғын тең басып жорғалай алмайтын жылқы. *Тайпалған жорға* төрт аяғын тең басып, ырғақты әрі бірқалыпты қозғалып жорғалайтын түрі. *Су шайқалмас жорға* жүрісінің тепе-теңдігімен ерекше, үстіне қойылған сусын төгілмейді. *Байпаң жорға* сабырлы, тыныш жүретін жылқы, бірақ жылдамдығы жағынан басқаларға ілесе алмайды. Ал *төкпе жорға* ешқашан жорғасынан жаңылмай, шапқан аттарға ілесіп жүре алатын шапшаң жорға. Мұндай жылқыларды көбіне жарыстарға қосады. Жорғалардың бұл қасиеттері адам табиғатымен де ұқсастырылады. Қазақтың мақал-мәтелдерінде ерекше қасиетке ие тұлғалардың қай кезеңде дараланып, биіктен көрінетіні туралы теңеулер кездеседі.

Жорғалардың осы қасиеттері қазақтың эстетикасы мен рухани құндылығын тереңінен көрсетеді [6, 30-31].

Жорға аттар – қазақ халқының ерекше құрметіне ие, дара тұлпарлардың бірі. Мұндай асыл жануарлар көрімдік немесе байғазы ретінде тарту етіліп, олардың мәртебесі мен маңызын одан әрі арттыра түседі. Бұл дәстүр жылқының қазақ мәдениетіндегі орнының ерекше екендігін айқындап, оның иесіне зор абырой мен құрмет әкеледі. Жорғаның мұндай мәртебесі оны тек жылқы тұқымы ретінде ғана емес, мәдени мұраның ажырамас бөлігі ретінде де бағалауға мүмкіндік береді.

Ал ендігі кезекте ат бәйгесі туралы айтар болсақ, қазақ мәдениетінде жорға жарыстарының алатын орны ерекше. Бұл жарыстарының тәрбиелік мағынасы тереңде жатыр, ол қазақ халқының ұлттық құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе отырып, жас буынды ерлік-жігер, батылдық, адалдық сияқты асыл қасиеттермен тәрбилеу құралы болып табылады. Жарыс барысында тек аттың жылдамдылығы мен қозғалысы бағаланбайды, сонымен қатар адамның мінез-құлқы, оның сабырлылығы мен жігері де назарға алынады. Яғни, жарыстарда ат пен адамның біртұтастығы, шеберлігі мен төзімділігі көрінеді. Жорға жарыстары халқымыздың рухани мұрасын сақтауға, мәдени құндылықтарды жаңғыртуға және ұлттық идеалдарды көрсетуге зор үлес қосады.

Жорғаның әсемдігі мен қозғалысының өнердегі көрінісі қазақтың фольклоры мен музыкалық шығармашылығында айқын байқалады. Жорға аттың ерекшелігі, оның әсем қозғалысы мен ырғақтары қазақтың күй, би, өлең өнерінде ерекше орын алып, қазақ шығармашылығында эстетикалық шабыттың қайнар көзіне айналды.

Жорға мен күй өнері қазақ мәдениетінің тұтастығын айқындайтын, бір-бірімен тығыз байланысты екі маңызды саласы болып табылады. Қазақтың күй өнері – халықтың өмір сүру дәстүрі мен дүниетанымын бейнелейтін ерекше жанр. Күй арқылы адамдардың сезімін, ой-санасын, табиғат пен қоғамды қабылдауын түсінуге болады. Ал, жорға, өз кезегінде, дәстүрлі ат спортының бөлігі ғана емес, сонымен қатар мәдени мұрамыздың маңызды бөлігі, ерлікпен батылдықтың бейнесі болып табылады.

Жорға күйі – қазақтың дәстүрлі күй өнеріндегі ерекше орын алатын туынды. Жорға күйінің пайда болуы аттың ерекше жүрісі мен оның қозғалысының, жануар мен адамның арасындағы байланысты музыкалық бейнесі ретінде қарастырылады. Күйдің шығу тарихы көне заманнан бастау алады, себебі қазақ халқы үшін жылқылардың ерекше мәні болды. Жорға күйі аттың әсем жүрісі мен шабандоздың шеберлігін сипаттау мақсатында қалыптасты. Күйші әрбір жорғаның қимылынан шабыт алып, оны әуенмен өрнектеген. Әрбір күйде аттың тұяғының дүбірі, оның жеңіл әрі әсем қимылдары, тіпті аңыздар мен халықтың ғасырлар бойғы тарихы музыкалық формада сипатталады. Жорға күйлерінде жылқының жылдамдығы, мінезі мен шеберлігі музыкалық тілмен жеткізіледі. Жорғаның жылдамдығы мен ырғақтары күйдің әуендеріне жан бітіріп, қазақтың тарихы мен дәстүрлерін, жалпы өмір салтын жырға қосады. Жорға күйлері қазақтың музыкалық өнерінің

ажырамас бөлігіне айналып, ұлттық өнеріміздің бай мұрасы ретінде бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Қорытындылай келе, жылқы оның ішінде жорға, қазақтың мәдениетінде ерекше орын алатын жануар. Ол тұрмыстың, батырлықтың, еркіндіктің және ұлттық идеалдардың символы болып табылады. Қазақ халқының жан дүниесі, болмысы мен тарихы жылқымен тығыз байланысты, себебі ол көшпелі өмірдің ажырамас бөлігі ретінде қалыптасқан.

Қазақтың жылқыға деген құрметі мен оның атқаратын рөлі қазіргі заманға дейін өзектілігін жоғалтқан емес. Жорға аттары мен күйдің ұштасуы, сонымен қатар жорға жарыстарының тәрбиелік және мәдени маңызы, қоғамдағы ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту үшін маңызды құрал болып табылады. Бұл ұлттық спорт түрі жастарға қазақтың салт-дәстүрлерін үйретіп, бірлік пен ынтымақты нығайтуға ықпал етеді. Жорға мен күй арасындағы байланыс терең әрі күрделі. Қазақтың күй өнері жорғаның жүрісін, мінезін, әсемдігін бейнелейді. Күйдің әрбір үні мен жорғаның арасындағы байланыс халқымыздың өнерінің тұтастығын көрсетеді. Бұл құбылыс тек музыка мен спортты ғана емес, ұлттық бірегейлікті, мәдениетіміздің тереңдігін, тарихи мұрамызды сақтау жолында маңызды қадам болып табылады. Жорға мен күй – қазақ халқының тарихының, дәстүрі мен дүниетанымының ажырамас бөлігі, әрі халқымыздың рухани байлығының жарқын көрінісі. Бұл құндылықтарды заманауи форматта дәріптеу, халықаралық фестивальдер мен мәдени шараларда көрсету арқылы қазақ мәдениетін әлемдік деңгейде танытуға жол ашылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Даулеталиева Д., Тоқтағұл Б., Арзымбетова Ш. Жылқы малына қатысты қазақы атаулар //Ясауи университетінің хабаршысы. 2020. №4 (118). Б. 215-228.
2. Жұмабаев Д. Жылқы жыры. Алматы: Arna-b, 2018. 144 б.
3. Қайратұлы Б. Қазақтың атбегілік өнері. Алматы, 2021. 400 б.
4. Мұқанов М. Қазақ халқының дәстүрлі спорт түрлері. Алматы: Қазақ университеті, 2007. 200 б.
5. Тоқтабай Т. Түркі халықтарының жылқы мәдениеті: Монография /А.Тоқтабай, Бас редактор Д.Қыдырәлі. Астана: «Ғылым» баспасы, 2015. 380 б.
6. Уәлиханов Ш. атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. №3, 2023. Вестник КУ имени Ш.Уалиханова. Серия филологическая. №3, 2023. ISSN 2788-7979 (online). 194 б.
7. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. 968 б.

Нұрсерикқызы Нұрай
Бакалавриат студенті, «Дирижерлеу» кафедрасы,
Қазақ Ұлттық Өнер Университеті

Ғылыми жетекші ***Бухвалова М.В.***
Қазақстан Астана қаласы.
gerauf.18@gmail.com

Джузеппе Вердидің «Реквиемі» хор өнерінің үлгісі ретінде

Аңдатпа: Бұл мақала Джузеппе Вердидің «Реквием» шығармасына арналған. Онда туындының тарихи контексті, композитордың рухани ұстазы Алессандро Мандзонидің өлімімен байланысы, сондай-ақ «Реквиемнің» музыкалық ерекшеліктері мен құрылымы қарастырылады. Шығарманың драмалық табиғаты, діни мәтін мен адамның эмоционалдық тәжірибесін үйлестіргені талданады. Мақалада «Реквиемнің» маңызы тек шіркеулік музыка шеңберінен шығып, философиялық және гуманистік деңгейге көтерілетіні туралы қорытынды жасалады. Бұл туынды католиктік литургия мен опералық драманың тоғысуынан туындаған, әрі хор мен оркестрдің күшті әрі үйлесімді симфониясымен ерекшеленеді. Верди хорды тек ән айту құралы ретінде емес, композицияның эмоционалды жүрегі ретінде пайдалана отырып, оның әрбір дыбысы мен үні арқылы терең сезімдер мен адам жанының күйін жеткізеді. Хордың драмалық функциясы, оның солистермен диалогы мен музыкалық бейнелердің тереңдігі- бұл «Реквиемнің» хор шеберлігінің жарқын көрінісі болып табылады. Шығарманың техникалық күрделілігі мен терең философиялық мазмұны оны хор өнерінің шедеврі ретінде жоғары бағалауға негіз бола алады.

Кілт сөздер: Дж.Верди, Реквием, Алессандро Мандзони, хордың орыны, техникалық ерекшелік, хор мен оркестрдің интеграциясы, дәстүр, философиялық мазмұн, өмір мен өлім.

Джузеппе Верди (1813–1901) – XIX ғасырдың ең көрнекті итальян композиторы, әлемдік музыка тарихында ерекше орын алған тұлға. Опера өнерінің шебері ретінде танылғанымен, оның «Реквиемі» тек шіркеулік музыка үлгісі ғана емес, адамның өлім алдындағы қорқынышы, үміті мен сенімін музыкалық тілмен ашып көрсеткен шедевр болып табылады. Бұл мақалада «Реквиемнің» тарихи контексті, музыкалық құрылымы және оның адамзат үшін маңызы қарастырылады. Реквиемнің пайда болуына Вердидің рухани ұстазы, итальян әдебиетінің классигі Алессандро Мандзонидің өлімі себеп болды. Мандзони 1873 жылы қайтыс болғанда, Верди оны ерекше қайғымен еске алып, өзінің терең сезімдерін музыка арқылы жеткізуге бел буды. Шығарма алғаш рет 1874 жылы 22 мамырда Миландағы Сан-Марко шіркеуінде орындалды.

1-ші сурет. Сан-Марко шіркеуі. Милан 1874



Верди діни қызметтен алшақ адам болса да, католиктік литургия мәтінін негізге ала отырып, шығарманы рухани және философиялық деңгейде құрды. Бұл туралы музыкалық зерттеуші Джулиан Будден: «Верди Реквиемінде діни тақырып пен адамның жеке эмоцияларын ғажайып үйлестірді» деп жазады [1].

Музыкалық ерекшеліктеріне кетін болсақ – бұл вокалдық және аспаптық драманың симбиозы. Негізгі бөлімдері:

1. Requiem и Kyrie (солистер квартеті және хор) кіріспе дұға, тыныштық пен үмітті білдіреді.
2. Sequentia – Dies irae (хор) Қиямет күнінің суреті, бұл бөлімде Верди үлкен оркестр мен хорды драмалық әсер үшін шебер қолданды.;Tuba Mirum (бас пен хор);Mors stupebit (бас пен хор);Liber Scriptus, (меццо-сопрано мен хор); Quid sum miser (сопрано, меццо-сопрано, тенор); Rex tremendae (жеке дауыс пен хор); Recordare (сопрано, меццо-сопрано); Ingemisco (тенор); Confutatis (бас и хор); Lacrymosa (жеке дауыс пен хор)
3. Offertorium (солисттер)
4. Sanctus (екі хор) ұждан мен мейірімділікті жырлайтын жарқын хорлар.
5. Agnus Dei (сопрано, меццо-сопрано и хор)
6. Lux Aeterna (меццо-сопрано, тенор, бас)
7. Libera Me (сопрано и хор) жеке адамның Құдайдан құтқарылуды сұраған жан сыры.

Хорлық драматургиясына келетін болсақ: «Реквием» хоры тек музыкалық дыбысқа ғана емес, драмалық оқиғаны түсіндіруге және тыңдаушыға эмоциялық әсер қалдыруға қызмет етеді. Құрамында 4 дауысты аралас хор мен 4 солист бар бұл шығарманың әрбір сәті терең сезімдермен өрнектелген. Мысалы, «Dies Irae» бөлімінде хор ашық және қатты күшейтілген динамикамен оқиғалардың айқындығын білдіреді, оның ішінде өлім мен ақыр заманның қорқынышы мен күші ерекше орын алады. Ал «Lacrimosa» бөлімінде хор мейірім мен қайғыны терең әрі жұмсақ үнімен жеткізеді. Хордың қолданылуы драмалық контексте біршама жаңа қырларын ашады, яғни ол тек ән айтушы құрал ретінде емес,

әңгімелеуші ретінде де пайдаланылады. Верди «Реквиемде» қайталанатын хор тақырыптары мен мотивтерді пайдаланады. Бұл мотивтер әр бөлімде жаңғырып, музыкалық байланыс пен тұтастықты қамтамасыз етеді. Хор арқылы әртүрлі сезімдер мен эмоциялар айқын көрінеді, сол арқылы шығарманың құрылымында музыкалық «көпірлер» қалыптасады. Олардың эмоционалды әсері арқылы, бүтін шығарманың үйлесімділігін қалыптастырады.

Хор мен солистердің өзара әрекеті де ерекше орын алады.Верди хормен және жеке орындаушылармен жұмыс істегенде олардың арасындағы тепе-теңдік пен байланысқа ерекше назар аударады. Бұл шығарманың бірегейлігі сол, хор мен солистер бірдей маңызға ие. Мысалы, «Sanctus» немесе «Agnus Dei» бөлімдерінде хор мен солистер бір-бірімен диалог құрып, олардың әрқайсысының жан дүниесін ашуға көмектеседі. Хордың бай дауысы мен солистердің нәзік және терең орындаушылығы арасындағы контраст және «Sanctus» бөлімінде хор біреу емес екеу болғандықтан композицияның эмоциялық қуатын күшейтеді.



2-ші сурет. «Sanctus» Choir I/Choir II

Хордың орыны: Реквиемде хор тек дыбыстық топ емес, маңызды музыкалық «персонаж» ретінде қызмет атқарады. Бұл жерде хор жеке орындаушылармен және оркестрмен біріге отырып, музыкалық даму барысында белгілі бір идеяларды білдіреді. Мысалы, «Confutatis» немесе «Domine Jesu Christe» бөлімдерінде хор коллективті субъекті ретінде көрінеді. Ол барлық адамзаттың жазаға тартылуы мен құтқарылуына байланысты ортақ сезімдерді, қорқыныш пен үмітті білдіреді. Мұнда хор - ұжымдық ой мен сезімнің, біртұтас адамдар қауымының дауысы болып табылады.

Техникалық ерекшеліктеріне көз салсақ: «Реквием» шығармасының хор партиясы өте күрделі және техникалық жағынан жоғары талаптар қояды. Мұнда

хордан үлкен акустикалық дәлдік пен жоғары орындаушылық шеберлік талап етіледі. Хор орындаушылары тек дәстүрлі хор техникамен ғана емес, сонымен бірге терең музыкалық түсінікпен де сипатталады. Олар Вердидің композициясында әр түрлі динамикалық деңгейлер мен ритмдік күрделіліктерді дәл әрі сенімді түрде орындауы керек. Бұл шығарманың хор бөлігі сондай-ақ, үнемі өзгеріп отыратын эмоциялық жағдайларды көрсетеді: тыныштық пен тыныс алу, қуаныш пен қайғының ауысуы- мұның бәрі хор арқылы айқын сезіледі.Көп дауыстылық және полифония жеке орын алады.Хор құрылымында Верди көп дауыстылық пен полифонияны кеңінен қолданады. Әр дауыстың өзіне тән музыкалық рөлі мен бағыты бар, олар бірге толық үйлесім қалыптастырады. Мысалы, «Sanctus» немесе «Agnus Dei» бөлімдерінде хор полифониялық техникаларды қолдана отырып, әртүрлі музыкалық бағыттар мен гармониялық үйлесімділіктерді құрады. Мұндай құрылымдар орындаушылардан жоғары кәсіби шеберлік пен музыкалық дәлдікті талап етеді.

Музыкалық бейнелер мен эмоциялық әсер: Жалпы алғанда, Вердидің «Реквиемі» хордың эмоционалды қуатын, драмалық әсерін және музыкалық мүмкіндіктерін ашатын туынды болып табылады. Хордың композициядағы орны және оның музыкалық құрылымдағы маңызы оны хоровық өнердің нағыз биік үлгісі етеді. Шығарманың әрбір бөлімінде хордың өзге формалары мен бейнелерін пайдалану арқылы оның драмалық әрі эмоционалды күшін күшейтеді. Әрбір хор эпизоды тыңдаушыларға тек музыкалық әсер беріп қана қоймай, сонымен қатар философиялық тереңдік пен адам өмірінің мәнін түсінуге итермелейді.Әсіресе, «Dies irae» бөлімі тыңдаушыларды өзінің керемет динамикасы мен эмоционалдық күштілігімен баурап алады. Николай Тарустин өз зерттеуінде бұл бөлімді «өлімге деген қорқыныштың музыкалық көрінісі»деп сипаттайды [2].

Реквиемнің маңызы :Вердидің «Реквиемі» – тек шіркеулік музыка ғана емес, әмбебап философиялық туынды. Ол өлім мен өмір, қайғы мен үміт туралы ойлануға мәжбүр етеді. Музыка зерттеушісі Энтони Томасини бұл шығарманы «адамзат рухының өлім алдындағы ерлігі мен қорқынышының симфониясы» деп атайды [3]. Верди операға тән драматизмді пайдалана отырып, жеке дауыс, хор және оркестрдің үйлесімін тамаша шеберлікпен жеткізді. Шығарма әр адамның жүрегіне әсер ететіндіктен, оны діни немесе мәдени шеңбермен шектеу мүмкін емес.

Хор мен оркестрдің интеграциясы: Хор мен оркестрдің өзара әрекеттесуі хор құрылымының маңызды аспектісі болып табылады. Оркестр тек хорға аккомпанемент жасап қоймай, оның дыбыстық кеңістігіне енеді, сол арқылы шығарманың драмалық күшін арттырады. Мысалы, «Dies Irae» бөлімінде оркестр мен хор тығыз байланыста жұмыс істейді, бұл бүкіл музыкалық бөліктің драмалық әлеуетін жоғарылатады. Оркестр мен хордың бірігуі туындының музыкалық динамикасын айқын көрсетеді.



3-ші сурет. «Dies irae» бөлімі

«Реквиемнің» соңғы бөлімінде, «Libera me» (мәңгі тыныштық), хор тыныш әрі жарқын әуенмен үміт пен тыныштықты бейнелейді. Бұл бөлімде хордың нәзік және жеңіл үні тыңдаушыны бейбітшілік пен мәңгілікке шақырады. Мұндағы хордың ролі – шығарманың барлық драмалық күшінен кейін адамның рухани тыныштығына, құтқарылуына деген үміттің жеңуі мен жеңілдік сезімін көрсетеді.

Қорытындылай келсек: Джузеппе Вердидің «Реквиемі» хор өнерінің айқын үлгісі ретінде хормен жұмыс істеудің жаңа деңгейін ашты. Бұл туынды тек техникалық қиындықтарымен ғана емес, сондай-ақ, эмоционалдық және драмалық әсерімен де ерекшеленеді. Верди хорды музыканың орталық элементіне айналдыра отырып, оның мүмкіндіктерін толық пайдаланған. Мұндағы хор – бұл күрделі, терең және көпқырлы бейнелер мен эмоциялар тілі, ол шығарманың мәні мен мағынасын одан әрі тереңдете түседі.

Әдебиеттер тізімі

1. Будден Дж. Верди и его оперы. Санкт-Петербург: Композитор, 2005. 27с.

2. Тарустин Н. «Верди: Музыкальная драматургия и религиозные мотивы. Москва: Наука, 2010. 132 с.

3. Томасини Э. Verdi and the Eternal Questions: Life, Death, and Music. New York: Metropolitan Press, 2012. 265 с.

Советбек Мөлдір Асқарқызы
Сейсенбі Арнұр Еркінқызы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
3 курс студенттері

Ғылыми жетекші: Магистр, аға оқытушы
Нурханова Балжан Тастанбекқызы
Қазақстан, Алматы қаласы
moldirsovetbek418@gmail.com
seisenbievaarnur@gmail.com

Таңбалы тас: қазақ даласының көне өркениет іздері

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақ даласының көне өркениеттерінің бір айғағы болып табылатын таңбалы тастар туралы баяндалады. Таңбалы тастар – тас бетіне салынған түрлі белгілер мен суреттер, олар ежелгі халықтардың дүниетанымы мен мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылады. Қазақ жеріндегі таңбалы тастар әртүрлі кезеңдер мен мәдениеттердің тарихынан сыр шертеді. Мақалада осы тастардың ғылыми мәні, олардың зерттелуі, және мәдени мұра ретінде маңызы туралы сөз болады.

Түйін сөздер: таңбалы тас, ескерткіш, тарих, философия, әдебиет, археология, мәдениет, қола дәуірі.

Қазақ даласындағы таңбалы тастар – ежелгі өркениеттердің мәдени мұрасы, олар тек археологиялық ескерткіш ретінде ғана емес, халықтың рухани әлемі мен дүниетанымын көрсететін маңызды белгі болып табылады. Таңбалы тастарды зерттеу арқылы біз өзіміздің тарихымыз бен мәдениетіміздің терең қабаттарына үңіліп, өткен мен бүгіннің арасындағы байланысты нығайта аламыз. Осы зерттеу нәтижелері қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мен болашақ ұрпаққа жеткізу үшін аса маңызды.

2003 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданында «Таңбалы» қорық мұражайы құрылды. «Таңбалы» қорық мұражайында қола дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейін сақталып келе жатқан жәдігерлер, жартас суреттері, қола дәуірінің тұрақтары, бейіттері табылды. Қорықта 100 – ден астам әр түрлі уақыттағы ескерткіштер, 13-14 ғасырдың ортасынан 19-20 ғасырларға дейінгі молалар, петроглифтер, құрбандық шалатын орындар, табыну ғимараттарыда бар. Қола дәуірінен бері сақталып келе жатқан жартас суреттері, Таңбалы өзенінің бойынан табылған тұрақтар мен құрбандық шалу орындары Таңбалының тарихы ежелден бері келе жатқанын дәлелдейді. Тарихына байланысты «Таңбалы» қорық мұражайы Орта Азиядағы жартас өнерінен ЮНЕСКО - ның Бүкіләлемдік Мұралар тізіміне алғаш кірген мұражай болды. «Таңбалы» қорық мұражайында тасқа салынған суреттер әлемдік деңгейде танымал, маңызды тарихи жәдігерлердің бірі болып саналады. 1957 жылы Қазақстанның зерттеушілері Таңбалы жартас суреттері туралы ақпарат жинап,

сапалы фотоматериалдар жинап алғаш рет ғылыми айналымға кіргізді. Осы кезден бастап Таңбалы ескерткішіне археологтар, тарихшылар, геологтар, суретші, режиссерлар т.б келіп зерттеп, әртүрлі деректі фильмдер түсірді. Осы жұмыстардың нәтижесінде "Таңбалы" танымал мұражайға айналды.

Таңбалы тастар – негізінен тас бетіне қашалған түрлі белгілер, пішіндер, суреттер және жазулардан тұрады. Олар еліміздің бірнеше аймағында, әсіресе Орталық Қазақстан, Жетісу, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан өңірлерінде жиі кездеседі. Бұл тас ескерткіштерінің ең көне үлгілері б.з.д. III мыңжылдыққа дейінгі кезеңдерге жатады. Қазақ даласындағы таңбалы тастардың ішіндегі ең әйгілісі – Шет өзені бойындағы "Таңбалы тас" және "Алтынемел" ұлттық паркіндегі тастар. Таңбалы тастардың көпшілігі әртүрлі мифологиялық, тұрмыстық, шаруашылықтық белгілер мен іздерді қамтиды. Бұл белгілердің басым көпшілігі жануарлар, адамдар, күн, ай және басқа да табиғи құбылыстарды бейнелейді. Көптеген суреттер мен таңбалар көне халықтардың күнделікті өмірін, сенімдерін, табиғатпен байланысын, сондай-ақ сол замандағы қоғамдық құрылым мен әлеуметтік қатынастарды көрсетуі мүмкін. Қазақ даласындағы таңбалы тастар әртүрлі түрлерге бөлінеді. Ең кең тараған түрлері:

сурет 1.

сурет 2.

Көрсетілген фото суреттерде күннің, айдың, жұлдыздардың, сондай-ақ жердің, судың, өсімдіктердің бейнелері кіреді. Бұл таңбалар көбінесе адамдардың табиғатпен тығыз байланысын, оның күштеріне табынуын көрсетеді. Қазақ халқының мәдениетінде таңбалы тастар, әсіресе күннің суреттері мен айдың бейнелері, белгілі бір мәндер мен символикаларды білдіретін маңызды белгілер болып табылады. Бұл таңбалар көбінесе көне дәуірлерден қалған, халықтың дүниетанымын, дінін, және күнтізбесін көрсетуге қызмет еткен.

Күн мен айдың суреттері көбінесе қазақтардың рухани дүниесінде жоғары деңгейде бағаланған символдар болып табылады. Олар адамзаттың өмірі мен табиғаттың айналымына байланысты түсініктерді білдіреді. Мысалы, ***күн*** — жарық пен жылудың көзі, өмірдің символы, ал ***ай*** — уақытты есептеуге арналған, сондай-ақ, айдың толық және жартылай фазалары маусымдық өзгерістер мен ауыл шаруашылығы жұмыстарымен байланыстырылған.

Күннің суреті күнге табынушылықтың белгісі болуы мүмкін, әсіресе көшпенділердің өмірінде. Бұл белгі халықтың табиғатпен, аспан денелерімен байланысын және сол арқылы уақытты, маусымдарды есептеуді білдіреді.

Айдың суреті сондай-ақ халықтың дәстүрлі нанымдары мен дүниетанымын бейнелейтін белгі болып табылады. Ай халық үшін мынадай мағынаға ие: ай — түнгі уақыттың символы, белгісі ретінде қарастырылады. Бұл таңбалар көшпенді қазақ қоғамында жазбаша белгі ретінде қолданылғанымен, олардың терең символикалық мағынасы халықтың мәдениетінде сақталып қалған.

Жануарлар мен аңшылық белгілеріне байланысты жануарлар бейнелері көне халықтардың аңшылықты өмір салтының ажырамас бөлігі болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл бейнелер адамдардың белгілі бір жануарларды қастерлеуін, олармен байланысты діни сенімдерін де көрсетеді. Жануарлар мен аңшылық белгілері қазақ халқының мәдениетінде терең мағынаға ие. Бұл таңбалар көбінесе көшпелі тұрмыс пен табиғатпен тығыз байланысқан. Жануарлар мен аңшылықтың таңбалық суреттері адамның өміріндегі маңызды аспектілерді, табиғатпен үйлесімділікті және көшпенділердің тұрмыс-салтын бейнелейтін символдар болып табылады [1, 15 б]. Сонымен қатар, аңшылық қазақ қоғамында негізгі шаруашылық тәсілдерінің бірі болған, сондықтан аңшылық пен жануарлардың суреттері өмірде маңызды рөл атқарған. Жануарлар мен аңдардың бейнесі көбінесе еркектердің күш-қуатын, батылдығын, табиғатпен үйлесімділікті және рухани жетілуін білдіреді. Аңшылық мәдениеті мен ептілік, байқампаздық және батылдық қасиеттерін көрсету үшін таңбалы тастарда аңдардың бейнесі жиі кездеседі. Жануарлардың белгілері: Қазақтарда таңбалы тастардағы жануарлар көбінесе өздерінің рухани маңыздылығымен қатар, адамның өміріне тікелей әсер ететін жануарларды бейнелейді. Мысалы, жылқы — еркіндіктің, батырлықтың және көшпенді мәдениеттің символы болып табылады, ал арқар, бұғы сияқты аңдар табиғаттың күшті және айбарлы тұлғаларын бейнелейді. Қасқыр - қасқырдың суреттері қазақ мәдениетінде батылдық пен ерліктің, аңшының күшті әрі епті болғанын символдайды. Қасқырлар қауымдастықта күшті топты, серіктестік пен бірлікті білдіреді. Қасқыр бейнесі сонымен қатар жауынгерліктің және көшпенділердің күреске деген дайындықтарын көрсетеді. Түлкі мен тағы басқа аңдар: Түлкі — айлакерлік пен тапқырлықтың белгісі, ол көбінесе адамның өміріндегі әдіс-айла мен ақыл-ойдың символы ретінде суреттеледі. Сонымен қатар, басқа аңдардың бейнесі де адам өмірінде олардың нақты немесе мифологиялық мағынасына байланысты әртүрлі символдарды білдірген. Құстар мен басқа жануарлар: Құстар, әсіресе, қыран мен басқа да аңшы құстар, жоғары мәртебені, билікті және жанұяның қорғаушысының символы болып табылады. Бұл таңбалы тастарды түсіну арқылы қазақ халқының табиғатқа, жануарларға және олардың мінез-құлқына деген құрметін, аңшылық мәдениетінің маңыздылығын көруге болады. Таңбалар көшпенділердің тұрмысында, әлемді танудағы философиялық және рухани көзқарасын бейнелейді.

Таңбалардан басқа да әлеуметтік белгілер мен әдет-ғұрыптарды көрсетуге арналған суреттер кездеседі. Олар адамның әлеуметтік орны, әртүрлі тұқымдас және рулар арасындағы байланыстарды сипаттайтын белгілер болып табылады. Ритуалдық және мифологиялық белгілер: Қолданылған таңбалардың ішінде кейбірі ерекше ритуалдық мәнге ие. Мысалы, қорғандар мен киелі орындарға

жақын орналасқан тас бетінде сызылған белгілер мен суреттер діни сенімдерді, дүниетанымды көрсетеді.

Таңбалы тастардың ғылыми зерттелуі XIX ғасырдың ортасынан басталады. Алғаш рет археологиялық қазбалар кезінде бұл тастар туралы жазба деректер пайда болды. 1940-1950 жылдары Кеңес Одағының археологтары таңбалы тастарды зерттеуге назар аударып, олардың пайда болу мерзімі мен қолданылу аясын анықтауға кірісті. Қазіргі таңда Қазақстанда таңбалы тастардың көпшілігі республикалық және халықаралық деңгейде ғылыми зерттеуге алынған. Бұл тастардың бейнелері мен таңбаларын талдау, әртүрлі тарихи кезеңдерге жатқызу, олардың әлеуметтік мәнін түсіну археология мен этнография саласындағы маңызды ғылыми жұмыс болып табылады. Сонымен қатар, таңбалы тастарды зерттеу арқылы қазақ халқының көне мәдениетіндегі рухани, мифологиялық және әлеуметтік құрылымдар туралы түсініктерімізді байытуға мүмкіндік береді [2, 49-50 б].

Қазіргі таңда таңбалы тастардың көпшілігі уақыт өте келе табиғи және адам әрекеттерінің әсерінен жойылу қаупіне ұшырауда. Олар тек археологиялық ескерткіштер ретінде ғана емес, халықтың мәдени мұрасының бір бөлігі болып табылады. Осы себепті, таңбалы тастарды қорғау және сақтау маңызды мәселелердің біріне айналды. Қазақстанда осы ескерткіштерді зерттеу, қорғау және сақтау мақсатында көптеген ғылыми-зерттеу орталықтары мен ұйымдар жұмыс істейді. Қазіргі уақытта таңбалы тастардың орналасқан жерлерінде қорғау жұмыстарын жүргізу, археологиялық қазбаларды ұйымдастыру және тастарды сақтау үшін заманауи әдістерді қолдану қажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар, таңбалы тастарды сақтау тек археологтардың міндеті ғана емес, жалпы қоғамның да жауапкершілігі болып табылады. Таңбалы тастар – қазақ халқының бай мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Олар көне өркениеттердің іздерін көрсететін, халықтың дүниетанымы мен рухани әлемін бейнелейтін ескерткіштер болып табылады. Таңбалы тастарды зерттеу арқылы біз өз тарихымызды тереңірек түсініп, сол арқылы бүгінгі ұрпаққа өткен дәуірлерден мол мұра қалдыра аламыз. Бұл ескерткіштерді сақтау, қорғау және оларды ғылыми тұрғыдан зерттеу – біздің мәдени міндетіміз әрі болашақ ұрпаққа үлгі боларлық іс болып табылады. Қазақ даласында ең көп кездесетін таңбалы тастар негізінен еліміздің әр түрлі аймақтарында орналасқан. Бұл тастар көбінесе Орталық Қазақстан, Жетісу, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан өңірлерінде шоғырланғанын және олар туралы негізгі ақпараттарды төмендегі кестеден біле аламыз.

Таңбалы тастардың ең көп кездесетін орындары:	
1. Орталық Қазақстан (Қарағанды облысы)	Бұл аймақтағы Шет өзенінің бойындағы Таңбалы тас ерекше танымал. Орталық Қазақстандағы таңбалы тастар археологтар мен ғалымдардың назарын аударады. Бұл жерде бірнеше мыңдаған жылдар бұрынғы таңбалар мен суреттер сақталған, олардың ішінде жануарлар, геометриялық өрнектер және мифологиялық белгілер кездеседі.

2. Жетісу өңірі (Алматы облысы)	Алтынемел ұлттық паркі аймағындағы таңбалы тастар үлкен ғылыми қызығушылық тудырады. Бұл жерде «Таңбалы тас» деп аталатын ерекше тарихи ескерткіш бар. Мұнда да көптеген көне таңбалар мен суреттер сақталған, олардың арасында күннің, айдың, жұлдыздардың бейнелері, жануарлар мен адамдардың таңбалары орын алған.
3. Батыс Қазақстан (Атырау, Ақтөбе облыстары)	Батыс Қазақстанның таулы аймақтарында да таңбалы тастар жиі кездеседі. Мысалы, Жайық өзені бойындағы таңбалы тастар мен Маңғыстау аймағындағы тастар да ерекше зерттелген. Бұл жерлерде тастардың бетінде әртүрлі өрнектер мен белгіленген мифологиялық символдар бар.
4. Шығыс Қазақстан (Шығыс Қазақстан облысы)	Бұл өңірде Қатонқарағай және Бақанас сияқты орындарда таңбалы тастар көп кездеседі. Бұл жерлерде көне дәуірлерден қалған таңбалар мен суреттер зерттеушілердің қызығушылығын туғызады. Әсіресе, Қатонқарағай аймағындағы тас беттерінде аңдардың бейнелері мен адам пішіндері кездеседі.
5. Талас аймағы (Жамбыл облысы):	Талас аймағы да көне таңбалы тастарымен белгілі. Бұл жерде әртүрлі тарихи кезеңдерге тән суреттер мен белгілер бар. Мұндай тастар көбінесе тұтас бір қорымдар немесе киелі орындармен байланысты Қазақ даласының әрбір аймағында таңбалы тастардың өз ерекшеліктері бар, бірақ ең көп шоғырланған аймақтар Орталық Қазақстан, Жетісу, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан өңірлері болып табылады. Бұл тастар халықтың мәдени мұрасы мен дүниетанымын көрсететін маңызды ескерткіштер болып табылады [3, 80-81 б].

Таңбалы тастар туралы қазақ әдебиетінде белгілі әңгімелер мен аңыздар өте көп. Әдеби тарихи дастандардан, әңгімелерден қазақ халқы үшін бұл жырлардың маңызы ерекше екенін түсінуге болады.

Қазақтың әйгілі «Қыз Жібек» жырында таңбалы тастардың рөлі ерекше. Бұл жырда батырлар мен олардың армандары туралы айтылғанда, көбінесе олар табиғат күштері мен тастардың көмегімен өздерінің ерліктерін көрсетеді. Таңбалы тастар арқылы батырлар жердің қойнауынан күш алатын, сондай-ақ белгілі бір белгілермен табиғаттың құпия сырларын ашатын болған. Сонымен қатар, «Алпамыс батыр» жырында да таңбалы тастардың белгілі бір маңызы бар. Бұл батырда өзінің жауынгерлік жолында ерекше белгілер мен таңбаларға ие. Аңыздарда Алпамыс батыр жер мен аспан арасындағы күштерді, рухани

белгілерді байланыстырып, таңбалы тастар арқылы өз жауынгерлік ісін баяндайды. Таңбалы тастардың болуы қазақтың басқа да батырлар жырларында жиі кездеседі. Батырлар тастар арқылы жердің құпияларын ашып, алға қойған мақсаттарына жеткен деп саналады. Мұндай аңыздарда таңбалы тастар көбінесе күштің, тағдырдың, әруақтардың немесе көмекшілердің символы болып табылады. Қазақ әдебиетіндегі таңбалы тастардың басты философиялық мәні – олар табиғатпен, адам мен әлемнің арасындағы байланыс пен үйлесімділікті білдіреді. Қазақтардың дүниетанымында таңбалы тастар әрбір халықтың тарихын, тұрмысын, рухани мәдениетін бейнелейтін ерекше белгі болып саналады. Әрбір таңба немесе сурет сол қоғамның тұрмыс салты мен діни сенімдерін, дүниетанымын айқындайды.

«Таңбалы тас» қорық-музейіне зерттеу жүргізу барысында адамдардан сауалнама жұмыстары мен «Таңбалы» қорық музейінің ғылыми – зерттеу бөлімінің жетекшісі К.Нурмаксутовпен сұхбат жүргізілді. Адамдар арасында «Таңбалы» қорық-музейі жайлы сауалнама алу барысында, адамдардың 75% - ы қорық туралы естігенін және оған барып көргендерін біле алдық. Ал қалған 25% адамдар қорық туралы мүлдем ақпарат естімегенін білдік. Осы тұрғыда сауалнама барысында туристер де өз ықыластарын білдіріп, сонау көршілес елдерден «Таңбалы» қорық - музейіне келетінімен бөлісті. Ал «Таңбалы» қорық музейінің ғылыми – зерттеу бөлімінің жетекшісі К.Нурмаксутовпен сұхбат барысында біз бөлім басшыларының Таңбалы үшін біраз жұмыстар жүргізіліп жатқанын біле алдық. Оның ішінде, музейге келушілердің санын арттыру үшін түрлі қорыққа саяхаттау жұмыстарын жүргізіп жатырғандармен бөлісті.

Біз «Таңбалы тас» қорық-музейін зерттеп, саралай келе мынандай қорытындыға келдік: қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетінде таңбалы тастар маңызды орын алады. Бұл тастар табиғатпен және адамның рухани әлемімен тығыз байланысқан, сонымен қатар қоғамның дүниетанымын, наным-сенімдерін, тарихын бейнелейтін белгі ретінде қызмет еткен. Таңбалы тастардағы символдар мен суреттер әртүрлі мәндерге ие болып, олар халықтың әлемді түсінуіне, табиғаттың күштерімен байланысын көрсетуге, сондай-ақ, рухани және ритуалдық өмірге қатысты ақпарат береді. Қазақ әдебиетінде таңбалы тастар туралы аңыздар мен әңгімелер батырлар жырларында, эпостық шығармаларда, халықтық ертегілерде кеңінен кездеседі. Бұл әңгімелерде таңбалы тастар табиғаттың құпияларын ашатын, күштер мен әруақтармен байланыс орнататын, батырлар мен адамдардың өмірінде маңызды рөл атқаратын символдар ретінде көрінеді. Осы белгілер арқылы қазақ халқы өздерінің рухани құндылықтарын, дүниетанымын және табиғатпен үйлесімділігін білдірген.

«Таңбалы тас» музейінің қызметі Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасын сақтау, зерттеу және насихаттауға бағытталған көпқырлы жұмыс болып табылады. Оның қызметі Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасына деген қызығушылықты арттырып, ұлттық құндылықтарды бағалау мен қорғауға үлес қосады. Бұл музей тек мәдени ескерткіштерді сақтау орталығы ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулер жүргізетін, туристік және экологиялық жобаларды дамытатын және қоғамның мәдени-ағартушылық деңгейін көтеруге

үлес қосатын мекеме ретінде де ерекшеленеді. Оның халықаралық мәртебесі Қазақстанның мәдени мұрасын әлемдік қауымдастыққа таныстыруға мүмкіндік береді. Қазақстанның осындай мәдени байлығын терең зерттеу және сақтау – ұлттық мәдениет пен тарихты қорғаудың маңызды бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, таңбалы тастар халықтың мәдениетінің, тарихының және болмысын түсінуге бағытталған терең философиялық тұжырымдарды білдіреді.Осылайша, таңбалы тастар қазақтың бай мәдениетінің, мифологиясының және әдебиетінің ажырамас бөлігі болып табылады, олар халықтың тарихын, рухани әлемін және өмірге деген көзқарасын танытатын құнды мәдени мұра болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қалимолдаұлы Р. «Таңбалы» тарихтан сыр шертеді // Атамекен. 2022. №47 (6142). 6-8 б.
2. Қабдолов З. Таңбалы тастар мен дәстүрлі қазақ мәдениеті. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2018. 97 б.
3. Мұқамбетқали Р. Қазақтың мифологиясы // Молодой ученый. 2020. №2.2 (49.2). 29 б.

Нұрахмет Бұлбұл Нұрғазықызы
Әміржан Елдана Ерболқызы
3-курс студенттері, «6В11102-Мәдени-тыныгу жұмысы» ББББ
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан
bulbul.nn05@icloud.com
eldok05@icloud.com

Ғылыми жетекші: магистр аға оқытушы, ***Б.Т. Нұрханова***

Кітап оқу мәдениеті: қазіргі жастар арасында кітап оқуды трендке айналдыру жолдары

Аңдатпа: Мақалада кітап оқудың тұлға дамуына әсері, кітап оқу мәдениетінің маңызы мен оның жастардың интеллектуалдық және рухани өсуіне ықпалы қарастырылады. Цифрлық дәуірде жастарды кітап оқуға тартудың заманауи тәсілдері, әлеуметтік медиа мен инновациялық технологияларды қолдану арқылы оқуды трендке айналдыру жолдары ұсынылады.

Түйін сөздер: кітап оқу, жастар, мәдениет, білім, тренд, цифрлық технологиялар, креативтілік.

Кітап оқу адамның танымдық көкжиегін кеңейтіп, оның рухани дамуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады. Кітаптың білім алуға, сыни ойлау қабілетін дамытуға және эмоционалдық интеллектті байытуға тигізер әсері көптеген ғылыми зерттеулермен дәлелденген. Жастар арасында кітап оқуды күнделікті әдетке айналдыру олардың интеллигентті және жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Кітап оқу мәдениеті – бұл адамның кітапты таңдай білу, оны мұқият талдап оқу, мәтіндегі ойларды терең түсіну, алынған білімді өмірде қолдану сияқты дағдыларын қамтитын күрделі үрдіс. Алайда, заманауи технологиялар мен цифрлық медиа құралдарының кең таралуы жастардың назарын аударып, кітап оқуға деген қызығушылықты төмендетуде. Бұл мәселе қоғамның прогрессивті дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Сондықтан, жастар арасында кітап оқу мәдениетін жандандыру үшін жаңа әдіс-тәсілдер қажет. Оларға цифрлық және инновациялық технологияларды қолдану, әлеуметтік платформаларда пайдалы контенттер жариялау, кітап авторларымен кездесулер ұйымдастыру, кітап жәрмеңкелері мен әдеби фестивальдар өткізу, пікір алмасу клубтарын құру және электронды және аудиокітаптарға қолжетімділікті арттыру жатады. Осындай тәсілдер арқылы кітап оқуды жастар арасында трендке айналдырып, олардың интеллектуалдық және рухани әлеуетін арттыруға болады.

Бұл мақалада жастар арасында кітап оқу мәдениетін жандандырудың заманауи әдістері және олардың қоғамның прогрессивті дамуына тигізер әсері талқыланады.

«Кітап маған тақтан да қымбат», - деп көрсеткен Шекспир. Бұл сөзден түйер ойымыз, адамға жан азығы, рухани байлығы бола білген – кітап. Сол себепті оның орны тақтан да жоғары. "Наданмен қас болғанша, кітаппен дос бол", - дейді Баус. Кітап - сенің асып-таспайтын досың. Себебі кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары, саналы, жан-жақты болып тәрбиеленері сөзсіз. Білімнің көзін ашып, ең алғаш ғылым саласын танытқан, оқытып-үйреткен - кітап. Кітап адамға рухани азық» [1, 3 б.].

«Әлішер Рахат, жазушы: Кітап оқуды трендке айналдыру арқылы жандандыруға болады деп ойлаймын. Меніңше, дәл қазіргі уақыт мәдениеттің өркендейтін кезі. Өйткені әлемде үлкен өзгерістер болып жатыр және ол жалғаса беретін түрі бар. Тарихты еске түсірер болсақ, осындай заманда адамдардың өнерге деген құштарлығы күшейеді және мәдениет қарыштап дамиды. Ал енді сұраққа келер болсақ, қазір көп кісі «қалай байысам, қалай отбасыммен бақытты болсам, өз орнымды қайдан тапсам» деген мәселеге ден қоя бастады. Блогер, психолог, коуч-консультант көбейді, демек сұраныс бар. Трендте солар. Күндердің күнінде әр нәрседен үміт еткен адамдар өнерден, әсіресе әдебиеттен өз сұрақтарына жауап табады деп сенемін. Бәлкім, сол кезде трендке айналар. Оны бұқаралық мәдениетке айналдыруға шын мәнісінде еш кедергі жоқ. Тек шығармалар аз. Сапалы шығармалар аз. Бұқаралық әдебиетке лайық шығармалар жетіспейді. Әдебиетте жүрген көптеген автор үлкен өнер тұрғысынан жазуға, академиялық деңгейде мойындалуға тырысады» [2, 1 б.].

Жастар арасында кітап оқудың маңыздылығын анықтау машсатында 18-25 жас аралығындағы студенттер арасында сауалнама жүргіздік. Бұл сауалнама «Кітап оқу мәдениеті» тақырыбында, қазіргі жастар арасында кітап оқуды трендке айналдыру жолдарын анықтауға бағытталған. Негізгі мақсат – жастардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын, әдеттерін және кедергілерін зерттеу. Сауалнаманың нәтижелері: Кітап оқу жиілігі: Кітапты аптасына 1-2 рет оқимын: 40%, Кітапты айына 1-2 рет оқимын: 25%, Кітапты мүлдем оқымаймын: 15%, Күнделікті оқимын: 20%. Кітап жанрлары бойынша нәтижелер: Фантастика: 30%, Деректі әдебиет: 25%, Классикалық әдебиет: 20%, Сөздік және оқу әдебиеті: 15%, Басқа: 10%. Оқу кедергілері: Уақыт тапшылығы: 50%, Қызығушылықтың болмауы: 30%, Кітаптардың қолжетімсіздігі: 15%, Басқа себептер: 5%.

Сауалнама нәтижелері арқылы жастардың кітап оқуға деген көзқарастары мен қызығушылықтарын анықтап, нақты стратегияларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл ақпаратты кітапханалар, білім беру мекемелері және мәдени ұйымдар жастарға бағытталған бағдарламалар мен іс-шараларды жоспарлау үшін пайдалана алады. Нәтижелер қоғам мен мәдениетке әсер етіп, кітап оқу мәдениетін дамытуға көмектеседі.

Жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру үшін заманауи әдістер мен шығармашылық тәсілдер қажет. «Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар мен әлеуметтік медианың ықпалы зор болғандықтан, осы құралдарды тиімді пайдалана отырып, кітап оқуды насихаттау үлкен маңызға ие. Кітапқа қызығушылықты оятудың бірнеше жолы бар:

Жастардың көп уақыты әлеуметтік желілерде өтетінін ескерсек, осы платформаларды кітап оқуды дәріптеуге арналған кеңістікке айналдыруға болады. Мысалы, кітапқа шолу жасау, оқылған кітаптар туралы бейнебаяндар түсіру, кітап марафондары ұйымдастыру – бұл жастарды кітаппен жақынырақ таныстырудың бір тәсілі. Instagram, TikTok, YouTube сияқты танымал платформаларда кітап блогерлерінің саны өсіп келеді. Олар өздерінің әсерлі пікірлері арқылы көптеген жастарды кітап оқуға қызықтыра алады.

Кітапханаларды жастар үшін тартымды, қызықты орындарға айналдыру маңызды. Классикалық кітапхана форматын заманауи мәдени орталықтарға айналдырып, кітапханаларда түрлі іс-шаралар (поэзия кештері, авторлармен кездесулер, кітап алмасу шаралары) өткізу – кітапқа қызығушылықты арттыратын тамаша тәсілдердің бірі. Бұл шаралар жастардың кітапханаға келуіне ынталандырып, оқуға деген қызығушылығын арттырады.

Кітап оқу процесін ойын форматына көшіру арқылы жастардың қызығушылығын арттыруға болады. Бұл бағытта түрлі байқаулар, викториналар, «оқырман марафондары» сияқты шаралар ұйымдастырылып, жеңімпаздарға ынталандыру сыйлықтарын беру – жастар арасында кітап оқуды трендке айналдырудың тиімді жолдарының бірі. Ойын арқылы жастар кітапты жеңіл әрі қызықты түрде қабылдай алады.

Жас жазушыларды қолдау арқылы олардың шығармаларын кеңінен насихаттап, жастарға жақын, заманауи тақырыптарда жазылған кітаптарды оқуға мүмкіндік жасау қажет. Жас авторлардың кітаптары жастар үшін қолжетімді әрі

тартымды бола алады, өйткені олар заманауи мәселелерді көтеріп, жастардың өміріне жақын тақырыптарды қозғайды.

Жастарға кітап оқудың артықшылықтарын көрсету де маңызды. Оқудың есте сақтау қабілетін жақсарту, сыни ойлау қабілетін дамыту, эмоциялық интеллектіні жетілдіру сияқты пайдалы жақтарын түсіндіру арқылы кітап оқудың құндылығын көрсетуге болады. Бұл ретте атақты адамдардың, танымал блогерлердің кітапқа деген көзқарасы үлкен әсер ете алады.

Қазіргі жастардың мобильді құрылғыларға бейімделгенін ескере отырып, электронды және аудиокітаптарды кеңінен насихаттау қажет. Бұл форматтар оқуға уақыт тапшы болған жағдайларда да кітап оқуға мүмкіндік береді. Әсіресе, аудиокітаптар спортпен айналысқанда, жолда жүргенде немесе бос уақытында тыңдауға қолайлы.

Осы және басқа да әдістер жастар арасында кітап оқуды сәнді әрі пайдалы әрекетке айналдыра алады. Кітап оқу мәдениетін қайта жаңғырту үшін заман талабына сай тәсілдерді пайдаланып, жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру маңызды.

«Кітап оқу адамның дүниетанымын кеңейтетіні сөзсіз. Жоғарыда айтқан мәселелердің дені жастардың кітапқа деген қызығушылығы туралы болды. Жастар кітап оқымайды деп кесіп айтуға болмайды, бұл қате пікір. Алайда кітап оқу мәселесінде қатарластарының кітап таңдау талғамы мүлдем бөлек. Олар көбінесе өмірге құштарлықты арттыратын, өмірдің мәнін түсіндіретін мотивациялық кітаптарға ден қояды. Ал менімен пікірлестердің әдеби, философиялық кітаптарға деген «махаббаты» бөлек. Бірақ та мотивациялық кітаптарды құптайтын жандардың саны едәуір көбірек. Тіпті, кітап дүкендерінің төрінде аты белгілі-белгісіз жазушылардың осы бағыттағы кітаптары тұрады. Ал саналы жан иесінің талғамын тереңдететін, ой-санасын өсіретін жауһар туындылар аядай ғана бұрышта «жетімсіреп» тұрғанын көрдік. Бұл, әрине, кітап дүкендерінің оқырман сұранысына сай жұмыс істеп жатқандығының көрінісі. Алайда мына алмағайып заманда көркем әдебиет пен іскерлік әдебиеттің орнын ауыстырып алмасақ игі еді. Арзан мен маржанның, жауһар мен жылтырақтың парқын білсек керек-ті. Сонда ғана оқырманның талғамы мен таңдауыма селкеу түспей, кітапқа деген махаббатымыз мәңгі сөнбейді» [3, 4 б.].

Жастар арасында кітап оқу мәдениетін жандандыру – қоғамның рухани және мәдени дамуы үшін маңызды міндет. Заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілердің ықпалы үлкен болса да, бұл құралдарды тиімді пайдаланып, кітап оқуды трендке айналдыруға болады. Әлеуметтік платформалар арқылы кітапты насихаттау, кітапханаларды тартымды мәдени орталықтарға айналдыру, ойын форматындағы шаралар ұйымдастыру және жас авторларды қолдау – жастардың кітапқа деген қызығушылығын арттырудың негізгі жолдары болып табылады.

Лев Толстойдың «Жақсы кітап оқу – ақылды адаммен сырласқанмен бірдей» деген тұжырымы кітаптың адамның интеллектуалдық және рухани дамуына әсерін ғылыми тұрғыда түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ойға сәйкес, кітап оқу тек бос уақытты тиімді пайдалану ғана емес, сонымен қатар танымдық

және шығармашылық қабілеттерді жетілдірудің маңызды құралы болып табылады.

Зерттеулер көрсеткендей, кітап оқу адамның когнитивтік функцияларын жақсартып, аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, кітаптағы идеялар мен кейіпкерлердің тәжірибесі арқылы оқырман эмоционалдық интеллектті қалыптастырып, түрлі өмірлік жағдайларды түсінуге мүмкіндік алады. Осылайша, кітап оқу адамға ақылмен, идеялармен және көреген ойлармен «сырласуға» жол ашады, бұл оның жеке тұлға ретінде өсуіне ықпал етеді.

Жастарды тәрбиелеуде және оларды зиянды әрекеттерден сақтандыруда кітап оқудың рөлі ерекше. Ғылыми деректерге сәйкес, жастардың оқу мәдениетін арттыру – қоғамның интеллектуалдық және рухани деңгейін көтерудің маңызды қадамы. Сондықтан, заманауи білім беру бағдарламалары арқылы кітап оқудың құндылығын жастарға тиімді түрде жеткізу – қоғамның тұрақты дамуының кепілі болып табылады. Бұл үрдісті трендке айналдыру бүгінгі қоғамның алға қойған басты мақсаттарының бірі болуы тиіс.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазіргі жастар: кітап оқу мәдениеті [Электронды ресурс]: Әдеби портал. Қолжетімділік режимі: https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazirgi-zastar-kitap-oqu-madenieti__23979
2. Кітап оқу – мәдениет кілті [Электронды ресурс]: Айқын газеті. Қолжетімділік режимі: https://aikyn.kz/234740/kitap-oku-medeniet-kilti
3. Кітап оқуды қалай трендке айналдырамыз? [Электронды ресурс]: Құлан таңы газеті. Қолжетімділік режимі: https://qulantany.kz/archives/7667

Темір Жансая Тайырқызы
Құрманғазы атындағы ҚҰК
2 курс магистранты
Алматы, Қазақстан
zhansaa2606@gmail.com

Жетіген және Әзірбайжан көп ішекті аспаптары: дәстүрлер мен репертуар тоғысуы

Аннотация. Бұл мақалада қазақтың жетіген аспабы мен әзірбайжанның көп ішекті аспаптары орындаушылық ерекшеліктері тұрғысынан салыстырылып, олардың тарихи және мәдени байланыстары қарастырылады. Жетіген мен ятуган аспаптарының ортақ тарихи түп-тамыры мен дыбыстық ұқсастықтары талданады. Жетігеннің XX ғасырда қайта жаңғыртылғаны

және қазіргі ұлттық музыкалық мәдениеттегі орны айқындалса, ятуган аспабының қайта даму кезеңі басталып келе жатқаны атап өтіледі.

Ятуган аспабында қазақтың жетіген репертуарынан Нұрғиса Тілендиевтің "Аққу" күйін орындау тәжірибесі аспаптардың өзара ықпалдасу мүмкіндігін көрсетті. Сонымен қатар, канун аспабының ерекше техникалық және орындаушылық ерекшеліктері сипатталып, оның репертуары мен жетігенге бейімделу мүмкіндіктері талқыланады.

Бұл зерттеу аспаптық музыкалық дәстүрлердің ортақтығы мен өзара ықпалдастығын айқындап, түркі халықтарының музыкалық мұрасын тереңірек түсінуге үлес қосады.

Кілт сөздер. Жетіген, ятуган, канун, чанг, көп ішекті аспаптар, репертуар.

Әрбір халықтың ғасырлар қойнауынан келе жатқан, оның тарихи кезеңдерімен және мәдени дамуымен тығыз байланыста қалыптасқан рухани құндылықтары бар. Бұл құндылықтар халықтың дүниетанымы мен өмір салтын бейнелеп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып сақталып келеді. Осындай ұлттық мұралардың маңызды бөлігінің бірі – музыкалық аспаптар. Әлем халықтарының барлығында дерлік ұлттық музыкалық аспаптар елдің мәдениетімен бірге дамып, оның қуанышы мен қайғысын бейнелеп, тарихи оқиғаларды жеткізу құралына айналған.

Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарының қатарына домбыра, қобыз, сыбызғы, саз сырнай және жетіген сияқты аспаптар жатады. Бұл аспаптар қазақ халқының тарихи жолын, мәдениетін, табиғатпен үндестігін және адам жанының нәзік қырларын бейнелейді.

Қазақ халқының музыкалық аспаптары олардың қолданылу ерекшеліктерімен, жасалу техникасымен және мәдениеттегі рөлімен ұлттың тұтас болмысын айқындап, оның дүниежүзілік мәдениетке қосқан үлесін көрсетеді. Бұл аспаптар тек өткеннің белгісі ғана емес, сонымен бірге заманауи музыкада да ерекше орынға ие, ұлттық өнерді қайта жаңғырту мен сақтаудың маңызды құралына айналуда.

Музыкалық аспаптар – әр халықтың мәдениетінің ажырамас бөлігі және оның тарихи дамуының бірегей көрсеткіші. Олар дыбысталуы, орындау әдісі, құрылысы, диапазоны және басқа да сипаттамалары арқылы ерекшеленеді. Әрбір аспап белгілі бір халықтың дүниетанымын, эстетикалық құндылықтарын және өмір салтын бейнелейді. Қазақ халқының ұлттық музыкалық мұрасының бірегей элементі, көп ішекті музыкалық аспап саналатын – жетіген.

Жетіген аспабының тарихы тереңде жатыр. Оның түп-тамыры түркілік дәуірден бастау алады, бірақ бірнеше ғасыр бойы қолданылмай, ұмыт қалған кезеңдер де орын алды. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жетігенді зерттеу мен жаңғырту жұмыстары қолға алынып, қазіргі уақытта ол қазақтың дәстүрлі орындаушылық тәжірибесінде маңызды орынға ие. Бұл аспаптың ерекше дыбысталуы оның табиғаттың сұлулығын, адамның ішкі толғаныстары мен жан дүниесін нәзік жеткізу мүмкіндігін береді.

Жетігенді орындау әдістері мен дыбысталуы оның құрылымдық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Аспаптың әрбір ішегі белгілі бір дыбысты береді, орындаушы ішектерді саусақтарымен ілу арқылы ойнайды. Оның репертуары дәстүрлі күй, әндерден бастап, заманауи музыкалық шығармалар мен аспапқа арнайы жазылған туындыларға дейін кеңейіп келеді.

Қазақтың жетігені сияқты, басқа халықтарда да ұлттық мәдениеттің маңызды элементіне айналған көп ішекті аспаптар бар. Мысалы: хакастың чатхан, туваның ятаган, жапонның кото, корейдің каягым, әзербайжанның канун аспабы және т.б. Бұл аспаптардың ортақ ерекшелігі – көп ішектілік, бірақ олардың дыбысталуы, орындаушылық техникасы, репертуары және даму жолы әртүрлі. Кейбір халықтарда бұл аспаптар жоғары деңгейде дамып, ұлттық және кәсіби музыканың маңызды бөлігіне айналды, ал басқа халықтарда олар ұзақ уақыт ұмыт қалды [1,3].

Осы тұста көршілес Әзірбайжан халқының көпішекті музыкалық аспаптарына тоқталсақ. Әзірбайжан халқының музыкалық мәдениетінде көп ішекті музыкалық аспаптар ерекше орын алады. Бұл аспаптар халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әуендерін жеткізудің негізгі құралдарының бірі болған. Әзірбайжан халқының көп ішекті аспаптары, әсіресе классикалық және халықтық музыкада кеңінен қолданылып, ұлттық музыка дәстүрінің тереңдігін көрсетеді.

Әзірбайжан халқының көп ішекті музыкалық аспаптары:

Аспап атауы	**Канун**	**Чанг**	**Ятуган**
	Әзірбайжанның ең танымал көп ішекті музыкалық аспабы.	Қазіргі уақытта сирек кездесетін, бірақ Әзірбайжанның бай музыкалық тарихының бір бөлігі болып табылатын көп ішекті аспап.	Көне түркі ішекті аспабы. Орта ғасырларда Әзірбайжанда қолданылғанымен, қазіргі уақытта ұмыт қалған.
Құрылымы	Канунда 72-75 ішек болады, олар үш-үштен топтасқан. Аспаптың беткі бөлігі трапеция тәрізді, ал ішектер ағаш негізге бекітілген. Ішектер көбіне металл немесе синтетикалық материалдардан жасалады [2].	Чанг трапеция пішінді ағаш негізден және әртүрлі ұзындықтағы бірнеше ішектерден тұрады. Бұл аспаптың дыбысы нәзік әрі ерекше.	Ятуган 17-20 ішектен тұратын, қорапша тәріздес ағаш [3, 29]. Ұмыт болып кетуіне байланысты қазір қайта жасалынып жатқандықтан, бір жүйеге келтіріліп, дамытылмаған.
Орындау техникасы	Канун арнайы медиаторлармен шертеді, олар саусақтарға тағылып, дыбыстың нақтылығын қамтамасыз етеді. Әуен шертпелі техниканың нәзік қозғалыстары арқылы орындалады.	Орындау техникасы канунға ұқсас.	Салыстырмалы қарағанда, ятуган аспабының ішектері кануннан өзгеше болуына байланысты саусақтармен іліп орындалады.

Репертуары	Канун көбінесе мугам жүйесіне негізделген классикалық музыкада қолданылады. Сонымен қатар, халықтық әндер мен аспаптық шығармаларды сүйемелдеуде де кеңінен қолданылады.	Чанг көбінесе мерекелік шараларда және халықтық композицияларда қолданылған.	Аспаптың өзінің репертуары сақталмаған. Әбділқадір Марағанидің еңбектерінде кездескен аспаптың өзіндік репертуары деп 1-2 шығарма сақталған. Аспап орындаушылық тәжірибеде қолданылмайды.

Қазақтың жетіген аспабын Әзірбайжанның көп ішекті аспаптарымен орындаушылық тұрғыдан салыстырғанда, ең жақын аспап ретінде ятуганды атап өтуге болады. Бұл аспаптардың ортақ түп-тамыры олардың тарихи бірлігі мен түркі халықтарының мәдени байланыстарын көрсетеді. Мәселен, қазақтарда – жетіген, хакастарда – чатхан, тувалықтарда – чадаган, ал әзірбайжандарда – ятуган сияқты аспаптар қалыптасқан.

Жетіген этнограф Болат Сарыбаевтың бастамасымен қайта жаңғыртылып, оның дамуына бірнеше тұлғалар айрықша үлес қосты. Қазіргі уақытта жетіген ұлттық музыкалық аспаптар қатарында лайықты орын алып, халықтың ықыласына бөленіп отыр. Ал ятуган аспабы болса, ұзақ уақыт бойы ұмыт болғанымен, қазіргі кезеңде қайта жаңғыртылу үстінде. Бұл үрдіс аспаптың түркі халықтарының музыкалық мұрасындағы орнын айқындауға ықпал етеді деп күтілуде.

Ятуган аспабының репертуары әлі толық қалыптаспаған, қазіргі уақытта көне дәуірден жеткен екі туынды ғана белгілі. Бұл шығармалар туралы алғашқы деректер ортағасырлық музыка зерттеушісі Абд аль-Кадир аль-Марагидің еңбектерінде кездеседі. Зерттеу аясында ятуган аспабында қазақтың жетіген репертуарынан Нұрғиса Тілендиевтің әйгілі "Аққу" күйін орындау тәжірибесі жүргізілді. Бұл тәжірибеде жетігеннің төменгі бөлігіндегі диатоникалық және хакас бұрауы қолданылды. Ятуганда хакас бұрауы болмағандықтан, жоғары ішектер осы бұрауға келтірілді.

Аспаптың әлі толық жасалмағандығынан техникалық қиындықтар байқалды: құлақ күйінің тұрақсыздығы, ішектердің жұмсақтығы, дыбысының жеткіліксіздігі және ағаш құлақтарының кері бұралуы сияқты мәселелер болды. Соған қарамастан, жетіген репертуарын ятуганда орындаудың мүмкіндігі дәлелденді. "Аққу" күйі нәзік те сыршыл табиғатымен ятуган аспабында ерекше үйлесім тауып, Әзірбайжан халқының музыкалық мәдениетіне жаңа бояу қосты. Бұл тәжірибе екі халықтың аспаптық музыкалық дәстүрлерінің ортақтығы мен ықпалдасу мүмкіндіктерін айқындады.

Әзірбайжанның канун аспабының ұлттық музыкалық мәдениеттегі орны ерекше. Оның хроматикалық дыбыстар шығару мүмкіндігі мен саусаққа жүзік арқылы бекітілген плектормен орындалуы сияқты ерекшеліктері аспапты айрықша етеді. Канун аспабына арналған оқулықтар мен жинақтардың молдығы оның репертуарлық қорының байлығын көрсетеді. Әсіресе, мугамдар мен арнайы жазылған шығармалар оның көркемдік әлеуетін арттырады.

Канун мен жетігеннің орындаушылық ерекшеліктері әртүрлі болғанымен, кейбір шығармаларды жетігенге бейімдеу мүмкін. Мәселен, Фикрет Амировтың «Quşlar», «Məktəblilər mahnısı», «Baharimsan» және Узеир Гаджибековтың «Gülçöhrənin naləsi» сияқты туындылары жетігенде еркін орындауға болады.

Қорыта айтқанда, ятуган мен жетіген арасындағы ортақтық, сондай-ақ канун аспабының ұлттық музыкалық мұрадағы орны аспаптарды зерттеу мен олардың репертуарларын дамытудағы маңыздылығын көрсетеді.

Ятуган	*Канун*

Бүгінгі таңда жетігеннің орындаушылық мүмкіндіктері тек дәстүрлі музыкамен шектелмейді. Қазіргі заманғы композиторлар аспаптың дыбыстық ерекшеліктерін зерттеп, оны жаңа музыкалық жанрларға бейімдеуге тырысуда. Бұл жетігеннің заманауи оркестрлер мен ансамбльдерде қолданылуына жол ашты. Сонымен қатар, аспапты насихаттау арқылы ұлттық музыканы халықаралық деңгейде танымал ету мүмкіндігі туындады.

Көп ішекті аспаптар – тек музыкалық аспап ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани өмірінің көрінісі. Олардың құрылымы мен дыбысталуы сол халықтың табиғатпен, өмірмен байланысын, оның эстетикалық және этикалық құндылықтарын көрсетеді. Қазақтың жетігені мен оған ұқсас басқа халықтардың аспаптары – музыкалық мұраның сақталуы мен ұрпақтан-ұрпаққа берілуінің айқын дәлелі.

Қорыта айтқанда, көп ішекті аспаптар мәдениетаралық байланысты зерттеудің және музыкалық дәстүрлерді сақтау мен жаңғыртудың маңызды нысаны болып табылады. Жетігеннің қайта жаңғыруы мен дамуы ұлттық өнердің болашағы үшін маңызды қадамдардың бірі. Аспаптың мүмкіндіктерін одан әрі дамыту арқылы қазақ музыкалық мәдениетінің әлемдік аренада танымалдығын арттыруға үлес қосуға болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Жақыпбек Н. Жетіген үйрену мектебі. Алматы, 2011. 210 б.
2. Алиева Т. Школа кануна. Баку, 2014. 197 б.
3. Абдуллаева С. Народные музыкальные инструменты Азербайджана. Баку, 2002. 454 б.

Сандешова Арайлым Есетовна
Қазақ ұлттық өнер университеті
«Дәстүрлі жыр» мамандығы
1 курс магистранты
Астана қаласы
Araia205@gmail.com

Маңғыстау дәстүрлі музыкасының рухани негізі: рулық жүйе және дәстүрлі өкілдердің әмбебаптығы

Аңдатпа: Мақалада Маңғыстау өңірінің дәстүрлі музыкасының рухани негізінің маңызды аспектілері – шежіре, рулық жүйе және дәстүрлі өкілдердің әмбебаптығы қарастырылған. Өңірдің «Адайдың бес жүйрігі», «Адайдың жеті қайқысы», «Адай күйлері» сияқты әйгілі дарын иелерінен құрылған шығармашылық топтары мен күй мұрасының жиынтық атауы бір атадан тараған әулетті таратуға негізделген ата-тек шежіресі мен қандас-туысқандықтан да бұрын мүдделестікті мазмұндық-ақпараттықты арқау еткен ру-тайпа шежіресі арқылы сараланады (зерттеуші, ғалым-этнограф А.Сейдімбектің еңбегі бойынша). Ата-тек шежіресі туыстық және рулық жағынан сәйкестендіру ғана емес, ол – әлеуметтік мәртебе мен беделін айқындайтын ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан рухани қағида.

Мақалада, дәстүрлі қоғамның ауызекі-кәсіби өнер тұлғаларының өмірлік салты мен шығармашылығы жоғары бағаланып, ерекше құрметке ие болған «Сегіз қырлы, бір сырлы» атанған кәсіби өкілдердің шығармашылық қызметінің әмбебаптылығы деректердегі ақпарат арқылы көрсетілген. Әсіресе, «Адайдың жеті қайқы» мүшелерінің шығармашылық қызметтерінің санқырлылығы (ақындығы мен жыршылығы, әншілігі мен күйшілігі) айқындалып көрсетілген.

Кілттік сөздер: Маңғыстау өңірі, дәстүрлі музыка, шежіре, рулық жүйе, әмбебаптық, Адай руы, рухани мұра.

Қазақ халқының тарихындағы *рулық жүйе* мыңжылдықтардан келе жатқан дәстүрлі этникалық құрылымының бір бөлігі. Рулық жүйе туыстық байланыстарды сақтап, ұлттық болмыстың құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді қамтамасыз ету жолы болып табылады. Ал оның негізі шежіреден басталады. *Шежіре* – қандайда бір рудың немесе тайпаның, ұлттың шығу

тарихы. ***Белгілі зерттеуші–ғалым, этнограф Ақселеу Сейдімбек*** өзінің ***«Қазақтың ауызша тарихы»*** атты шежірелік деректерді пайымдау еңбегінде шежіренің төл ерекшелігін, оған әдеби шығармашылықтың оқшау сипаттағы үлгісі ретінде қарау керек екендігін айта отырып *«... қазақ шежіресі кімнің кімнен өрбігенін білдіретін есімдер тізбегі ғана емес, алдымен сол адамдардың мың-сан тіршілік-тынысы туралы айтылатын тарихи ақпарат тұрғысында ден қойдырады»*, – деп ойын тұжырымдайды [6, 13].

Қазақтың шежірешілдік дәстүрі: ***ата-тек шежіресі*** және ***ру-тайпа шежіресі*** болып екіге бөлінеді (Ақселеу Сейдімбек бойынша). Сөзсіз, шежіре түзудің бұл екі түрінде өзіне тән айырмашылықтар кездеседі. Оның ара жігін Ақселеу ағамыз осылай нақты түсіндіріп кетеді: *«Ата-тек шежіресі – бір кіндіктен өрбіген ұрпақты, яғни, бір атадан тараған әулетті таратуға арналса, ру-тайпа шежіресі қандас-туысқандықтан да бұрын мүдделестікті мазмұндық-ақпараттықты арқау етеді»* [6, 19]. Осыған орай мақала аясында сөз қозғағалы отырған шежіре де осы ру-тайпа шежіресінен өрбиді.

Маңғыстау өңірінің түгелдей дерлік кіші жүздің құрамындағы он екі ата Байұлының ішіндегі ***Адай руы*** екені бәріне мәлім. Бұл өңірден шыққан би-батырлар, ақын-жыраулар мен әнші-күйшілердің біразы Адай руынан тараған. Олардың қатарында әйгілі билер – *Иса Тіленбайұлы* мен *Алшын Меңдалыұлы*, жыраулар – *Қалнияз Шопықұлы* мен *Сүгір Бегендікұлы* және *күйші Есір Айшуақұлы* және т.б. тұлғалар. «Қазақ руға, тайпаға, жүзге бөлінбейді, қазақ сол ру, тайпа, жүздерден құралады» [2] демекші, халқымызда ру атын иемденуден артық атақ, мадақ, абырой болмаған. Өткен заманымызда болыс пен билер, ақын-жыраулар жиналған ортада шежіре әңгімелер көбірек айтылған [1]. Адай руы туралы көптеген атақты ақын-жыраулар өз шығармаларында жырлаған. ***Қашаған ақынның «Адай тегі» дастанында*** Адай руының тарихы, ерлігі мен елге қосқан үлесі кеңінен бейнеленген, ал ***Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян» толғауында*** Адайлардың көшпелі өмірі, азаттыққа ұмтылысы көрініс табады. Адай руы туралы жазылған жыр-толғаулар қазақ ауыз әдебиетінде тек ру тарихын ғана емес, *ел бірлігін және рухани құндылықтарды насихаттайтын мұра* болып саналады.

Адай руынан шыққан әйгілі дарын иелерінен тұратын шығармашылық топтар мен күй мұралырының жиынтық атауын келесі тізбек құрайды:

1. **«Адайдың бес жүйрігі»** – эпикалық дәстүрдің белді ақын-жыраулар шоғыры.
2. **«Адайдың жеті қайқысы»** – кәсіби ән дәстүрі өкілдерінен құрылған, ақын-әнші әрі халық композиторлары.
3. **«Адай күйлері»** – Маңғыстау күйшілік мектебінің классикалық «Алтын ғасыр» (XIX ғ.) өкілдерінің күй мұраларын белгілейтін жалпылама атау.

«Адайдың бес жүйрігі». XIX ғасырда өмір сүрген, ауыздары дуалы, Ноғайлы дәуірінің батырларын суреттейтін «Қырымның қырық батыры» жырларын жырлаған ақын-жыраулар: *Абыл Тілеуұлы*, *Нұрым Шыршығұлұлы*, *Қашаған Күржіманұлы*, *Ақтан Керейұлы* және *Аралбай Оңғарбекұлы*.

Абыл ақын. Маңғыстау түбегіндегі Бозашы мекенінде дүниеге келген. *Тегі: Адай руының Жары, оның ішінде Тоқтамыс-Табай.* Абыл ақын жайлы бізге

жеткен деректерде ақынға өнері түсі арқылы келгенін, яғни аян беру арқылы даралығын айтады [7, 30–31]. ***Нұрым жырау.*** Туған жері: Тайсойған (қазіргі Атырау облысы). *Тегі: Адайдың Жаманадай, оның Мырза деген руынан шыққан.* Нұрым жырау Абыл ақынның қасында 17 жасынан еріп, бес жыл жүріп жыр үйренген. Абыл ақын Нұрым жырауға өзінен кейін жырды, ақындық өнерді жалғастыратын жыршы, насихаттаушы болсын деп, батасын берген деп деректерде келтірген [7, 68]. ***Ақтан жырау.*** Сағыз өзені бойында (қазіргі Ақтөбе облысы, Байғанин ауданында) туып, сол алқаптағы Шибұлақ деген жерде дүние салған. *Тегі: Адайдың Кенже, оның ішінде Қойсары руынан.* Ақтан жырауды өзінің даналығымен, өлең-сөздеріндегі болжауларымен дараласақ болады. Ақтан жырауды Қашаған, Нұрпейіс секілді ұлы ақындарымыз ұстаз тұтқан [7, 142]. ***Қашаған ақын.*** Ташауыз (Түрікменстан) қаласына шектес қазақ ауылында дүниеге келген. *Тегі: Адайдың Қосай руынан. Арғы атасы Түбек.* Қашаған ақын Абыл, Нұрым, Ақтан ақындарды үлгі етіп, батасын алған. ***Аралбай ақын.*** Қазіргі Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданына қарасты Қарақұм өңірінде дүниеге келген. *Тегі: Адайдың Жары руынан шыққан.* Аралбай ақын «Адайдың бес жүйрігінің» соңғысы. Ол өзінің ойлы, айшықты толғауларымен халықтың сүйіктісіне айналған жыршы. Тіпті жыршылар Аралбайды өздері іздеп келіп, өлеңдерін сұрап алып халық арасына таратып, айтып жүрген деседі.

«Адай күйлері». Ел арасында Маңғыстау күйлерін *«Адай күйлері»* деп атайды. Оның себебі, күй авторларының басым көпшілігі Адай руынан шыққандығы. «Адай күйлерінің» орындаушылық мектептері: *«Шоңай мектебі»*, *«Жаңай мектебі»* және *«Байшағыр мектебі»* деп үшке бөлінеді.

«Шоңай мектебінің» көрнекті өкілі – ***Есір Айшуақұлы***. Ел арасында аса дарындылығы үшін «күй атасы» деп атап кеткен. Екінші орындаушылық мектеп – ***«Жаңай мектебі»***. Негізін қалаған «Адайдың жеті қайқысының» бірі ***Өскінбай Қалмамбетұлы*** – «Сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға. Ол барынша осы мектепті дамытып қалыптастырған, Түрікмен күйлерінің шебер орындаған. Маңғыстау күйлерінің орындаушылық мектебінің соңғысы ***«Байшағыр мектебі».*** Бұл орындаушылық мектептің өкілі ***Байшағыр***. Байшағыр жайлы бізге деректер аз жеткен. Оның тек Есірмен замандас өмір сүргені, түрлі өнер иелерімен кездескені жайлы жазылған [11].

«Адайдың жеті қайқысы» өкілдері Адай руынан тараған. Олар XIX ғасырда өмір сүрген, халық әнші-композиторлары: ***Жылгелді Теңізбайұлы*** (руы Медет); ***Өскінбай Қалмамбетұлы*** (руы Жаңай); ***Досат Бәймембетұлы*** (руы Мая); ***Әділ Өтеғұлұлы*** (руы Кенже); ***Шолтаман Байсарыұлы*** (руы Жары); ***Тастемір Боранқұлұлы*** (руы Тіней) және ***Тұрсын Алдашұлы*** (руы Қаржау).

Тарихқа үңілсек XIX ғасырда өмір сүрген ақын жыраулар *Кердері Әбубәкір, Кете Жүсіп* және т.б. батырларды бұрынғы заманнан келе жатқан үрдіс арқылы руымен қоса аталса, ал күйшілері мен сал-серілерін руларымен қоса атау сиреп қалған сияқты. Мәселен, *Құрманғазы, Есбай, Есір, Абыл, Тәттімбет, Қазанғап*, халық әнші-композиторларымыз *Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Мұхит, Кенен, Ақан серілер* және т.б. руымен қоса аталмай кеткен. Ал Кеңес кезінде тұлғалардың бәрі дерлік әкесінің есімімен, яғни тегімен аталатын үрдіс

қалыптасты (Құрманғазы Сағырбаев, Ақан сері Қорамсаұлы...). Қазіргі күннің өзінде де классикалық тұлғалар тегімен аталып келе жатыр.

Бүгінгі күні, ***«Адайдың жеті қайқысы»*** туралы жазылған еңбектерінде тұлғалар келесі тәртіппен атау қалыптасқанын байқадық (Медет Жылгелді, Жаңай Өскінбай, Кенже Әділ, Жары Шолтаман, Тіней Тастемір, Қаржау Тұрсын және Мая Досат). Руымен қоса атау өте орынды және дұрыс үрдіс деп есептейміз. Бүгінгі күні, бұл үрдісті Маңғыстау өңірінде сақтап келе жатқан қазіргі таңдағы дәстүрлі әндерді орындаушы – Әзімхан Адай және халқымызға танымал эстрада әншілері – Абай Бегей, Ақылбек Жеменей, Ғаділбек Жаңай және т.б. өнерпаздарымызды айтуға болады.

Жалпы, әнші-тұлғаларды ру атауларымен атауының бірнеше себебі бар:

1. *Туыстық және рулық жағынан сәйкестендіру үшін.* Қазақ даласында ру адамның кім екенін, оның қайдан шыққанын және әлеуметтік орнын анықтаудың маңызды жолы болған. Демек, халық өнерпаздарын руымен қоса атау арқылы оларды белгілі бір туыстық ортаға, тарихи қауымдастыққа жатқызған.

2. *Әлеуметтік мәртебе мен беделін көрсету мақсатында.* Әнші-күйшілерді руымен атау олардың есімін ұмыттырмай, есте сақтап қалудың бір тәсілі болған. Бұл тәсіл ұрпақтан-ұрпаққа олардың өнерін жеткізудің сенімді жолы.

Дәстүрлі қазақ қоғамында кәсіби өкілдер **шығармашылық қызметінің әмбебаптылығымен** ерекшеленді. Оларды халқымыз *«Сегіз қырлы, бір сырлы»* деп атап, өмір салты мен шығармашылығын жоғары бағалап құрметті адамдар санатына жатқызған. Сондай тұлғаларымыздың бірі, Ноғайлы дәуірінің «Қырымның қырық батыры» жырын толықтай жырлаған *руы Адай, соның ішінде Жарының Кеше руынан* ***– Мұрын жырау***. Бізге жеткен деректер бойынша *жырау* зергерлік өнерге, ұсталыққа икемі болған, бұл өнер оған әкесінен дарыды. *Мұрын жырау* 40 жастан кейін ел аралап, жыр айтуды қойып, өмірінің соңғы жылдарын әке кәсібіне арнады [6, 194]. XIX ғасырда өмір сүрген, синкреттік өнерді жалғастырушы тұлға – **Қайып** (тегі – *кіші жүздің алты ата Әлім руының Шөмекей тармағынан, Кедей руына*н) *Қайып* ақын-әнші, қолөнер шебері болған. *Қайып* ауқатты адамдарға мәсі, кебіс, етік тігіп, күнін көрген деседі [9, 150]. Ал «Шоңай мектебінің» көрнекті өкілі **Есір күйшінің** негізгі саласы зергерлік бұйымдар жасау болған екен. Жұмысынан тыс уақытта ғана шығармашылықпен айналысқан Есір жиын-тойларда да көп жүрмегендіктен шығармашылығы кең тарамаған деседі [11, 18].

Маңғыстау өңірінің нағыз *«Сегіз қырлы, бір сырлы»* таңдаулы тұлғалары – **«Адайдың жеті қайқылары».** Ел арасында осындай даңққа иелену Мамыртай ауылының үлкен бір асында өткен өнер сайысымен байланысты. Қазылық құрған өңірдің әйгілі биі – Жаманқара-Иса Тіленбайұлы. Жарыс қорытындысы ретінде бас бәйге Жылгелдіге беріледі, бірақ бидің шешіміне көңілі толмаған жұртшылық, наразылық танытыды. Адайлардың ешкімге қарамай тік, тура айтатын қасиетімен, халық бас бәйгені Өскінбай алуы тиіс екенін айтып, оған әбден лайық екенін айтады. Асқа келген, ондағы өнер сайысын тамашалаған

халық риза көңілмен тарасып, жеті өнерпазға «Адайдың жеті қайқысы» атағын берген деген тамаша дерек бар [3;10, 7-8].

Жалпы, *«қайқы»* сөзі Арқада *«сал-серіні»* білдірсе, Сыр бойында осындай ерекше тұлғаларды *«сүлейлер»* деп атаған. *«Адайдың жеті қайқылары»* туралы бірнеше деректерде бір-бірін толықтыратын анықтамалар берілгенген. Бірінде: «Маңғыстау жерінде де әншілердің ішінде озық, шашасына шаң жұқтырмас дүлдүл, дауысының кеңдігі ұлан-ғайыр, тек ән өнерімен ғана шектелмей, оған қоса өзінің де шығармашылық, ақындық қасиеті бар, қатарынан озған тума дарын иелеріне ғана берілетін теңеу» деп берілген [10; 3], ал келесінде: «Қайқылар»... элиталық әскери одақтардың өкілдері, керемет дауысы, музыкалық таланты ғана емес, сонымен қатар тарихы, дәстүрлері, этикеті, сыртқы келбеті жақсы қалыптасқан, жомарт, асыл және т.б. терең білімі бар әншілер» (аударма) деп баға берген [5]. Демек, *«Адайдың жеті қайқысының»* басты ерекшелігі олардың жан-жақтылығында – ***шығармашылық қызметінің әмбебаптылығында****:* әншілік, ақындық, жыршылық пен күйшілік өнерлерін бойына жинаған саңлақтар екендігінде. Мәселен, **Медет Жылгелді** тек қана ақын-әнші емес, айтулы жыршы және күйші болған. Медет Жылгелді жайлы Маңғыстау кентіндегі Баянды аулының тұрғыны Үбәйдолла Қасжанұлынан жазып алған деректерден Жылгелдінің шығармаларын жас кезінде руы Жанақ Досжанұлы Тәжбен ақыннан жазып алыпты. Тәжбен ақын Жылгелдінің *«Жұт итке» толғауын* бізге жеткізген [4]. Медет Жылгелдінің бізге *«Құнан нар»* мен *«Сағыныш»* әндері ғана жетіп отыр. Бір деректерде **Қаржау Тұрсынның** күйші болғанын жазып кеткен. Тұрсынның домбырада шебер ойнағаны соншалық ел ішінде *«Адайдың ілме қағысы»* дегенімен қоса *«Тұрсын қағысы»* деген қағыс түрі бар екенін жазған. Бұл қағыстың өзі бір әуен іспетті. Яғни, Қаржау Тұрсын өзінің стилінің ерекшелігін қалыптастырғанын аңғарамыз [9, 9]. Қаржау Тұрсынның бүгінгі күні бізге *«Көлқайнар»* және *«Айырық»* деген әндері жеткен. Қайқылардың ішіндегі санқырлы тұлға – **Жаңай Өскінбай**. Ол *«бойына тоғыз өнер тоғыстырған»* ақын-жыршы, әнші-күйші және саятшы. Өскінбайдың мұралары ұлы ***Мұрат Өскінбайұлы*** арқылы жетті. Бүгінгі күні бізге *«Жеті бұлбұл»*, *«Кербез Айша»*, *«Жирен жорға»* атты әндері жетті. Өскінбайдың айтыс және жыраулық өнерін айта керу керек. Өскінбайдың *«Балқысым биді жеңуі», «Бурабек, ЫІрзабек байларды әшкерелуі»*, *«Алмағамбет байды тілдеуі»* секілді терме-жырлары жеткен [8, 203]. «*Жігітке жеті өнерде аз*» демекші Өскінбайдың тағы бір өнері – күйшілігі. күй атасы Абылдың және басқа да күйшілердің күйлерінен сусындап өскен Өскінбай Маңғыстаудың *«Жаңай» күйшілік мектебін* қалыптастырды. Жеткен күйлері: *«Бұлбұл Ақжелең», «Бала Науаи», «Айша Кербез», «Ноғай сазы», «Қазақ Ноғайдың айырылысуы»*, *«Құлан сарыны», «Бал ноғай сазы», «Өмір өтті»* және т.б. күйлер [10, 10].

Жалпы, бүгінгі күні *«Адайдың жеті қайқысының»* өмірбаяны мен шығармашылығына байланысты деректер өте аз сақталған. Оған себеп, халықтың мұң-мұқтаждығын жырлап, әділетсіздікке қарсы күрес жүргізіп, әлеуметтік теңсіздікті жырлағандары үшін тұлғалардың патшалық Ресей билігі тарапынан қуғынға ұшыруы. Мәдениеттанушы ***Зира Наурызбаева*** Маңғыстау өңірі өкілдерінің ауыр тағдыры жайында өзінің ***«Ревитализация***

традиционного музыкального наследия» мақаласында жазып кеткен: «1928-1930 жылдары антисоветтік көтеріліс жеңілгеннен кейін Адайлардың көп бөлігі ОГПУ кордондарын бұзып өтіп, Түрікменстан, Қарақалпақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Иран, Сирияға қоныс аударды» [5]. Осы кезеңдерде тұлғалардың көбі егде жасқа келген қариялар еді. *«Адайдың жеті қайқысының»* ішінен *Жары Шолтаман, Тіней Тастемір* және *Жаңай Өскінбай* ғана өз өлімімен дүниеден өткен. Ал *Мая Досат* пен *Кенже Әділ* тұтқынға түсіп, түрмеге жабылды. Алайда оларды сол жердегі руы Жайылған (Тобыш) ОГПУ қызметкері Төленов Шоқан деген кісі құтқарып алып, босатып алған [10, 53]. Бірақ олар көп ұзамай қайтыс болып, *Кенже Әділ* отбасына да жете алмай өмірден өтті. *Медет Жылгелді* болса қуғын-сүргінге ұшырап, көтерілістен кейін туыстарымен бірге қоныс аударып, 1938 жылы Түрікменстанда қайтыс болды [5].

Бұл қиын кезең тек «Қайқылардың» басында ғана емес, осы заманда өмір сүрген басқа да өнер иелерінің өмірінде де орын алды. Маңғыстау өңірінің атақты халық әнші-композиторлары *Қожантай Қойбас*, *Құрмаш Қосжанұлы*, *Жеменей Бораш*, *күйшілер Мұрат Өскінбайұлы, Шамғұл Ыбырайым* түрмеге қамалып, кейбіреулері жер аударылды. Міне, осы зар заман кезеңінің нәтижесінде Маңғыстау өңірінің бай мұрасы бізге толығымен жетпеді. Кейбір ақын-жырау, әнші-күйшілеріміздің мол мұрасынан тек санаулы шығармалары ғана жетті [5].

Қортындылай келе, ***Маңғыстау өңірінің дәстүрлі музыкасының*** көп зерттелінбей, тасада қалып қалатын тұстары көп екенін, әлі де зерттеу жұмыстарын қажет ететінін аңғардық. Маңғыстау өңірінің халық композиторларының мұраларын жүйелі қарастыру, олардың шығармаларын кеңінен насихаттау және өңірдің көп естілмей, тіпті орындалмай жүрген мұраларын жаңғырту арқылы *Маңғыстау өңірінің тұтас мәдениетінің* – ән, жыр және күй өнерінің даралығын айқындау сияқты зерттеу жұмыстары ауадай қажет. Бұл дәстүрлі музыканың ортақ зерттелу нысаны десек те болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Демесінұлы Көпбол. Адай тарихын екімыңжылдықтан әрі іздеу керек. Сұхбат. URL: https://abai.kz/post/14218
2. Жаһан Г. «Ру» дегеніміз не? Мақала. URL: https://qamshy.kz/article/45602–ru–degenimiz–ne
3. Жаңбыршы А. Адайдың ырғамасы. Алматы: Нұрлы әлем, 2005. 176 б.
4. Жылқышиев Ж. Тіл таңбалы Адайдың ақындары. І-кітап. Алматы: Жазушы, 2006. 528 б.
5. Наурызбаева З. Ревитализация традиционного музыкального наследия. Мақала URL: https://otuken.kz/revital/
6. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Астана: Фолиант, 2008. 728 б.
7. Сыдиықұлы Қ. Ақын жыраулар. Алматы: Ғылым, 1974. 238 б.
8. Сыдиықұлы Қ. Ақберен. Алматы: Жазушы, 1972. 221 б.

9. Сыдиықұлы, Қ. Елеулі есімдер, бағалы басылымдар. Алматы: Информ–А, 2001. 335 б.
10. Тілегенов А.Ж. Адайдың жеті қайқысы. Алматы: ЖАҚ РОСТ, 2000. 64 б.
11. Утегалиева С. Мангыстауская домбровая традиция: учебное пособие. Алматы: КНК им. Курмангазы, 1997. 55 б.

Сәдуақасова Іңкәр
Қазақ ұлттық өнер университеті
«Музыкатану» II курс, Магистратура
Астана, Қазақстан
inkar-saduakasova@mail.ru

Ғылыми жетекші:
Альпеисова Гульнар Туякбаевна
Өнертану кандидаты,
ҚазҰӨУ-нің профессоры
Астана, Қазақстан
galpeissova@mail.ru

Махамбеттің күйшілік өнері
(Махамбеттің 220-жылдығы аясында)

Махамбет Өтемісұлы есімі қазақ халқының тарихында қайраткер тұлғалар қатарында өзінің орнын берік табады. Оның өмірі мен шығармашылығы әділдік, теңдік, бостандық тақырыбында өрбиді, қазақ халқының азаттық жолындағы күресімен мағыналас. Азаттық жолындағы күресті қайсар басшы, ағасы және досы Исатай Тайманұлымен бірге жүргізеді (1791-1838).

Махамбет Беріш руынан шыққан батыр, қолбасшы, білімді (медресені бітіргеннен кейін оқуын Орынборда жалғастырды), орысша, арабша, татарша сауатты, ақын, жырау, шешен, термеші, күйші.

Ел аңыздарында Махамбеттің жас кезінен балуан, мерген болғандығы айтылады. Қазақтың санасын қараңғылық басқа кезеңдерде өзге орыс, татар, тілдерін игеріп, ғылым іздеп, сауатты болу өте сирек еді. Ондай адам өз ортасының ұлттық шеберінде қалып қоймайды, басқа жұрттарды жатсынбайды. Махамбет те орыс жұртымен ерте араласып кетсе керек, бұл оның азаматтық өмір салтын қалыптастыруға үлкен әсер етеді, сол кезеңдегі қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздікке, әкімдердің озбырлығына көзін ашады, жан дүниесінде әлі санамен өлшенбеген және әділетсіздік пен қатыгездікке қарсы айқын қарсылықтың оянуына себеп болды.

Махамбет тұлғасы әлі күнге дейін гуманитарлық зерттеулерде ғылыми қызығушылық туғызады. Оның тарихтағы орны мен ақындық шығармашылығы

халыққа танымал және кең қарастырылған. Ал күйлері өз туған өңірінде белгілі болса, бергі уақыттан бастап зерттеу нысанына айналды. Бұған себеп Қ. Ахмедияровтың Махамбет күйлерінің аудио және нотаға түсірілген жинағының шығуы ықпал етті. Биыл, Махамбеттің 220-жылдығы қарсаңында оның тұлғасына бет бұру жұмыстың өзекті етеді.

Казақтың күй өнері қазақ халқының үлкен бай мұрасы. Бастапқыда фольклорлық, содан кейін күйшілік мектеп, кәсіби-жеке стиль қалыптасты. Оның дамуының шарықтау шыңы XIX ғасырға келеді. Экранда көрсетілген күйшілермен қатар (Байжігіт, Құрманғазы, Дәулеткерей, Абыл, Қазанғап, Тәттімбет т.б. көп) Махамбет тұлғасы қомақты орын алады.

Филологтар Х. Досмұхамедұлы, М.Әуезов, А. Сейдімбековтың жұмыстары мен энциклопедияларда Махамбеттің атақты күйші болғаны білінеді. Махамбет жайлы Махамбеттану ғылымының негізін салушы Халел Досмұхамедұлы «Алып ақын, домбырашы», М. Әуезов «Махамбет әрі батыр, әрі ақын-жырау, әрі домбырашы» [1], А.Сейдімбеков «Махамбет күйлері оның поэзиясының саз-сарынға айналған түрі» [2, 372-373], Ә. Кекілбаев «Алдымен Махамбет болу қиын, ал Махамбет болған соң ақын, батыр, күйші болу да оңай сияқты» деп жазады [3, 3].

Махамбет күйшілік өнері туралы музыкатанушылар А. Жұбанов, Г. Омарова, С. Утегалиева, Райымбергеновтар еңбектерінде кішігірім мәліметтер беріледі.

Махамбет күйлерін тартып, бүгінгі күнімізге ауызша жеткізген есімдер Сүйінбеков Оразғали (Орал облысы, Чапаев ауданы), Жұмашев Өтеген (Орал облысы, Жәнібек ауданы), Бозаев Көшәлің (Атырау облысы, Қызылқоға ауданы), Иманбаев Қанаш (Орал облысы, Тайпақ ауданы). Осы домбырашылардан Махамбет күйлерін ерінбей жинап, зер таспаға, магнитофон лентасына жазып, күй аңыздардан хатқа түсіруде Ысмағұлов Мұстафа мен Көшекбаев Нәубет, Асхан Серікбаев, Исатай Кенжалиев айрықша еңбек сіңірді. Кейін Көшекбаев пен, Ысмағұлов Махамбеттің бүгінгі күнімізге жеткен күйлері жазылған зертаспаны атақты домбырашы Ахмедияров Қаршымбайға табыс етті. Содан «Шашақты найза, шалқар күй» деген атпен 1982 жылы кітап жарық көрді. Қаршымбай күйлерді үлкен сахналарда тартып, жұртшылыққа таныстырды. Махамбет күйлерін ел ішінен жинап, нотаға түсіруге алғашқы атсалысқандардың бірі белгілі музыка зерттеуші Тмат Мерғалиев есімі белгілі. Махамбет шығармашылығын зерттеушілердің бірі Исатай Кенжалиев (1927 ж. туылған) - ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты, Қаныш Иманбаевтан 11 күйді магнитофонға жазып алып, М. 200 жылдығына арнап «Махамбеттің күйлері» (2003) жинақ етіп шығарған. Кенжалиев Исатайдың[27] айтуынша, қәзірге дейін

[27] Махамбет тақырыбымен байланысты 1974 ж. «Махамбет», 1975 ж. «Исатай Тайманұлы», «Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары» (2000), «Бөкей облысы»(1901-1925 ж.), Махамбеттің 200 жылдығына арналған «Махамбет Өтемісұлы» атты монографиясының авторы.

Махамбеттің 17 күйі белгілі болып отыр, кейбір деректерде 20-ның үстінде делінген [4].

Қ.Ахмедияровтың жинағында Махамбеттің 7 күйі беріледі. Жинақ мазмұны алғы сөзден (Әбіш Кекілбаев), Көшекбаев пен Ысмағұлов жазған күйлер тарихының берілуімен, күйлердің нотасы және күйлерге кішігірім талдаулар жасалынуынан тұрады. Жинақтағы 7 күйлер Ахмедияровтың өз орындауында аудиожазуда бар.

Күйлердің құрылымын талдауда қазақ күйшігінде бекітілген Б.Аманов мен А. Райымбергенов кеңейткен әдісі негізге алынды.

Жинақтағы Махамбеттің 7 күйі транспозициялық, буындық және біріктірілген құрылымды болып табылады.

Транспозициялық	1) 2)	Исатайдың Ақтабаны-ай Өкініш
Буындық	1) 2) 3) 4)	Шілтерлі терезе Жайық асу Жұмыр, Қылыш Қайран, Нарын
Біріктірілген	1)	Қиыл қырғыны

Кесте 1. Махамбеттің жинақтағы күйлерінің құрылымы.

Махамбет шығармасындағы мазмұны, айтпақ идеясы да өзі өмірін арнаған көтеріліс щындығымен, халықтың арман-тілегімен, Исатай батырдың ерлігін дәріптеу, үлгі ету мақсатымен тағыз байланысып жатыр.

Ерекше дарын иесі Махамбеттің тұлғалық болмысы батырлық, поэзия мен күй шығармашылығы тығыз байланыста өрбіген. Сондықтан, тарихи мазмұн, поэтикалық бейнелеу композицияны аша түседі.

Махамбет күйлері Батыс дәстүрлі күйшілік мектептің ерекшеліктеріне сай келе, оны әрі қарай байытады әрі кеңейтеді. Эпикалық қуатты бейнелер өзінің шегінен асып түседі. Транспозиция құрылымды шығармаларда саға бөлімі қосылады, буындық құрылымның саға бөлімінде пернеден аса түседі. Секвенциялық қозғалыстардың көп екендігі байқалады. Күйлерді талдай келе, Махамбеттің өткір қисынын, терең ойлығын байқайсың. Күйлерінің композициясы дәстүрлі бөлімдер сақтай тұра, ішкі интонациялық дамуы бай, нақты логикалық құрылымды, тақырыптар шеңбері кең болып табылады. Махамбет Батыс күй өнерінің дәстүрлерін дамытып, Құрманғазы шығармашылығына ықпалын тигізеді.

Махамбет тұлғасының бейнесі жалпы адамзаттық құндылықтарының шеңберінде өтіп, маңызды орын алады. Солардың қатарында, туған жер, Отан, ел тарихы, қара шаңырақ, халық, мәдениет пен өнер, дүние деген қасиетті ұғымдарда жанын пида етеді. Осы құндылықтарды әрдайым жанында ұстап, өмірін сарп етіп, шығармашылығына арқау еткен батыр Махамбеттің есімі азамат, тұлға ретінде тарихта ұрпақтан-ұрпаққа тарала береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Махамбет // Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы. Т. 15. Мақалалар, зерттеулер. 1984. 262-272 б.
2. Сейдімбеков А. Қазақтың күй өнері. Монография. Астана: Күлтегін. 2022. Б. 363-380.
3. Махамбет күйлерінің ноталары: Ахмедияров Қ. «Шашақты найза, Шалқар күй». Алматы: Өнер, 1982. 55 б.
4. Кенжалиев И. Жігерлі күйлер. «Қазақ әдебиеті», 1979, 10 қазан // URL: https://dereksiz.org/isataj-kenjaliev.html?page=12
5. Омарова Г. Казахский кюй: культурно-исторический контекст и региональные стили: Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора искусствоведения. Ташкент, 2012. С. 24
6. Тоқтаған А., Әбуғазы М. // Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі антологиясы. Алматы, 2010.
7. Утегалиева С., Сеитова З. Исполнительское и композиторское творчество К. Ахмедьярова // Музыка Казахстана: композитор, произведение и исполнитель: Межвузовский сборник научных трудов. Астана: Евразийский государственный университет им. Л.Н.Гумилева, 2001. С. 22.
8. Райымбергенов А., Райымбергенова С. Күй төресі Қазанғап. Алматы, 2022. 464 б.
9. Халидуллин Ғ. Біз Махамбет Өтемісұлының күйшілік өнері туралы не білеміз? // Электрондық нұсқа: www.rusnauka.com/30_PERNR_2014/Politologia/1_177260.doc.htm (Қарастырылған күні 11.04.2022)
10. Қазтуғанова А. Қазақтың арнау күйлері (жанр және стиль мәселелері). Монография. Алматы, 2008. 248 б.
11. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі. Алматы: Дайк-Пресс, 2002.
12. Аманов Б., Мұхамбетова Ә. Дәстүрлі қазақ музыкасы және XX ғасыр. Қазақ тіліне аударма. Астана: Мастер По, 2013. 332 б.
13. Шегебаев П. Домбровые кюи Западного Казахстана: традиционная форма и индивидуальный стиль: Методическое пособие. Астана, 2015. 105 с.
14. Өтемісұлы Махамбет. Жыр жебе. Алматы: Дайкпресс, 2003. 210 б.
15. Есенұлы А., Елеусізқызы Г. Күй керуені /А.Есенұлы., Г. Елеусізқызы Алматы: Өлке, 1997.160 б.
16. Мерғалиев Т., Бүркіт С., Дүйсен О. Қазақ күйлерінің тарихы. Алматы, 2000.
17. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. Алматы: Арыс, 2002.
18. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1992.
19. Анимациялық фильм Mahambet - QİYL QYRĞYNY (2023). Tasqyn Studio // URL: https://www.youtube.com/watch?v=Bv1BDE_sGQM

Мұратбекова Назира
Бакалавриат студенті
«Дирижерлеу» кафедрасы,
Қазақ ұлттық өнер университеті
Қазақстан, Астана қаласы.
muratbekova.nazira.02@mail.ru

Ғылыми жетекші:
өнертану ғылымдарының магистрі
Бухвалова М.В.

Сергей Иванович Танеевтің хор шығармасы «На могиле»

Аңдатпа: мақаланың мақсаты – С. И. Танеев шығармашылығында кездесетін композициялық әдістермен танысу. В. Шебалин «На могиле» (Қабірде) әні зерттеледі. Шығарманың жазылу тарихы мен орындаушылық практикасыталданады. Зерттеудің басты мақсаты орыс хор мәдениетіндегі С. И. Танеевтің музыкаларының маңызын көрсету. Осыған сәйкес келесі міндеттер қойылады: С. И. Танеевтің қысқаша өмірбаянын зерттеу; С. И. Танеевтің хор шығармашылығын саралау; «На могиле» (Қабірде) шығармасы негізіндеөңдеулерінің ерекшелігін көрсету.

Кілт сөздер: Танеев, хор, музыка, шығарма.

Сергей Иванович Танеев (1856–1915) – орыс музыкасының көрнекті өкілі, композитор, пианист және педагог, өзінің терең теориялық білімі мен полифониялық шеберлігімен танымал. Оның вокалдық және хор жанрындағы шығармашылығы орыс музыкасына елеулі үлес қосты және өзінің көркемдік мәнерлігімен, музыкалық құрылымының айқындығымен ерекшеленеді.

Хор жанрындағы шығармашылығы: Танеевтің хор шығармалары – оның музыкалық мұрасының маңызды бөлігі. Композитор хор музыкасының құрылымдық және полифониялық мүмкіндіктерін терең зерттеді. Танеев хор музыкасының негізіне полифониялық құрылымды қойып, әр дауыс партиясының өзара үйлесімін шебер көрсетеді. Оның шығармалары көбінесе контрапункттің (полифониялық дауыс жүргізу) күрделі әдістеріненегізделген.

Танеевтің хор шығармаларында рухани мазмұн менфилософиялық ойлар ерекше орын алады.Ол орыс православиелік музыкасының дәстүрлерін зерттеп, оны заманауи стильмен үйлестірді. Бұл әсіресе оның Я. П. Полонскийдің өлеңдеріне аралас дауыстарға арналған он екі капелла хоры және кантата жанрындағы шығармаларында көрініс тапты.

Туынды үлгілерінен «Иоанн Дамаскин» кантатасы – Танеевтің ең танымал хор шығарһмаларының бірі. Бұл туындыда православиелік гимндер мен еуропалық полифониялық стиль шебер үйлесім тапқан.Оның хор

шығармаларында өмірдің мәні, адамгершілік, рухани ізденіс секілді тақырыптар жиі қозғалады.

Вокалдық және хор музыкасының негізгі ерекшеліктері. Музыка мен поэзияның үйлесімі: Танеев поэзияның терең мазмұнын ашуға ерекше назар аударған. Ол мәтінді тек музыкалық негіз ретінде емес, оның драматургиясын толықтыратын құрал ретінде қабылдады.

Полифониялық шеберлік: Оның шығармалары Бахтың және батыс еуропалық полифониялық дәстүрлердің ықпалын көрсетеді. Философиялық мазмұн: Танеевтің вокалдық және хор шығармаларытек эстетикалық қана емес, интеллектуалдық тұрғыдан да терең көрсетіледі.

Сергей Иванович Танеевнің «На могиле» (Қабірде) шығармасы – оның вокалдық туындыларының бірі, терең ойға, философиялық мазмұнға және эмоциялық әсерге толы. Бұл шығарма орыс романтизмінің бай дәстүрлерін көрсетіп, Танеевтің терең полифониялық шеберлігі мен музыкалық философиясын бейнелейді.

«На могиле» шығармасы – бұл терең философиялық және эмоциялық мазмұнға толы романс. Шығарма адамның өмір мен өлім туралы ойлары мен сезімдерін бейнелейді. «На могиле» өлеңі және музыкасы адам өмірінің өткіншілігі мен өлімнің мәңгілік тыныштығын ой елегінен өткізетін философиялық туынды болып табылады. Осы шығармамен Танеев өлімнің тек биологиялық қыры ғана емес, оның рухани және философиялық жағын да зерттелінеді.

Шығарма өлім туралы ойлардан басталып, оны тыныштық пен мәңгілік тыныгумен салыстырады. Бұл тақырыпта композитор өмірдің өткіншілігі мен адамды еске алу маңыздылығын терең көрсетеді. Өлім тақырыбы мен бірге шығарманың негізінде еске алу идеясы жатыр. Мұнда адамның өмірі мен оның өліміненкейінгі мәні туралы терең толғаныстар бар. Шығарма өмір мен өлімнің өткіншілігіне деген мұң мен ойлауды көрсетеді. Сонымен қатар, өлімнен кейінгі тыныштық пен тынышталған жағдай туралы да терең ойлар бар. Өлім – бұл тек жоғалту емес, сонымен бірге өткен өмірдің мәні мен маңызын іздеу және еске алу процесі. Шығарма Танеевтің өз уақытындағыорыс музыкасының терең ойлы, эстетикалық және эмоционалдық мәндерінбейнелейді.

